

43. Қазақ хандығының қайта өрлеуі. Хақназар ханның билігі.

Тарихта 1523-1538 жылдар қазақ хандығының **уақытша әлсіреу кезені** деп аталады.

Осы тұста таққа Қасым хан ұлы Хақназар хан келеді-

1538-1580 жылдары отырды.

Кейбір деректерде Акназар депте атайды.

Хақназар қырғын соғысты болдырмай, дипломатиялық әдістерді тиімді пайдалан білді.

Бұл оның басқа хандардан ерекшелігі.

Хақназар хан кезінде территория Свердлов, Арал,

Жетісу толығымен, Жайық сол жағалауға дейін жетті.

Хақназар хан маңызы

-территория ұлғайды

-жеке жара мемлекет ретінде

танымал бола бастады

-билік күшейді

-ішкі және саяси жағдай

тұрақталды

-мал шаруашылығы көркейді

16 ғ. 2 ж. әлсіреген хандықты біріктіруде Қасым ханның баласы Хақназар өз үлесін қосты. Ноғай Ордасындағы алауыздықты сәтті пайдаланған ол, Жайық өзенінің сол жағындағы жерді қосып алды.

Оның тұсында Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген Моғол ханы Абд-Рашидке қарсы ұтымды күрес жүргізілді. Хақназар өзара тартыста өзбек ханы

Абдулланы қолдау арқылы Сыр бойындағы қалаларды (Сауран, Түркістан) өзіне бағындырды.

Оның Абдулламен

байланысынан қорыққан

Ташкенттің ұлыстық әміршісі Баба сұлтан жансыздары арқылы Хақназарды у беріп өлтірді.

Қасым ханның баласы Хақназар хан (1538-1580) тұсында Қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түсті. Ол хандық билікті нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсады. Өзінен бұрын бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктірді. Хақназар қазақ-қырғыз одағын одан әрі нығайтты, сол заманның тарихи деректерінде оны **«қазақтар мен қырғыздардың патшасы»** деп атады.

Хақназар хандық құрған кезде Қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар болып жатты.

Мемлекеттің солтүстігінде Ресей өз иеліктерін қазақ даласына едәуір жылжытты. Қазан мен Астраханьды басып алғаннан кейін Еділ өзенінің барлық аңғары Ресейдің қол астына кірді. Башқұрт және Сібір хандықтары Ресей құрамына енгеннен кейін, ноғайлар Қазақ хандығының солтүстік-шығысына ығыса бастады. Олар Еділден Ертіске дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрді. Башқұрттар мен Сібір татарлары да қазақ жерлеріне енуін тоқтатпады.

Сырдарияның төменгі ағысына қарақалпақтар келе бастады. Еділ мен Жайық арасындағы өңірді мекендеген Ноғай ордасы ыдырай бастады. Ноғай одағы ыдырап, ауыр дағдарысқа тап болды. Оған қарасты көшпелі тайпалардың

бір бөлегі Қазақ хандығына келіп қосылды. Хақназар Ноғай Ордасының көп ұлысын өзіне қаратып алды. Сөйтіп, XVI ғасырдың 60-жылдары Ноғай Ордасы ыдырап, бұрын оған қараған қазақ тайпалары және олардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Бұрын Ноғай Ордасының астанасы болып келген Сарайшық қаласы да Қазақ хандығына өтті. Бұл жағдай Қазақ хандығының солтүстік-батыс және солтүстік жағындағы жағдайда өзгеріс тудырды. Орыс мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы кең өңірді алып жатқан Ноғай Ордасының ыдырауы, оның бір бөлігінің Қазақ хандығына қосылып, енді бір бөлігінің орыс патшасына бағынуы, шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс мемлекетінің шекарасын Қазақ хандығына жақындата түсті. 1563 жылы Сібір хандығының билігіне келген Көшім хан Қазақ хандығына дұшпандық саясат ұстанды. Оның үстіне моғол билеушілері мен қазақ хандары арасында да қақтығыстар болып тұрды. Осындай күрделі жағдайларда Хақназар хан Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертті. Өзінен бұрынғы қазақ хандары үнемі жауласып келген Мауераннахрдағы шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Сөйтіп, шайбанилық Бұхара ханы Абдолла II-мен одақтық келісім-шарт жасасты. Соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады, қазақтардың Орта Азия

халқымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланысы жиіледі. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға, шаруашылық өмірдің оңалуына тиімді болды. Қазақ хандығы нығайа түсті. Бірақ Хақназар ханды 1580 жылы Абдолла ханның қарсыласы Ташкент билеушісі Баба сұлтан астыртын өзінің адамын жіберіп өлтіртті. Қадырғали Жалайырдың айтуынша «Оның да атағы мен абыройы туралы көп айтылады. Алайда **Хақназар хан өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған»**

2. Жартасқа сурет салу өнері – петроглифтер (Мыңшұңқыр, Өлеңті, Еңбек, Тесіктас, Шатыртас, Ақбидайық, Ақбауыр, Баянжүрек)

Өнердің көне ескерткіштері Қазақстанның барлық аймақтарында, әсіресе, *Жетісу, Баянауыл, Қарқаралы, Маңғыстау, Қаратау, Шыңғыстау, Іле Алатауы, Тарбағатай, Алтай тауларында жартас гравюралар жиі кездеседі. Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мұрасы – көне заман жайында дерек беретін жәдігер. Петроглиф (лат. петро — тас және грек. глиф — жазу) — тақтатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер.*

3. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі.

Осыдан 5000 жыл бұрын адамдар мыс өндеуді

үйрене бастады және мыстан жасалған құралдарды өндіріске енгізді. Бірақта металл тас құралдар қолданыстан шығып кеткен жоқ. Яғни тас пен мыстан жасалған құралдарды қолданған кезең бізде энеолит деп аталады. Бұл кезең б.з.б 3-2 мың(3000-1800) жыл аралығын құрайды. Осы кезеңде ең алғаш қолданылған металл "мыс" болып табылады. ("Энео" мыс, "литос"-тас деген мағынаны білдіреді.) Мыс-тас дәуірінде екі ірі өзгерістер орын алды. Ең біріншісі аналық рудың(матриархат) орнына аталық ру (патриархат) қалыптаса бастады. Себебі сол кездегі егіншілік және мал шаруашылықтары, металлды(мысты)өндеу көп күшті талап етті. Осының арқасында аталық ру қалыптасып, еркектердің рөлі арта бастады. Адамдардың даму барысында еңбек құралдарын үнемі жетілдіріп отырды. Адамның жасағаны, ойлап тапқаны бәрі еңбек өнімі деп аталды. Тесені тас тісті ағаш соқа алмастырды, нәтижесінде еңбек өнімділігі арта түсті. Энеолитте қайтыс болған адамды қоныстың шетіндегі зиратқа жалғыз жерлеу, сонымен қатар қайтыс болған адамның бейнесін (маскасын) жасау дәстүрлері кездесті. Энеолит кезеңінде жаңадан діни түсініктер қалыптаса бастады. Мысалға анемизм ,тотемизм,фетишизм,магия секілді ұғымдар қалыптасты.Қысқаша айтып кетсек “анемизм” жан мен рухтың

барлығына сену, ”тотемизм” адамдардың шығу тегін табиғатпен (жануарлар мен өсімдіктер) байланыстыру ,”фетишизм” байырғы адамдардың белгілі бір материалды затты ерекше қасиетті деп табынуы. Діни түсініктердің пайда болуын неандертальдықтардың жерлеу ғұрпынан байқауға болады .Олар өлімді мәңгі ұйқыға кету деп түсінгендіктен , адамды бір қырынан жатқызып, бір қолын басының астына салып жерлеген . Адамның маңайына киіктің мүйізін айналдыра қойған. Алғашқы адамдар бүкіл табиғатты жанды деп ойлаған.Күн мен айды Құдай деп табынған. Қайтыс болған адамдардың жаны аруақ денеден бөлек өмір сүреді деген.Ата-баба аруағына сиынып,оларға арнап құрбандық шалған.Адамдар табиғаттың дүлей құрылыстарынан өздерін сақтау үшін әр түрлі әрекеттер жасаған. Құлшылық еткен, құрбандық еткен билеген . Осының бәрі магиялық әрекеттер.Энеолит ескерткіштеріне Ботай және Шебір тұрағы болып табылады. Қола дәуірі б.з.б 2-1 мың жыл аралығын қамтыды.Осы кезеңде адамдар қалайыны ашты,оны мыс пен қосу арқылы “қола” алынды. Қола еңбек құралдары еңбек өнімділігі арттыруға ықпалын тигізді.Мысалы тас балтаға қарағанда қола балтамен ағашты үш есе тез шабуға мүмкіндік туды.Қоладан жасалған құрал саймандар: балта,пышақ,қанжар,

жебе және найза ұштары, қайла, әр түрлі әшекейлер жасалды. Ағаштан үй салу, жиһаз, соқа, дөңгелек, жасауға жеткізді. Металл құралдарды пайдалану дөңгелекті ойлап табуға және дөңгелекті кеңінен пайдалануға әкелді. Ал дөңгелек көлік адамзат баласының ерекше жетістіктерінің бірі болып саналады. Қола дәуірінде тұрғындар рулық тайпалық құрылымында өмір сүрді. Алғашқы қауымдық құрылыстың қола дәуірінің соңына қарай ыдырай бастауы басталып, қауым мүшелерінің малы көп байлар, соғыспен байыған қолбасылар шыға бастады. Малды туысқандар арасында бөлісу жеке меншікке әкелді. Көшпелілер малды өз меншігіне иеленіп, ал жер қауымның, рудың меншігінде қалды. Мал мүлік теңсіздігі шығуы барған сайын орнығып, әлеуметтік теңсіздік туғызды. Қола дәуірінде діни-наным сенімдер қалыптасып, жоғары дінбасылар абыздар пайда болды. Олар руды ежелгі салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптарын бұлжымай орындалуын қадағалады. Бұл дәуірінде мүддені "Жер ана" қойнына анасының құрсағында жатқан қалыпта қоюға тырысқан. Адамды қабірге оң жамбасымен қырындап жатқызыған. Түсінігінше: О дүниеде тіршілік жалғасады. Заттарын бірге көмген. Қола дәуірінде андрон және Беғазы-Дәндібай мәдениеті

қалыптасты. Андрондықтар ар күнге, отқа табынған. Қола дәуірінде адамдар табиғат күшіне сыйынған. Тотемизм, фетишизм, анимизм ғұрыптары болды. Олар жыртқыш аңдардың тісін бойтұмар тақты.

4. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті.

Қазақстан жеріндегі ең жақсы зерттелген энеолиттік **ботай мәдениеті** ескерткіштерінің негізгі шоғырланған тобы Көкшетау облысында орналасқан. Олар б. э. д. III-II мыңжылдықтардағы жылқышы тайпалардың ескерткіштері.

Ботай мәдениеті көршілес орналасқан неолиттік мәдениеттер атбасар мен маханжардың негізінде қалыптасқан. Осы мәдениеттің басты қонысында жүргізілген ұзақ жылдық зерттеулер Ботайлықтардың жылқыны алғаш қолға үйреткен тайпалар екендігін дәлелдейтін материалдар берді. Олардың мал өсірумен қатар жер жыртқып, егін егумен айналысқандығы да анықталған. Мәдениеттің басты ескерткіші Ботай қонысынан табылған тастан жасалған пышақ, қанжарлар, найза, жебенің ұштарымен қатар зубр, бұғы, қарақұйрық, киік, аю, қарсақ, қоян секілді т.б. аңдардың сүектері ботайлықтарда аңшылық кәсіптің де осал болмағандығын білдіреді.

Ботай мәдениетінің материалдары Алтайдағы Афанасев, Шығыс Қазақстандағы Усть-Нарым мәдениеттерімен ұқсас.

Ботай мәдениеті: Көкшетау облысындағы бекеті жанындағы қоныстың атымен аталған. Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстанның (Жайық-Ертіс өзендері аралығының) далалық энеолитін сипаттайды және

мерзімі б.з.б III-II мыңжылдықтармен белгіленеді. Демек ол бір мың жыл болған. Ботай мәдениетінің қалыптасуына неолиттік атбасар және маханжар мәдениетін құраған тайпалар қатысты. Оның қалыптасу барысында Шығыс Каспий маңы өңірімен Оңтүстік Оралдың сырттай ықпал жасағаны жөнінде мәліметтер бар. Ботай мәдениетін В.В.Зайберт ашты. В.Н.Логвин С. Қалиева оның батыстық нұсқасын терсек мәдениетін бөліп көрсетті. Терсек мәдениетінде басқа мәдениеттің ықпалы айқын аңғарылады және оның кейбір ескерткіштері б.з.б IY мыңжылдықпен белгіленетін алдыңғы энеолит дәуіріне жатуы ықтимал. Бірқатар қоныстар: Қостанай және Торғай облыстарында – Бестамақ, Тіңіздықөл, Либановка, Құмкешу, Қожай, Дүзбай-3, Көкшетау облысында Ботай, Красный-Яр Васильков-4 қоныстары ашылды барлығы 20 дан астам қоныс белгілі. Қоныстар әдетте шағын дала өзендері Торғайдың Терісаққанның жоғарғы тобылдың Обағанның Шағалалының Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алаптарды алып жатыр. Олардың көлемі кейбіреуінде 15 га жетеді. Сипаттау үшін ең көп ақпарат беретіні Ботай қонысы болып табылады. Ол шамамен 200 жылды – б.з.б XXIV-XXII ғасырларды қамтиды. Қазіргі бетінде 158 тұрғын үйдің жұрты табылды. Қазу барысында олардың қонысы тіршілік еткен соңғы кезеңде салынғаны аяқталды. Мұндай томаға тұйық жоспарланған орындарға жататын құрылыстар 30 дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады. Ені – 4-8 м болртын ал ұзындығы 50м дейін жететін паралель көшелердің екі жағына кейде 15-16 үйден салынған.

Тұрғын былайша жазылған. Тереңдігі 1м дейін және көлемі 20 шаршы метрден 70 шаршы метрге дейін жететін 4-8 бұрыш түрінде шұңқыр қазылған. Қазу кезінде шығарылған балшық шұңғыр қазылған. Қазу кезінде шығарылған балшық шұңқыр жиектеріне биіктігі 1 метрдей дуал етіп үйілген. Осылайша салынған қабырғаларға төбесі тарыла беретін шеген түрінде бағаналар қаланған. Жасаған күмбез бұтақтармен және шым қабаттарымен жабылып бұл орайда ортасынан түтін шығатын тесік қалдырылған. Кіретін есік қабырғада ойық түрінде қалдырылып оның сыртында шағын шағын дәліз болған. Ішінде ортадағы шұңқырда ошақ орналасқан. Ошақ пен есік арасы – шаруашылыққа арналған орын төрде ұйықтауға арналған жер. әдетте қабырғаның бүйір жағынан азық – түлік сақтау үшін шұңқыр қазылады. Тобылдағы құмдауыт топырақта құрылыс сипаты біршама өзгеше: қабырғаларының ағаштан салынуы ықтимал. өндіріс шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан сазбалшықтан сүйектен жасалды. Құрал саймандар тұрғындардың шаруашылық укладының күрделі екендігін көрсетеді. Жүгеннің сүйек элементтері кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйрете бастағанын дәлелдейді. Тас тоқпақтар пышақтар қанжарлар боластар жебелердің сүңгілердің найзалардың ұштары аң аулаумен байланысты құралдар. Орасан зор мөлшердегі остеологиялық материалдардың басым көпшілігі жылқы сүйектері. Мәселен ботай қонысында 70000 жылқының сүйегі табылды. Сондай-ақ зубрдың турдың бұланнның еліктің аюдың иттің түлкінің қарсақтың түйенің құндыздың суырдың қянның қабанның құстардың сүйектері бар.

Жерлеу гұрпы мен бірқатар символдық заттар тотемизмнің бабаларға табынуын көрсетеді.

5.Қола дәуірі мәдениеттерінің шығу тегі мәселесі мен таралу аймағы.

Қола дәуірі – адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени кезең. Ол қола металлургиясының кең қанат жайып, еңбек құралдары мен қару-жарак жасауға арналған негізгі материалға айналуымен сипатталады. Бұл кезде неолит дәуірінің мәдениеті дамып, металл игеріле бастады. Негізінен, қола дәуірі мәдениеттері осы металл кендері көп жерлерде дамыды. Мұндай өңірлерде дайындалған қола бұйымдар бірте-бірте іргелес жатқан жерлерге де тарады. Адам баласы мысты энеолит дәуірінде игерген болатын. Оған қарағанда, қоланың қатты әрі берік болуы құрал-саймандардың сапасын арттырып, еңбек өнімділігін жоғарылата түсті. Қола дәуірінің хронологиялық шегі б.з.б. 4-мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б. 1-мыңжылдықтың басын қамтиды. Қола дәуіріндегі Қазақстан

Дәуірдің ерекшеліктері. Неолит дәуірінде-ақ байқала бастаған шаруашылық өзгерістері б. з. б. II мыңжылдықта малшылық-егіншілік экономикасы мен жоғары дамыған металлургияның қалыптасуына жеткізді. Өндіруші тұрпаттағы экономикаға көшу Қазақстан аумағындағы бүкіл жағдайды түбірінен өзгертті. Қоныстарың жиі өзгертетін, жігерлі, пысық малшы тайпалар ұлан-байтақ және қуатты бірлестіктер құрды; бұлардың қалыптасуында соғыс қақтығыстары едәуір рөл атқарды. Қару енді жабайы хайуандарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалар арасындағы қақтығыстарда да жиі пайдаланылатын болды.

Қару жасау бірте-бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды. Тас және балшық құйма қалыптарда шаруашылыққа және тұрмысқа қажетті құралдар (орақ, балта, қанжар, пышақ, найза мен жебе ұштары, т.б.) құйылды. Сәндік заттар (ілгек, тізбек, білезік, моншақ, өңіржиек, сырға, т.б.) жасалды. Қазақстан аумағын қола дәуірінде мекендеген тайпалардың әр түрлі материалдан (металл, тас, сүйек, қабыршақ) алуан түрлі заттар (еңбек құралдары, қару-жарак, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар) жасауда жоғары шеберлікке жеткені аңғарылад

Кейбір ескерткіштер көрнекілігімен, құрылыстарының күрделілігімен ерекшелінеді. Мыстытас, Беғазы ескерткішін тұрғызу үшін салмағы 3 тоннаға жететін алып мәрмәр тастар қолданылған. Батыс Қазақстандағы Тастыбұтақ 1 (Федоров кезеңі) қорымында мәйіттер қабірге немесе жалпақ тастан жасалған жәшіктерге салынып жерленген. Кей жағдайларда мәйітті өртеу рәсімі де кездеседі. Орталық Қазақстанның Нұра кезеңіне жататын жерлеу рәсімі, негізінен, мүрдені өртеп тас жәшіктерге немесе табытқа салу болды.

6.Қола дәуіріндегі өнер: петроглифтер. Ешкі өлмес, Тамғалы кешендеріндегі тасқа қашалған суреттер.

Ешкіөлмес петроглифтері - Алматы облысындағы Ешкіөлмес жотасы бойында орналасқан қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартасқа танбаланған суреттер. Ешкіөлмес петроглифтері Қазақстан территориясында орналасқан әйгілі ескерткіштер ретінде «ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандар» тізімінің «Аралас (Мәдениет+Табиғат) санатына» 1998 ж. 28 қыркүйекте А.Марғұлан

атындағы археология Институтының ұсынысымен ұсынылған

Аймақтағы кешенді ескерткіштер тобын – жерлеу орындары – қорғандар, қорғандардың маңында кездесетін ғұрыптық қоршаулар, тас мүсіндер, балбал тастар, жартастардағы суреттер мен рулық таңбалар және қойтастарда кездесетін ойма жазулар құрайды. Қола дәуірінің 4000-нан астам петроглифтер жақсы сақталған. Жартастағы суреттер көне дәуір тұрмысының майдам-мүйдесіне дейін: киімдері, құрал-саймандары туралы мәлімет береді. Тамғалы шатқалы петроглифтерінің бірегейлігі мен жалпы халықтық құндылығын әлем қоғамы мойындаған, 2004 жылы олар ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұра тізіміне қосылған. Осы кезден бастап ескерткіш Бүкіл әлемдік мәдени және табиғи мұрасын қорғау жайындағы халықаралық Конвенциясының қорғауы астына алынған.

Тамғалы шатқалы Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде орналасқан. Тамғалы бұл – көне көркем галерея, оның суреттерінде бөлек жануарлар мен адамдар және көне адамдар өміріндерінде болған көріністер бейнеленген. Бұл Жетісу жартастас бетіндегі суреттерінің 50 орталықтарының және Балхаш алқабы аумағының белгілі орталығы болып табылады. Тамғалыда жалпы 5000 сурет бар. Барлық табылған петроглифтер б.з.б. XIV ғ. бастап б.з. VI -VIII ғғ. дейін, яғни қола дәуірінен бастап түркі халықтарының Ұлы даланы игеруге дейінгі кезеңмен даталанады. Бұл Қазақстанда көрсетілген ең танымал және жақсы зерттелінген ерте заман

адамдарының шығармашылық ескерткіштерінің бірі болып табылады. Ғибадатхана кешенінде бірден алты хронологиялық кезеңдері көрсетілген: орта қола, кейінгі қола, ерте номадтар, сақ, үйсін және түркі кезеңдері.

7. Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттары: табиғи-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар.

Көшпелілер немесе Дала өркениеті - түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы, этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпаты. Адамзат тарихын зерттеу барысында өркениет атауының өзіне әр түрлі, кейде бір-біріне қарама-қайшы анықтамалар қалыптасты. Америка тарихшысы Л.Морган (1818-1881) мен Ф.Энгельс оны адамзат дамуындағы жоғары, жазу сызуды енгізу кезеңі ("тағылық — жабайылық — "өркениеттілік" ұштағаны арқылы) ретінде сипаттады. Рухани мәдениеті. Ұлы Дала төсі айрықша жауынгерлік рух пен ізгілікті дүниетанымды қалыптастырып, ұрпақтардың тарихи жадындай эпостық шығармалар арқылы кеңістік пен уақыт өрісіндегі оқиғалар тізбегін жоғалтпай, жіпке тізіп отырды. Кез келген көшпелі, қарапайым дала тұрғыны өз халқының бүкіл тарихи-мәдени, адамгершілік тәжірибесі жинақталған ауыз әдебиеті нұсқаларын — жыр-толғауларды, аңыз-эпсаналарды, т.б. жатқа білді. Сол арқылы Әлемдік өркениеттің тарихи ауқымымен біте қайнасып, өзіндік бітім-тұрпатқа ие деңгейде өмір сүріп жатты.

Көшпеліліктің шығуы, көпшілік жағдайда, географиялық ортаның тікелей әсерімен байланысты.

Сондықтан да көшпелілік белгілі бір нақты тарихи кеңістіктерде ғана таралды. Көшпеліліктің пайда болуы — белгілі бір климаттық жағдайлар, экологиялық ұяның (ниша) шектеулі мүмкіндіктері, табиғи ресурстардың сол өлкеде өмір сүруші этностың алдына қоятын табиғи талаптарына байланысты. Көшпелілік белгілі бір геофизикалық, табиғи-климаттық аймақтарда қалыптасады. Әдетте, бұл — далалы, жартылай шөлейт, шөл және құрғақ далалар, тау бөктері, тау аймақтары. Мұндай жерде көбінесе жанбыр аз, жылдық ылғалдың мөлшері 200—400 мм арасында ғана болады. Осындай аймақтарға: Қазақстан, Моңғолия, Жоңғария, Араб түбегі, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік Азиядағы шөлдер мен шөлейтті аймақтар, Африка континенті жатады.

8. Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштері.

Темір дәуірі - тас пен қола дәуірлерінен кейінгі үшінші ірі археологиялық кезең. Оның бірінші кезеңін ерте темір дәуірі деп атап кеткен.

Б. з. б. I-мыңжылдықтың басынан осы заманға дейінгі кезеңді алсақ, темір адамзаттың заттық мәдениетінің негізі болып келді. Өндірістік технология саласындағы барлық мәнді ашылымдар аталмыш металлмен байланысты болды.

Темір дәуірі – адамзат тарихында қола дәуірін алмастырған, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси, демографиялық, технологиялық өзгерістерді дүниеге әкелген жаңа кезең. Бастаулары темір металын игерумен және оны кеңінен қолданумен сәйкес келетін бұл кезеңді ғылым тарихында

«темір дәуірі» деген тұрақты атаумен белгілеуді алғаш рет 19 ғ-дың ортасында К. Томсен (Дания) ұсынды.

Қазақстандағы темір дәуірінің басы б.з.д. VIII - б.з. VI ғасырларына жатады. Ал ерте темір дәуірінің хронологиясы: б.з.д. VIII - б.з.д. III ғ. Кейінгі темір дәуірінің хронологиясы: б.з.д. III - б.з. VI ғ.

Шаруашылығы: Жана және кейінгі жана заманның евроцентристік ғылымы дала жағдайында мал шаруашылығын өрбітудің бұндай айрықша түрлерін "көшпелі" "жартылай көшпелі" шаруашылық деп атады.

Мал шаруашылығын жолға қоюдың жана түрлеріне көшу далалық табиғат жүйесінің ерекше жағдайларында өмір кешкен қола ғасыры тайпалары экономикалық дамуының нәтижесі болып табылады. Шаруашылықтың бұл түрінің негіздері қола дәуірінің соңғы кезінде, бегазы-дәндібай заманында қаланды. Осы кезеңге кіретін Орталық Қазақстанның ескерткіштері тасмола археологиялық мәдениетіне жатады. Қазақтың белгілі археологы М.Қ.Қадырбаев, бұл мәдениеттің хронологиялық мерзімін б.з.д. VII - III ғасырларымен негіздеп, оның дамуын екі кезеңге бөлген. Тасмола мәдениетінде тән археологиялық ескерткіштері «мұртты» қорған деп аталады. Бұл күрделі ғұрыптық – жерлеу кешендері тастан қаланып, әдетте үш негізгі бөлшектерден: үлкен, кішкентай қорғандар мен ұзындығы 60-тан 200 метрге дейін жететін жартылай доға тәріздес жолдардан құрастырылған. Бұл «мұрттар» қорғанмен жанасып, үнемі шығысқа қарай бағытталған. Үлкен қорғанның астында, тереңдігі екі метрге жететін шұңқырда қайтыс болған адамның мәйіті жерленген.

Кішігірім қорғаныда жылқы қаңқаларының қалдықтары, қыш ыдыстардың сынықтары кездеседі..

9. Тасмола мәдениеті: қорғандар мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері.

Тасмола мәдениеті - Орталық және Солтүстік Қазақстан өлкелерінде ерте темір дәуірінде өркендеген. 1930 ж. белгілі болғанымен, негізгі зерттеу жұмыстары Орт. Қазақстанда 1946 жылдан кейін басталды. Сарыарқаның ерте темір дәуірі ескерткіштері "тасмола мәдениеті" деп аталады.

Алғашқы ескерткіштері табылған жер – Павлодар облысының Екібастұз ауданындағы Тасмола өңірі. Бұл мәдениетті исседон тайпалары қалдырған.

Тасмола мәдениетінің ерекшелігі – “мұртты обалар”. Ол екіжерлеу орнынан тұрады. Обалардың біреуіне ад амды, екіншісіне атын жерлеге н. **Обалардан шығысқа қарай тастан қаланған мұртқа ұқсас екі тас құрылыстары табылған.**

“Мұртты обалардың” 4 түрі кездеседі. Біріншісі – үлке ндеу обаның шығыс жағынан салынған кішілеу оба. Екіншісі – екі оба оңтүстіктен солтүстікке қарай қатарсалынады. Үшіншісі – алдымен үлкен оба салынады, оныңүстінен кіші оба тұрғызылады. Төртіншісі – үшіншіге ұқсас, бірақ бұл обалардың ара жігін қазба барысында ғанаанықт ауға болады.

“Мұртты обалар” бағдаршам рөлін атқарған. Белгілібұрышпен салынып, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыстыкөрсеткен.

Төрт негізгі кезеңнен тұратын зерттеулердің алғашқы сатысы 1946 – 59 жылдарды қамтиды. Осы кезде Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының ұйымдастырушысы әрі жетек. Ә.Марғұлан мен оның шәкірті М.Қадырбаев Қарағанды облысының Ұлытау, Шет,

Ақтоғай өлкелеріндегі Тоғызбайкөл, Қарабие, Қарасай, Қанатас, Толағай, Елшібек, Киіксу сияқты зираттарға қазба жұмыстарын жүргізіп, ескерткіштердің жалпы сипаты, жерлеу ғұрпының ерекшеліктері мен заттық мәдениетке байланысты нақты деректердің алғашқы тобын жинады.

Обалардан алынған заттық деректерге сипаттама беруші мәліметтер танымал үш бөлікті құрайды: а) қару-жарақтар; ә) ат әбзелдері; б) ғұрыптық заттар, әшекейлер, тұрмыстық бұйымдар. Тасмола қоғамында қола құю ісінің үздік шеберлері болды. Материалдық мәдениеттің жетекші категорияларының бәрі дерлік қоладан жасалған. Сонымен қатар темір бұйымдар (пышақтар, сулықтар, тоғалар) 1-сатының (б.з.б. 7 – 6 ғ-лар) өзінде-ақ пайда болған.

Ертеден қалыптасқан дәстүрлі пікір Тасмола мәдениетін Иран тілдес тайпалармен байланыстырады, сонымен бірге, оны байырғы түркілерге жатқызатын көзқарастар бар. Еуразияның басқадай скиф-сақ мәдениеттерінде ұшыраспайтын ерекше ескерткіштер болып саналатын “мұртты обалар” семантик. тұрғыдан ортағасырлық түркілердің тас балбалдар қатары шығысқа тартылған ғұрыптық қоршауларына біршама ұқсас.

10. Ерте темір тайпаларының этнояси және әлеуметтік тарихы.

Б.з.д. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстік өңірін қамтитын кең – байтақ аумақта «сақ» деген атпен белгілі тайпалар мекендеген. Ахеменидтердің сына жазбаларында сақтар туралы аз болса да анық деректер келтірілген. Оларда сақтардың үш тобы:

хаомаварга-сақтары (хаома сусынын даярлайтын сақтар), тиграхауда-сақтары (шошак бөрікті сақтар), парадарайа-сақтары (теңіздің арғы жағындағы сақтар) туралы баяндалады.

Сақ тайпалар одағына массагеттер, дайлар, исседондар, аримаспылар, каспилер, аргипейлер және т.б. сияқты ондаған тайпалар кіреді. Олар ежелгі грек авторларының еңбектерінде аталады. Зерттеушілердің болжамдары бойынша олар Қазақстан аумағында былайша орналасқан делінеді: массагеттер – Сырдарияның төменгі бойы мен Арал теңізінің оңтүстік және солтүстік-шығыс өңірінде, дайлар – Сырдарияның төменгі жағын, Арал теңізінің жағалауын, исседондар – Іле мен Шу өзендерінің бойын, оның шығыс жағындағы Тарбағатай тауына дейінгі алқапты, ал кейбір зерттеушілер, соның ішінде, М.Қ.Қадырбаев оларды Орталық Қазақстан кеңістігіне орналастырады, аримаспылар – Шығыс Қазақстан аумағын, каспилер – Каспий теңізінің шығыс жағалауын, аргипейлер – Қазақстанның солтүстік аймағын мекендеген. Деректерге сүйенсек, сақтар мал шаруашылығымен айналысып, жылқы, ірі қара, қой өсірген. Мал шаруашылығының үш түрі болды: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығы. Сақтарда түйе өсіру Батыс және Оңтүстік Қазақстан аймақтарында өркен жайды. Олар атқа керемет мініп, садақ атуды өте жақсы меңгерген.

Жазбаша және археологиялық деректер б.з.б. VIII-VII ғғ. Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген тайпалар ежелгі дүние өркениеті - Ассириямен және Мидиямен, ал б.з.б. VI ғасырдың ортасында Ахеменидтер мемлекеті құрылған уақыттан

бастап Персиямен байланысты болғанын көрсетеді. Сақтар сол кездегі көптеген тарихи оқиғаларға қатысты. Мәселен, Кир сақтармен одақ жасап, Мидия патшасы Крезбен соғысуы кезінде олардан көмек алады. Кейінірек Кир сақтар мен массагеттерді бағындырмақшы болып жорыққа аттанады. Бірақ, оның жорығы қатты қарсылыққа кездесіп, соңында Кир бастаған парсылар сәтсіздікке ұшырап, әскерлері талқандалып, өзі қаза табады. Геродот мынадай аңыздық мәліметтерді келтіреді: парсыларды жеңгеннен кейін сақтардың патшайымы Тұмар (Томирис) торсыққа қанды толтыра құйғызып, «**Сен қанға құмартып едің, енді шөлің қансын!**» деп оған Кирдің басын салдырған.

Б.з.б. 518 жылы I Дарий, өзінің алдындағы патша сияқты, массагет- сақтарға қарсы жорық бастады, бірақ ол да жеңіліске ұшырады. Грек тарихшысы Полиен массагет-сақтардың парсыларға қарсы күресінің қызықты бір оқиғасы жайындағы әңгімені келтіреді. Шырақ есімді бір сақ өзінің денесін пышақпен тілгілейді де, парсыларға қашып өтеді, сөйтіп өзін сақ көсемдерінен жәбір көрген адам ретінде көрсетеді. Өз руластарынан кек алғысы келетінін мәлімдеп, Шырақ жауларды сусыз шөлге апарып адастырады, осында олардың көбі қырылып қалады.

Б.з.б. V ғасырға жататын Бешшатыр қорымының тянь-шань қарағайлары бөренелерінен тұрғызылған ірі жерлеу құрлыстары тамаша сақталған күйінде табылды, олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері. Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі үлкен қорымға енетін «Есік» обасындағы ақсүйек сақтың қабірі жерлеу ғұрпының байлығымен қайран

қалдырады. Оның басынан аяғына дейінгі киімдері алтынан жасалған 4000-ға жуық қаптырма мен қалақша арқылы әшекейленген, олардың көпшілігі скиф-сақ кезіндегі «**аң**» **стилінде** жасалған.

Батыстың савромат тайпалары Қара теңіз өңірінің скифтерімен көрші болды. Олар б.з.б. үшінші және б.з. төртінші ғасыр аралығында Тобыл мен Дунай аралығын мекендеген. Олар алғашында, б.з.б. VIII ғасырда «савроматтар» деп аталған. Б.з.б. II ғасырдан бастап ірі саяси одаққа бірігіп, Оңтүстік Орал, Еділ бойына, Қазақстанның батыс аумағына қоныстанған. Б.з. IV ғ. ғұндардан жеңіліп, батысқа қарай қоныс аударған.

Сарматтардың саяси одағының батыс тобы Солтүстік Кавказ, Солтүстік Қара теңіз жағалауы елдерінің ежелгі тарихында елеулі рөл атқарды. Б.з.б. II-I ғасырларда олар Скифияның көп бөлігін жаулап алып, Қырым мен Солтүстік Қара теңіздегі антикалық қалаларға қоныстанған.

Сарматтардың шығыс тобының Орталық Азия мен Хорезм, Сырдария бойы сақтарымен байланысты болды. Жауынгер сармат тайпалары дах (дай) массагеттермен туыс болған. Сарматтардың тілі иран тілінен түрік тіліне ауысқан. Сарматтардың құрамында роксоландар, аландар, аорстар, сирактар т.б. тайпалар болған.

Сармат ескерткіштерінің бірі Батыс Қазақстан жерінен табылған Сынтас қорымы болды. Қорымның бірінші обасы бөренелермен шатырланып салынған. Бұл обаның ішінде үш сармат жауынгері жерленген. Кейінгі сармат кезеңіне қатысты Атырау облысы Жылыой ауданында табылған Аралтөбе ескерткішінен үш оба қазылған. Қабірден көсемнің қару-жарағы, әшекейлі бұйымдар, абыз асатаяғының бөліктері,

шыны моншақ, жебе, қанжар сынықтары табылды. Көсемнің киім-кешегі өте бай, асыл бұйымдармен, алтын әшекейлермен безендірілген. Сарматтар қыш ыдыстар, сақина, білезік сияқты әшекей заттар жасаған.

III-V ғғ. зергерлік өнерге түсті металдардың ішінен алтынды көп қолданған. Осы кезде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың арасында зергерлік өнерде «полихромдық стиль» кең тарады. Қазақстанда бұл стильдің екі түрі дамыды: безендіру, зерлеу әдістері. Сондықтан да «**полихромдық стиль**» б.з. бірінші мыңжылдықтың басында туды деген болжам бар. Сармат тайпалары Еуразияның саяси-экономикалық және мәдени өмірінде елеулі рөл атқарған одақтар мен мемлекеттер құрамына кірді.

11. Сақтар. Сақтардың Александр Македонскийдің жаулап алуына қарсы күресі.

Б. з. б. 4ғасырдың 30 - жылдары гректер сақ жеріне қауіп төндірді. Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) бастаған грек әскерлері Орта Азияға басып кіріп, Сырдария өңіріне қарай аттанады. "Жеңілмейтін әскер" атанып келген Александрдың қалың қолына сақ тайпалары қарсы тұрып, олардың алға жылжуына кедергі жасаған. Грек - македон басқыншыларына қарсы күресті Спитамен атты сақ басқарды. Ол Македон әскеріне 3 жыл бойы қарсы партизан соғысын жүргізді. Ежелгі грек тарихшысы Арриан қолбасшы Александр Македонскийдің Сырдариядан жүзіп өтіп, сақтарға қалай шабуыл жасағаны туралы жазады. Күннің ыстығы, сақтардың жиі - жиі қолайсыз шабуылдары мен соғысу тактикасы гректерді әбден әлсіретті.

Спитамен – тәуелсіздік үшін күрестің даңқты басшысы. Грек

– македондықтардың басқыншылығына қарсы күрес бүкіл Соғды және Бактрия жерлерін қамтыды. Көтерілістің басты орталығы ежелгі Самарқан қаласы болды. Ол көтерілісті Спитамен есімді ержүрек қолбасшы басқарды. Спитамен б.з.б. 329 жылы халықты ұйымдастырып, ежелгі Самарқан қаласына кірді. Спитамен өз елі мен жерінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен қолбасы еді. Ол бүкіл Орта Азия халықтарының шетелдік басқыншыларға қарсы күресін шеберлікпен ұйымдастырды. Жарты әлемді дірілдетіп, қарсы келгендерді аяусыздықпен жазалап, қатыгездігімен аты әйгілі болған, бүкіл әлемді жаулап алуды көксеген Александрға бірнеше рет тойтарыс берген соғдылықтар, бактриялықтар мен сақтар болды. Олардың үш жылдан астам уақытқа созылған ерлік күресі Александрдың әскерін қалжыратты. Оның жауынгерлері мен қолбасыларының арасында соғысты тезірек аяқтап, елге қайту туралы пікір көбейді. Ақыры бүкіл әлемді бағындырмақ болған Александр кері қайтуға мәжбүр болды. Сөйтіп, Александр Македонскийдің Сырдарияның арғы жағын мекендейтін сақ тайпаларын бағындыру үшін жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Сақтар оның Шығысқа қарай жүретін жолын бөгеп тастады.

12. Сақтар мен сарматтардың саяси құрылымдары:

Ерте темір дәуірінде қазіргі қазақ жерінде сақ, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары өмір сүрді. Сақтар мен сарматтар. Б.з.д. 1 мыңжылдықта Қазақстан жерінде, Орталық Азияда, кейінірек Ауғанстан мен Солтүстік Үндістанда сақ деген жалпы атауы бар тайпалар мекендеген. Дәл осы заманда Солтүстік Қара теңіз, Днепр өзені бойын скиф деп аталатын

тайпалар жайлаған. Олар мәдениеті жағынан сақтарға туыстас болған. Осы кезде Еділ жағалауында, Орал тауының оңтүстікшығыс бетінде савромат тайпалары өмір сүрген. **Сақтар:**

Археологиялық мәліметтер бойынша сақ тайпалары Қазақстан аумағын б. з. б. VII-IV ғғ. мекендеген. Сақ тайпалары әр түрлі аталған. Сақтарды ежелгі грек авторлары «Азиялық скифтер», парсы ескерткіштерінде «Құдіретті еркектер», Иран жазбаларында «Жүйрік атты турлар» деп атаған. Сақтарда негізінен әскери қоғам болды. Сақтардың этномәдени ареалына көптеген тайпалар кіреді. Олардың нақты санын белгілеу мүмкін емес, грек деректерінде – даилар, массагеттер, исседондар, т. б., парсы деректерінде – сақ-хаомоварга, сақ-тиграхауда, сақ-парадарайа деп аталады.

Сақтардың антропологиялық типі еуропеоидты болды. Сонымен қатар моңғолоидтық элементтердің етек жаюы күшейді. Батыс Қазақстандағы савромат-сарматтар сақтарға туыстас келді.

Бүкіл тайпа мүшелері сайлаған тайпа көсемі – бас қолбасшы болды. Олар тайпаны да басқарып отырды. Маңызы бар мәселелер халық жиналысында талқыланып, оған әйелдер де қатысты. Малға жеке меншік пайда болды. Соғыс негізінен тайпа көсемдері үшін пайдалы еді. Осылай мүлік теңсіздігі шықты. Тұтқындар құлға айналдырылып, үй шаруашылығында жұмыс істеді. Бұл кезеңдегі құлдардың көбі ер адамдар болды.

Шаруашылығы. Сақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығының 3 түрі болды:

1-көшпелі мал шаруашылығы Батыс және Орталық Қазақстанда өріс алды.

2-қыстық және жаздық қоныстарды қажет ететін жартылай көшпелі мал шаруашылығы — Алтай, Тянь-Шань тауларында, Жетісу, Шығыс Қазақстанда көп тарады.

3-отырықшы мал шаруашылығы. Шаруашылықтың мұндай түрі Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Келес, Шу өзендерінің аңғарында дамыды. Сақтар жылқы, қой, түйені өте көп өсірді, ал ірі қара (сиыр) саны аз болды.

Сырдария өзенінің аңғарында егін шаруашылығымен айналысты. Бидай, тары, қарабидай өсірді. Егінді канал арқылы суарды.

Сақ заманында доңғалақты көлік түрлері дамыған. Мұндай арбаларға өгіз, ат және түйелер жегілген.

Сақтардың өнері мен саудасы. Сақтарда кейіннен қолөнер мен сауда дами бастады. Шеберлер ер-тұрман, әшекей, найза, семсер, қанжар т. б. жасаған.

Қолөнер жақсы дамыды. Мыс, алтын, күміс, қорғасын т. б. металдарды көп пайдаланған. Сонымен қатар теріден, ағаштан, қыштан ыдыстар жасаған.

Сақ тайпалары Сібір, Еуропа, Алтай және Шығыс елдерімен байланыс жасады. Сауда Жібек жолы және б. з. б. I мыңжылдықтағы «Дала жолы» арқылы дамыды.

Сарматтар:

Сарматтар туралы деректер өте аз. Бұл тайпаның аты б. з. б. III ғ. Бастап тарихқа кірген. Сармат тайпалар одағы Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген. Б. з. б. III – б. з. -дың IV ғасыры аралығында Тобыл мен Дунай аралығын мекендеген тайпалар. Олар алғашында б. з. б. VIII ғасырда «сауроматтар» деп аталған. Б. з. б. II ғасырдан бастап Оңтүстік Оралды, Еділ бойын, Қазақстанның батыс аумағын қоныстанған. Б. з.-дың IV ғ. Ғұндардан жеңіліп батысқа қарай қоныс аударған.

Жауынгер сармат тайпалары дай (дах) – массагет, исседондармен туыстас болып келген. Сарматтардың құрамында роксоландар, алаңдар, аорстар, сирақтар т. б. тайпалар болған.

Сарматтарда әйелдердің қоғамдағы орны басқа көшпелі тайпаларға қарағанда жоғары тұрды. Сармат әйелдері ерлермен бірге жасақ құрамына кірген. Оған әйелдердің қабірлерінен қару-жарақтың көп табылуы дәлел болады. Сармат тайпаларында аңшылық қосымша кәсіп болды. Аң мен құстарды садақпен атты, ит қосып, ұраға жығып ұстады.

Алғашқы қауым кезінде қауымның барлық мәселелерін ру ақсақалдары, тайпа көсемдері қауым мүшелерімен ақылдаса отырып шешкен. Ал әскери демократия кезінде қауымның мәселелерін тек әскербасшылары мен қолбасшылар шешкен. Олар қарапайым қауым мүшелерімен санаспаған.

Батыс Қазақстан аумағынан табылған Бесоба қорымындағы қабірде екі абыз әйел жерленген. Олар шалқасынан жатқызылып, бастары оңтүстік-батысқа қаратылған. Қабір ішінен қол айна, алтын сырғалар, моншақтар және қасқыр бейнесі салынған үш аяқты құрбандық тақта табылды.

Сынтас қорымының бірінші обасында үш савромат жауынгері жерленген. Ортада әскербасы жатыр. Жауынгерлердің жанынан жебенің қола ұштары, темір қанжарлар, темір ауыздықтар, қыш ыдыстар табылды. Сонымен бірге қасқыр мүсіні, киік, таутеке бастары бейнеленген сүйек қасықтар шықты. Соңғы сармат кезеңіне жататын Аралтөбе ескерткіші Атырау облысы, Жылыой ауданынан табылды. Бұл қорымнан үш оба қазылды. Қабірден көсемнің қаруы, абыз

асатаяғының бөліктері, әшекейлі бұйымдары табылды.

13. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихи мәселе

Қытай деректерінде “Ғұн” атауы б. з. б. 3 ғасырдың аяғында пайда болған.

“Ғұн” сөзі “гун руң, хун ю” атауларымен берілген. Ғұндардың басшысын “шаньюй” деп атаған. Ғұн мемлекеті әскери жүйе бойынша құрылып, үш қанатқа бөлінген. Шаньюйден кейінгі басты тұлғалар – түменбасылар болды. Шаньюй түменбасыларын өзінің ұлдары мен інілерінен, жақын туыскандарынан тағайындаған. 24 руды 24 түменбасы басқарған, әрқайсысында 10000-нан атты әскер

болған. Түменбасы мыңбасын, жүзбасын, онбасын тағайындап отырды. Бұлардың әрбіріне көшпелі тұрғындарымен қоса, белгілі бір аумақ белгіленген. Ғұн империясының басқару тобы ру-тайпа әксіуіектерінен құралған. Бекзадалар “Аспанға, Жерге, ата-баба аруағына және көктегі тәңірге арнап құрбандық шалу үшін” жылына үш рет ақсақалдар кеңесіне жиналып,

мемлекеттік істерді талқылады. Жиналғандардың бәрі шаньюйдің туыскандары болатын. Ғұн мемлекеті әскери жүйе бойынша құрылып, 3 қанатқа (сол, орталық, оң) бөлінген. Ерлер жасаққа тіркелуге, әскери жаттығулармен шұғылданып, жебелі садақ, қылыш пен найза алып жүруге тиіс болған. Мөде басқарған Хунну (ғұн) державасының пайда болғандығы туралы қытай дерегінде айтылған. Шығыстанушы ғалым Л. Н. Гумилев бұл оқиға б. з. б. 209 жылы болған деп көрсетеді. “Көрші ел Дунху елшілері ғұндарға келіп, алғашқыда Мөденің ең жақсы атын беруді талап етеді. Мөде сүйікті атын беруді бұйырады. Елшілер екінші рет келіп, Мөденің сұлу әйелін беруді талап етеді. Мөде әйелін беріп жібереді. Елшілер үшінші рет келіп, шекаралық біраз жерді беру талабын қояды. Бұл жер мал жаюға қолайсыз, бос жатқан жер болатын. Мөде ашуланып: “Жер дегеніміз – мемлекеттің негізі, оны қалай береміз?” - деп Дунхуға шабуылдайды. Оларды талқандап, аумағын өзіне қосып алады”. Қытай жылнамасында б. з. б. 4 және 3

ғасырларда ғұн тайпалары бірлестігінің құрылғандығы туралы жазылған. Аумағы – Қытайдың солтүстігінде Байкалдан Ордосқа дейінгі аралық. Олар көрші халықтарды басып алумен қатар, Қытай жеріне де шабуылдады. Ғұндар мен Қытай елі арасындағы соғыс 300 жылдан астам уақытқа созылды. Б.з.б. 3 ғасырдың соңында Цинь патшалығы шекарасын ғұндардан қорғау үшін Ұлы Қытай қорғанын салды. Ұзындығы – 4000 шақырым, биіктігі – 10 метр, әр 60-100 метр сайын күзет мұнарасы қойылған. Ғұндар Енисейдің жағалауларында және Алтай тауларында мекендеген, көрші тайпаларды бағындырған. Қытай билеушісін алым-салық төлеуге мәжбүр еткен. Қытай билеушісі жыл сайын көшпелілерге жібек маталар, мақта, күріш, әшекей заттар жіберіп тұрған. Қытай дерегінде ғұндардың күш-қуаты туралы: “ғұндардың құдіреттілігі сондай, олардың елшісі қолындағы шаньюйдің сенім таңбаларымен көрші елдерге барды, ол елдер бір мемлекеттен екінші елдерге шығарып салып, азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрды...” - деп жазылған.

Ғұн тайпаларының бір мемлекетке бірігіп, саяси күшейген кезі Мөде шаньюйдің тұсы. Мөде шаньюйдің жасаған әскери реформалары ғұндарды қуатты мемлекетке айналдырды. Олар оңтүстігіндегі дунхуларды талқандап, басып алды. Ғұндар кезеңі б.з.б. 3 ғасыр мен б.з.-дың 4 ғасыры аралығын қамтиды. Мөденің тұсында ғұндар Қытайдың Хань әулетінің негізін қалаушы Лю-Банды жеңіп, бағынышты етті. Сөйтіп, Байкалдан Тибет тауына дейін, Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейінгі аралықта Ғұн мемлекеті құрылды.

Ғұн мемлекеті б.з.б. 1 ғасырдың ортасында (б.з.б. 55жылы) оңтүстік және солтүстік ғұндар болып екіге бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Хань әулетінің қол астына қарады. Солтүстіктегі ғұндар б.з.б. 1 ғасырдың аяғында Чжи-Чжи шаньюйдің басқаруымен батысқа жылжыды. Солтүстік ғұндар Оңтүстік Қазақстандағы қаңлылар жеріне келіп, олармен бейбіт келісімге келеді. Нәтижесінде Чжи-Чжи

бастаған ғұндар Талас өзенінің шығысында көшіп-қонуға мүмкіндік алды. Қазақстанның оңтүстік-батысы мен Арал бойына ғұндардың келуінің екінші толқыны б.з. 1 ғасырында басталды. Олар алан, ас тайпаларын батысқа, Каспий теңізіне қарай ығыстырды. Ғұндар жылжи отырып, Дунай арқылы Батыс Еуропаға дейін жетті. Ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы б.з.б. 2 ғасырда басталып, б.з.-дың 4 ғасырына дейін созылды.

14. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси құрылымдары.

Ерте темір дәуірі заманында сақтардан соң Жетісу жерін үйсін тайпалары мекендеген. Олар Орталық Азия аумағындағы ертедегі алғашқы этникалық бірлестіктердің бірі болды. Қытай деректерінде «Усун-го» (Үйсін мемлекеті) деп аталады (б.з.б. 3-2 ғасырларда өмір сүрген). Үйсіндер Жетісу мен Тянь-Шаньда, Қытайдың солтүстік-батыс өлкесінде, Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай таулы бөктеріндегі далалы өңірлерде өз іздерін қалдырған. Бұлар қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалар қатарына жатады. Қазіргі деректер бойынша, үйсіндер Жетісудықосқанда неғұрлым байтақ даланы алып жатқан. Оларбатысы Шу мен Талас арқылы Қаңлылармен, шығысында ғұндармен, оңтүстігінде Ферғанаменұштасты. Үйсіндер көптеген жылдар бойы сюнну-ғұндарға саяси жағынан тәуелділікте болған. Б.з.б. 177 жылы өз мемлекетін құрайды. Астанасы- Чигучен(Қызыл алқап қаласы) Ыстық көлдің жағасында орналасқан. Б.з.б. 53 жылы үйсін тайпасы ішінде таққа таласуға байланысты өзара алауыздықтар етек алып, екіге бөлінеді: Ұлы гуньмо мен кіші гуньмо пайда болып, территориялары белгіленген. Кіші гуньмоны Өжет, ұлы гуньмоны – Янгуйби басқарған. Үйсіндердің одан кейінгі саяси тарихы екі гуньмоарасындағы өзара қайшылықтарға толы болды. *Шаруашылығы.* Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен (әсіресе жылқы шаруашылығымен) және Талас, Сырдария өзендерінің бойында егіншілікпен айналысты. Үйсіндер

мыс, қорғасын, қалайы, алтын, темірді кеңінен қолданған.

Қоғамдық құрылысы. Үйсін қоғамы- тайпа мен рудәулеттілері, жасауылдар мен абыздар, қатардағы бұқара малшылар мен егіншілерден тұрды. Басшысы- гуньмо (күн бегі) деп аталған.

Үйсін қоғамында малға жеке меншік және қауымдық, тайпалық, рулық жайылымдарға меншік қалыптасты. *Мәдениеті.* Діні- ата бабаның аруақтарына табыну. Материалды мәдениетінде үйсіндер екі түрлі тұрғын жайларда: кірпіш және тас үйлерде тұрған. Қысқы үйлер шикі кірпіштен және тақтатастан балшық лай құйылып қаланған. Керамика ыдыстар жасау кең тараған. Олар пайдалану жағынан – тамақ ішетін, тамақ пісіретін және шаруашылық ыдыстар болып бөлінеді. Олар алтын, мыс немесе қола сымнан бұрап, асыл тасты алқалары бар сырғалар жасалған. Соңғы үйсін кезеңінде зергерлік заттарға түсті тастардан көз салу кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, тоқыма, жіп иіру, тері илеу, тастан, сүйектен бұйым жасау ісі дамыған.

Археологиялық ескерткіштері: Үйсін ескерткіштері қорымдар, обалар түрінде өте көптеп кездеседі. Мысалы: Қапшағай- 3, Өтеген-3, Қызылеспе, Қызыл ауыз, Қызыл қайнар, Қарлақ, Алтын Емел, Қаратума, Алтын Емел, Талғар, Шолақ жиде, Үңгіркөр, Қалқаман, Үңгір қара, Арал төбе, Ақтас обалары мен Луговое ауылының маңынан табылған қоныстар мен 2300 м. биіктіктегі тау шатқалынан табылған атақты “ Қарғалы диадемасы” мысал бола алады.

15. Қаңлылардың шығу тегі және этностық тарихы.

Қаңлылар б.д.д.3-2 ғасырда үйсіндермен бір кезеңде сақтарды тарих сахнасынан ығыстырып, Қазақстанның оңтүстігінде үлкен тайпалық бірлестік құрды. Қаңлылардың ұлы билеушісіне бес иелік бағынышты болған. Территориясы: Қаратау жотасынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерді мекендеді. Қытай деректерінде халқының саны 600 мың немесе 120

мың үй делінген. Астанасы: Битянь қаласы.

Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында қаңлылардың солтүстік жерлері ғұндарға, оңтүстігі – юечжилерге тәуелді болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Б.з.б. 101 ж.

Қаңлылар Қытай әскерлерінің басқыншылық шабуылына қарсы ферғаналықтарды жақтады. Б.з.б. 85 ж.

Шығыс Түркістан жерлерінің ең бекші болған қытайлықтарға қарсы көтеріліске шыққан Қашғар билеушісіне әскер жібереді. Мұндағы қаңлы саясатының жалпы бағыты Ферғана арқылы Шығыс Түркістанға өтетін сауда жолына ықпалын сақтап қалу еді.

Б.з.б. 47-46 жж. қаңлылардың билеушісі үйсіндерге қарсы күресте солтүстік ғұн шаныюі Чжи Чжимен одақтасқан. Оған өз қызын ұзатып, өзі еліктерінің шығыс шептерінен жер бөледі, өз әскерінің бір бөлігін оған басқаруға берген. Бірақ Чжи Чжи үйсін жерлеріне бірнеше рет шабқыншылық жасағанымен, оларды жеңіліске ұшырата алмайды. Соның нәтижесінде қаңлылар мен ғұндар арасында өзара келіспеушілік пайда болады.

Ү ғ. ортасында қаңлылардың күш-қуаты әлсіреп, Эфталит мемлекетінің құрамына енеді.

Шаруашылығы. Қаңлылар мал шаруашылығымен (жылқы, қой, сиыр, түйе және ешкі өсірді) және суғармалы егіншілікпен айналысты. Сонымен қатар қосалқы шаруашылық ретінде аң аулап, балық ұстады. Қаңлылар Ұлы Жібек жолын өз бақылауында ұстап, Қытай, Парфия, Рим, Кавказ елдерімен тығыз сауда-саттық жасап тұрған.

Қоғамдық құрылысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысында мүлік теңсіздігінің шығуына байланысты Ру басшылары, ақсақалдар мен әскери көсемдер байып, үстем тапқа айнала бастады. Сонымен қатар еңбекші бұқара дәулеттілерге тәуелділікке түсіп, ал соғыста қолға түскен тұтқындар құлға айнала бастады. Қаңлы тайпаларында билік мұрагерлікпен берілді.

Мәдениеті. Қаңлыларда қабырғалы бекіністермен лайдан салған үйлері бар қала мәдениеті дамыды. Мысалы:

Ақтөбе, Көкмардан т.б. көркемдік талғам мен металл, керамикалық ыдыстар жасаған. Ыдыстар айналып тұратын тұғырда таспалау әдісімен жапсырып жасалған. Безендіру және сапасын жақсарту үшін ангобтық қаптама, жылтырату, ойып өрнектеу қолданылған. Темір ұсталығы, қола құю, зергерлік іс дамыған. Сүйектен ою оятын қолөнер де дамыған. Қауыншы және отырар-қаратау мәдениеттері.

Археологиялық ескерткіштер:

Мардан-күйік, Қауыншы, Жаушықұм, Жамантоғай, Төребайтұмсық, Алтыасар, Ақтөбе, Қарауылтөбе, Шаштөбе, Қостөбет.б.

16. Түрік қағанатының құрылуы, құрылымы және саяси тарихы.

Қытай деректерінде түркілерге қатысты алғашқы деректер 542-інші жылдан бастап кездеседі. Ғұндар империясы ыдыраған соң Орхон аймағында түркітекті теле тайпалар одағы ұйымдасты.

Бесінші ғасырдың ортасында Ашына бастаған Алтайдағы түркілер осы телелердің 40 мың үйлік бірлестігін бағындырады. Билік басында ақсүйек ашына (ашина) руы тұрды. Бұл атау «киелі қасқыр» деген мағынаны берді. Қағандар мемлекеттің басты билеушісі болды.

Түркілер Алтайдан Хуанхэ жағалауларына дейін жеткен кезде Бумын ордасына 545-інші жылы Қытай елшілігі келеді. Осы сәттен бастап түркілер сол замандағы ірі мемлекеттердің бірі ретінде танылып, тарих сахнасына шығады. Қытай елімен бейбіт қарым-қатынас орнатқаннан кейін жужандардың тепкісін көрген түркілер оларға қарсы бас көтере бастайды. 552-інші жылы жужандар әскерін талқандайды. Түркілер Солтүстік Моңғолия жерінде Түрік қағанатын құрады. Бумын түркі елінің қағаны болып жарияланады.

Қаған мемлекетті басқарды, жоғарғы сот міндетін атқарды, әскерге басшылық етті. Мемлекетті басқаруда тайпаның ақсүйек қауымына сүйенді. Әскери және азаматтық қызметтерді басқаратын шенеуніктер аппараты – яғбу, шад тағы басқалар құрылды. Түркі мемлекетінде қарапайым халық бұдун аталды.

Түркілердің шыққан тегі бір болғандықтан олардың жерге және

соғыстан түскен олжаға құқықтары бірдей еді. Қауым ішіндегі бірлік таптық қарама-қайшылықтарды болдырмады.

Түркі қағанатының негізін қалаушы Бумын қайтыс болғаннан кейін билікке келген Мұқан қаған жужандарды талқандауды аяқтайды. Мұқан қаған Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір, Оңтүстік-батыс Маньчжуриядағы қидандар, қаракытайлар, Тува жері мен Енисей қырғыздарын бағындырды. Иштеми (Истеми) қаған қазіргі Қазақстан, Орта Азия аумағын бағындырып, Еділ мен Солтүстік Кавказға шықты.

Қытай жылнамаларындағы деректер бойынша Мұқан қаған «Шегара (Ұлы қорған) сыртындағы барлық иеліктердің зәресін ұшырды».

Алтыншы ғасырдың 60-ыншы жылдары Түркі қағанаты сол кездегі ірі мемлекеттер – Византия, Иран, Қытаймен өзара қарым-қатынас жасады. Түрік қағанаты нығайған кезінде (алтыншы ғасырдың жетпісінші жылдары) Маньчжуриядан Босфорға және Сібірден парсы еліне (Иран) дейінгі жерді алып жатты.

Түркілерді әскери күшпен жеңе алмаған Қытай 603-інші жылы дипломатиялық жолмен қағанаттың ыдырауына қол жеткізді.

Біртұтас мемлекет Түркі қағанаты 603-інші жылы Шығыс (Моңғолия) және Батыс (Орталық Азия мен Қазақстан) болып екіге бөлінді. Қағанат ыдырағанмен қуатты мемлекет болып қала берді. Түркі қағанаты 603-інші жылы Батыс, Шығыс болып бөлінгеннен кейін олардың территориясы анықтала бастады.

17. Батыс Түрік қағанаты: құрылуы, аумағы, этникалық құрамы. Саяси тарихы.

Батыс түрік қағанаты (603—704).

582—603 жылдары Түрік мемлекетінде ыдырау үдерісі жүрді. Түрік қағанаты 603 жылы Шығыс (Моңғолия), Батыс (Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі) болып екіге бөлінді.

Батыс Түрік қағанаты ежелгі үйсін мемлекетінің жерінде құрылды. Батыс қағанаттың

орталығы Шу аңғарындағы Суяб (Жетісу) қаласы болды. Аумағы: Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жер, Алтай, Сібір, Әмудария, Еділ, Жайық өзенінің төменгі ағысы аралықтарын қамтыған. Құрамына Шығыс Түркістан, Самарқанд, Кеш, Бұқара сияқты отырықшы-егінші аймақтар да енді. Осы ұлан-байтақ территорияны мекендеген түркі тілдес тайпалар: үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, теле, басмыл, қыпшақ, оғыз, баға (жайма) тағы басқа тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына қосылды.

Батыс түрік қағандығының билеушісі қаған деп аталды, ол сонымен қатар әскери басшы билігін де атқарды. Қағаннан кейінгі екінші адам ұлық болған. Одан кейінгі лауазымды қызметтер ябғу, шад және елтебер деп аталды. Сот қызметін бұйрықтар мен тарқандар атқарды.

Шығыс Түрік қағанатының жұрты көк түрік, ал Батыс Түрік қағанатының жұрты «он оқ бұдын» — «он оқ елі» аталды.

Халқының құрамы алуан түрлі тайпалардан тұрған қағандықта 630 жылдардан бастап, билік үшін талас-тартыстар басталып, Батыс Түрік қағандығының екі тайпалар одағы-дулу мен нушиби арасындағы тайпалық соғысқа әкеліп соқты. атыс Түрік қағанатының әлсіреген жағдайын біржола пайдаланып қалуды ойлаған Қытай мемлекеті 659 жылы Жетісуға басып кіреді. Қағандық өзінің тәуелсіздігінен айырылды. Түріктердің Тан мемлекетінің (618-907 жж.) басқыншылығына қарсы жүргізген тынымсыз күресі барысында қағанат құрамында түргештер күшейіп, көтерілді. VII ғасырдың аяғында және VIII ғасырдың басында Түргеш тайпасының көсемі Үшліктің Тан империясына қарсы жүргізген соғыстары нәтижелі бола бастады. Ақыры 702

жылы Үшлік Қытайлармен күресте жеңіске жетеді. Бұл жеңіс Түргеш тайпасының беделін көтеріп, осылайша, 704 жылы Батыс Түрік қағандығы жерінде Түргеш қағандығы тарих сахнасына шықты

18.Түркеш мемлекетінің құрылуы мен нығаюы.

Түргеш қағанаты 704-756 жылдар аралығында өмір сүрген. Үлкен ордасы – Суяб қаласы, кіші ордасы – Іле өзені бойындағы Күнгіт қаласы болды. Қағанаттың негізгі жер аумағы Жетісу болды. Сонымен қатар қағанаттың жері Шаш (Ташкент) қаласынан Бесбалық, Тұрфан қалаларына (Шығыс Түркістан) дейінгі аралықты қамтыды. Алғашқы қағаны – Үшлік. Түргештер сары және қара түргештер болып бөлінген. Олар Шу, Талас, Іле өзендерінің бойында өмір сүрген.

Сұлу қаған кезінде үш жақты күрес жүрді. Біріншіден, батыста арабтардың шапқыншылығы күшейді, екіншіден, шығыста Қытай қауіп төндірді. Үшіншіден, Шығыс Түрік қағанаты Жетісудағы ішкі қайшылықтарды пайдалануға тырысты. Сұлу қаған шығыстағы жағдайды әскери келісімшарт жасаумен қатар, құдандалық жолмен шешуге тырысқан. Сұлу қағанның шайқастарға тікелей өзі қатысуына және үнемі жеңіске жетуіне байланысты арабтар оған “Сүзеген”, “Мүйізді қаған” деп ат қойған. 751 жылы түргештер Таразға жақын жердегі Атлах қаласында көмекке келген арабтар және қарлұқтармен бірлесіп, қытай әскеріне күйрете соққы берді. Қытайлардың аман қалған бөлігі Жетісудан біржолата кетуге мәжбүр болды. Алайда жікке бөлінушілік тоқтамай, қағандық біржола әлсіреді. Бұл жағдайды пайдаланған қарлұқ

көсемдері 756 жылы Түргеш қағанатын құлатып, билікті өз қолдарына алды.

Түргештер көшпелі және жартылай көшпелі мал өсірумен, жартылай отырықшы егін салумен шұғылданды. Түркеш мемлекетінде билік мұрагерлік жүйеге негізделді. Билік әкеден балаға немесе ағадан ініге мұрагерлік жолмен қалып отырды.

Түркеш тайпалары қолайлы географиялық орналасуы, табиғи климат жағдайларына байланысты отырықшы, қала мәдениеті дамыған, көп салалы шаруашылықпен шұғылданды. Мал шаруашылығының жартылай көшпелі түрі, егіншілік, қолөнер, саудамен айналысты. Археологиялық қазба жұмыстары барысында Тараз қаласынан «Түргеш қағанының теңгесі» немесе «түріктің көк ханының теңгесі» деген соғды жазуымен жазылған теңгелер табылған.

19.Қарлұқ тайпаларының қоныстану аумағы және тайпалық құрамы.

Қарлұқ қағанаты (756-940 жж. немесе 8-10 ғғ. аралығы)– **Жетісу** жеріндегі ежелгі мемлекет.

Қарлұқ тайпаларының негізгі топтасқан жері – Алтай тауынан Балқаш көліне дейінгі аралық. Алтай тауынан Сырдарияның орталық ағысына дейінгі аймақты алып жатқан қарлұқтар 756 жылы түргештерден билікті алып, өз мемлекеттерін құрды. Қағанат орталығы – Суяб қаласы. Олар туралы алғашқы жазба мәліметтер «Суй әулетінің тарихында», Күлтегін жазбаларында кездеседі.

Қарлұқтардың этникалық құрамында үш ірі ру бірлестіктері-моула, чжинси, ташида кірді. Ал араб парсы деректемелері бойынша Қарлұқ бірлестігі көптеген ру тайпа топтарынан тұрған және түрік тілінің әртүрлі диалектілерінде

сөйлеген. Қарлұқтардың билеушісі жабғу болған.

Қарлұқ қағандығы 775-875 жылдар аралығында Ислам дінін қабылдап, оның билеуші ақсүйектері арасында Ислам діні терең тамыр тарта бастады. Осының нәтижесінде, ежелгі Түркі жазуы және соғды жазуы ығыстырылып, араб әліппесі негізіндегі жаңа түркі жазуы қалыптасты. Қалаларда мешіт, медреселер ашылды. Осы дәуірде қазіргі Қазақстанның Сырдария алқабындағы Отырар (Фараб) қаласында туыпөскен Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) философ әрі энциклопедист-ғалым, “екінші ұстаз” (Аристотельден кейінгі) ретінде ғылым мен мәдениетте әйгілі болды.

Қарлұқтар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Негізінен қой, жылқы, түйе өсірді. Жібек жолы бойында орналасқан қалаларда сауда-саттық пен қолөнер дамыды. Қарлұқтар көбінесе ұйғырлармен және қырғыздармен әскери қақтығыста болды. Сыртқы әскери шапқыншылық пен ішкі талас-тартыстан Қарлұқ қағанаты 10 ғасырдың ортасына қарай әлсірей бастады. 940 жылы Жетісуды қарахандықтар басып алғаннан кейін Қарлұқ мемлекеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.

20. Сырдария бойындағы жабғу мемлекеті.

Оғыз мемлекеті немесе Оғыз Жабғу мемлекеті (766 жыл – 1055 жыл) — IX ғасырдың ортасында Сырдарияның орта және төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпаларының саяси бірлестігі құрылды. IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың басында Сырдарияның орта және төменгі ағысында Оғыз мемлекеті құрылды. Орталығы – Янгикент қаласы (Жаңа Гузия). Махмуд Қашғаридің дерегі бойынша, оғыздар

алғашында 24 тайпадан тұрған. Бұл оғыздардың жаңадан әр үрлі тайпалардан қалыптаса бастаған кезі. Әл-Марвази оғыздардың 12 тайпасы ғана жайлы жазады. Бұл кезең оғыз тайпаларының бір-біріне қосылып, халықтық халықтық дәрежеге көтеріле бастаған мезгілі болып есептеледі. «Оғыз» деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Алайда "оғыз" сөзінің пайда болуы туралы әр түрлі пікірлер жоқ емес. Кейбір ғалымдар "уыз" сөзінен шықты десе, екінші біреулері "садақтың оғы" деген сөзден пайда болған дейді. Ал үшінші бір ғалымдар "өгіз" деген тотемдік сөзден пайда болды деп дәлелдеуге тырысады.

Печенегтермен күресі

Оғыздар қуатты Хазар қағанатымен одақтасып печенегтерге қарсы соғысты. Бұл шамамен 9 ғасырдың соңында еді. Ақыры печенегтерді ығыстырып Еділ мен Жайық аралығын өздеріне қаратты. Печенегтер болса, біразы батысқа көшті, біразы оғыздарға қосылды.

Оғызнама

Оғызнама бұл оғыздар жайлы дастан. Оғыздардың қайдан шыққаны, тұрмысы, әдет-ғұрыптары және басқа жайттар баяндалады.

Шаруашылығы

- > Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығы
- > Егін шаруашылығы
- > Кәсіпшілік пен қолөнер

Оғыз мемлекетінің ыдырауы

Оғыздар арасында 10-11 ғасырларда салық мөлшері көбейген. Өзге елдерді бағындыру үшін көп қаржы қажет еді. Халық арасында наразылық туындады. Елде алауыздық көбейді. Оған қоса Сарыарқа даласынан қыпшақтар оғыздарға қысым көрсете бастады. Қыпшақтар

Сыр бойын жаулап алды. Сосын салжұқтар оғыздардың соңғы жабғуын екі жылдан кейін қолға ұстап өлтірді. Сөйтіп бүткіл оғыз еліне тиесілі Оғыз мемлекеті жоқ болды.

21. Қимақтардың мемлекеттік құрылымындағы ежелгі түркі әлеуметтік-саяси дәстүрлерінің сабақтастығы.

Қимақ (Кимек) қағанаты - Шығыс және Орталық Қазақстанда IX ғасырдың ақыры – XI ғасырдың басында болған ертедегі мемлекет. Қимақтар тарихының алғашқы кезеңі қытай деректерінде ұшырасатын яньмо тайпасы атауымен тығыз байланысты. Яньмо (немесе қимақтар) VII ғ. басында Моңғолияның солтүстік-батысында өмір сүрген. VII ғ. ортасында олар Алтайдың солтүстік бөктеріне, Ертіс маңына қарай қоныс аударған. 656 ж. Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін тайпа көзге түсе бастайды. Қағанат сыртқы жаудан қорғану үшін және өз жерін кеңейту үшін көрші елдерге үнемі шапқыншылық жасап отырған. Ондай хабарлар жазба деректерде көптеп кездеседі. Мәселен, оларда қимақтардың 11 ғасырда "тоғыз-ғұздар" жерінің бір бөлігін қол астына қаратқаны айтылса, ал X ғасыр басында тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы-Шығыс Түркістандағы Жамлекес қаласын басып алғандығы баяндалады. Сонымен бірге, қимақтар Енисей бойындағы бойындағы қырғыздарға да шабуыл жасап тұрған. Ал Сыр бойындағы оғыздармен бірде тату тұрып, бірде өзара соғысып қалатын кездері де болады. Міне, осындай жағдайлардан бұл тайпалардың тілдік қатынас жағынан да, мәдениеті жағынан да ұқсас тұстары өте көп.

22. Ортағасырлық Қазақстан аумағындағы Қараханидтер.

Қарахан хандығы (942-1210 жылдар). Саяси тарихы:

Қарахандықтар мемлекетінің қалыптасуында Жетісуды мекендеген Қарлұқ бірлестігінің тайпалары басты рөл атқарды. Қарахан әулетінің негізін салушы – Сатұқ Боғрахан (942 жыл). Мұсахан 960 жыл исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Қағанатқа 990 жылы Тараз, Исфиджаб, 992 жылы - Хотан, Бұқара, 999 жылы - Саманилер мемлекеті қосылды.

XI—XII ғасырлардағы территориясы: Мәуереннахр-Қашғар аралығы. XI ғасырдың 30 жылдары мемлекет екіге бөлінді:

- Батыс хандық; астанасы - Бұхар, территориясы - Мәуереннахр.

- Шығыс хандық; астанасы - Баласағұн, территориясы - Жетісу, Қашғар аймағы, Тараз, Исфиджаб, Шаш, Ферғана.

1089 жыл - Қарахандықтар селжұқтарға вассалдық тәуелділікке түсті. 1102 Ж. Баласағұн мен Тараздың билеушісі Қаңырхан Жебірейіл Мәуереннахрды жаулап, Амударияға дейінгі жерді өзіне қаратты. Термезге шабуыл кезінде селжұқтардан қаза тапты. 1128 жыл - қарақытайлар Шығыс хандықты жаулап, Жетісуда Қарақытайлар билігі орнайды.

Сұлтан Санжар тұсында селжұқтардың Мәуереннахрға ықпалы артқан кезде қарахандықтардың саяси құлдырауы басталды.

Осыны пайдаланған қарақытайлар XII ғасырдың екінші ширегінде Шығыс Қарахандықтың қалған иеліктерін түгел басып алып, Батыс хандыққа шабуылдайды.

- 1141 жыл - қаратықайлар Қарахан мемлекетін түгелдей бағындырды.

- XIII ғасырдың басы - Қарахан мемлекеті өмір сүруін тоқтатты.

Мемлекеттік құрылымы:

Мемлекетті шығыл және яғма тайпалары басқарды. Билеуші титулы - хан. Ұсақ аймақтардың басшылары - илақ, тегін. Хандар өз туысқандары мен әскери қолбасшыларына белгілі бір аудан немесе қала халқынан салық жинау құқығын сыйлады. Бұл - икта, ал оны иемденуші - иктадар деп аталды.

Отырықшы - егіншілік қоныстарда шаруаларды қанаудың бірнеше түрі болды:

- ұлыскерлік - жерді шаруаға жалға беріп, өнімнің жартысын салық түрінде төлеу.

- қамқорлыққа алу - тұтас қауым өздерін және мал-мүлкін байлардың қамқорлығына өткізді және сол үшін алым жинады.

X-XII ғасырларда сәулет өнері дамыды: Бабаджахатун, Айша бибі, Қарахан, Аяққамыр, Алашахан, Әулие ата, Сырлытам мырзалары, Талас өзеніндегі тас көпір, Тараз моншасы.

- 960 жылы ислам діні алғаш рет мемлекеттік дін болып жарияланды. Ежелгі түрік жазуының орнына араб графикасы келді. Түркі тіліндегі мұсылман әдебиеті шыға бастады:

- Жүсіп Баласағұнның "Құтадғу білік" шығармасы (1069 ж.).

- Махмут Қашғаридың "Диуани лұғат ат-түрік" шығармасы (1074 ж.).

Қарахандықтар кезеңі — саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмір жоғарғы деңгейде дамыған жаңа кезең.

23. Қыпшақтардың шығу тегі мен этникалық тарихы.

Қыпшақ мемлекеті. (XI ғасырдың басы — 1219 жыл).

Қыпшақтар туралы мәлімет алғаш рет 201 жылы көрсетіледі. Толық мәліметтер 760 жылы ежелгі түрік руна жазуларында кездеседі (кибчак, қыпчак). Орыс жылнамашылары (XI-XIII г.) половецтер, сорочиндер;

венгрлер-палоцылар, кундар; Батыс Еуропа саяхатшылары (XIII к.) - командар, кунандар деп атап.

Қыпшақ этникалық қауымдастығының дамуын 3 кезеңге бөлеміз:

- VII-VIII ғасырлар. VII ғасырдың ортасында Алтайдың солтүстігі мен Ертісті жайлаған қыпшақтар қалмақ бірлестігінің негізін құрады.

- VIII-XI ғасырлар. VIII ғасырда қыпшақтар этнос болып қалыптасып, Алтайдан Ертіске, Оңтүстік Орал тауларынан Еділге қоныстанды. Үш этнос-саяси бірлестіктер - кимақтар, қыпшақтар, күмандар кимақ мемлекетінің билігінде болды.

- XI-XIII ғааырлар. Қыпшақ хандарының билігінің күшеюі. XI ғасырдың басында кимақ қағанаты құлаған соң әскери-саяси басымдық қыпшақ тайпасының қолына көшті. Қыпшақтар өзендерді Сырдарияның төменгі және орта ағысынан, Арал, Каспий маңы далаларынан ығыстырды. XI ғасырдың екінші ширегінде "Оғыздар даласының" ("Мафазат әл-гуз") орнына "Дешті Қыпшақ" ("Сахра әл-кыпчак") атауы пайда болды. XI ғасырдың ортасы - қыпшақтар Еділден өтіп, 1054 жылы орыс жерін, одан әрі Дунай өзеніне дейін аралықта қоныстанды. Дешті-Қыпшақтың тарихи-географиялық аумағы - Ертістен Днепрге дейінгі жер.

Қыпшақтың этникалық бірлестігі екіге бөлінді:

- Батыс Қыпшақ-половецтер даласы.

- Шығыс Қыпшақ-Дешті-Қыпшақ даласы (Қыпшақтың кең даласы).

Мемлекеттік құрылымы: Билеушісі - хан. Билікке елбөрі руынан сайланды. Астанасы - Орда. Мемлекет екі қанатқа бөлінді:

- Оң канат-орталығы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласының орны.

- Сол қанат- орталығы Сығанақ.

Теңсіздіктің негізі- малға жеке меншікке қол сұғу қатаң жазаланды: ұрланған ат 9 ат айыбымен қайтарылған. Бай ақсүйектің 10 мың жылқысы болған. Малдан айрылып кедей жатақ атанған. Құлдардың ешқандай құқы болмаған, оларды көбінесе сатқан, тек аз бөлігі жалпы малай ретінде пайдаланылған.

Қыпшақ тайпалары - XI-XII ғасырларда Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы саны жағынан ең көп түркі тілдес тайпа. Қыпшақтардың көші-қон жолдары туралы араб географы ол-Омари (XIV ғ.): "қыпшақтар қысты Сарайда өткізеді, ал жайлаулары Орал тауының аймағында" - деп жазды. Қыпшақтардың қыстауы Арал мен Сырдария маңында, жайлаулары -Солтүстік, Орталық Қазақстанда.

Ыдырау себептері:

- Қыпшақ ақсүйектерінің Хорезмге қарай бейімделуі. Қаңлылардың ірі бірлестігінің құрылуы.
- Хандық билік үшін тартыстың күшеюі.

XII ғасырдың "екінші жартысында Хорезм шахы Текеш қыпшақ ақсүйектерін ен жақындасу саясатын жүргізді. Қыпшақ көсемдерін белді қызметтерге орналастырды. Қыпшақ ханы Жанкешінің қызы Теркенқатынды әйелдікке алды.

Хорезм билеушілері қыпшақтарды мұсылмандыққа енгізуді көздеді, алайда Жент пен Фарабтың арасын мекендеген қыпшақтар XII ғасырға дейін пұтқа табынушылар болып қалды.

Хорезм билеушілері қыпшақ ақсүйектерінен өз талаптарын қолдайтын құпия әскери ұйым құрды. XIII ғасырдың басында Хорезм шахы Мұхаммед Сығанақ аймағын қосып алды.

24. Найман, керейіт, меркіт, жалайырлар туралы деректердің мәліметтері.

(X-XII ғасырлар). Наймандардың саяс и тарихы.

Найман тайпалық одағы VIII ғасырдың ортасында Ертіс пен Орал өзендері бойында пайда болған.

- Одақ құрамында 8 тайпа болған (найман-моңғолша сегіз). Наймандар: батыста-қаңлы мен қарлұқтар, солтүстікте Енисей қырғыздары, оңтүстікте- ұйғырлар, шығыста керейлермен шектеседі.

X ғасыр - найман мемлекеті құрылып, ол бірнеше ұлыстардан тұрды. Әр ұлыстың ханы болған. Билеушісі-хан. Салық жинаушы-герби. Ұлысәскері ондық принципке негізделді. Наймандар мен керейлер мемлекетінде құқық нормалары қарапайым әдет-ғұрып жүйесіне негізделді. Ісқағаздары ұйғыр жазуында жүргізілді.

- 1007 жыл - наймандар мен керейлер несториандық бағыттағы христиан дінін қабылдады.

- 1204 жыл - Шыңғыс хан наймандарды бағындырды. Найман ханы Күшлік өз адамдарымен Алтайға, Қара Ертіс алабына көшіп, сол жердегі найман, керей топтарына қосылды.

- 1211 жыл - наймандар Жетісудағы билікті қарақытайлардан тартып алды.
- 1218 жылы Жебе ноян шабуылынан Найман хандығы құлады.

Керейлердің саяси тарихы (X-XII ғасырлар).

Керейлер туралы алғашқы жазба дерекгер Xғасырда кездеседі. Керейлер батысында-наймандармен, солтүстігінде- меркіттермен, шығысында- татарлармен, оңтүстігінде- мәңгүрттермен көрші тұрды.

Керей хандарының екі астанасы болды:

- Солтүстікте- Орхон өзені бойындаҚатынбалық қаласы.

- Оңтүстікте- Хуанхэ өзені бойында.

XII ғасырдың екінші жартысындағы территориясы: Селенга-Хуанхэ өзендері, Хангайтауы-Халқын көлі аралығы. Керейлер билеушісі Тұғрыл хан (Еуропада Иоганн король атанған) ордасында болашақ, билеушілер мен көсемдер саяси және елшілік істерге тәрбиеленген (Темучин, Жамұқа т.б.).

1203 жылы моңғолдар шапқыншылығынан Керей мемлекеті құлады. Халқы бірнеше аймаққа тарады:

- Моңғол мемлекетінің құрамына енді.

- Солтүстік Қазақстан мен Жетісуға көшті.

- Батыс Сібірге жылжып, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері бойында мемлекеттік бірлестік құрды.

Бұл мемлекеттік бірлестіктің негізін талушы - Тайбұға хан. Астанасы- Чимга — Тура (Тюмень маңы).

Моңғол шапқыншылығынан кейін керейлер Жошы ұлысының құрамына кіріп, қазақтардың Орта жүзінің тармағына енді.

25 Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы.

Түркі өркениеті

Түркі өркениеті тарихта жеке-жеке емес, бір жүйе, бір процесс түрінде пайда болған. Ол әртүрлі өркениеттердің Еуразия бойынша ұрпақ өзгерістерінің генераторы (қуат көзі) қызметінде осы өзгерістерден нәр алған, жаңадан пайда болған өркениеттерге тың серпін берген. Осы орайда, түркі өркениеті тек өзін ғана тудырған бір жүйе емес, сонымен қатар әлем өркениетін құраушы басты детерминаттардың (айқындауыштардың) бірі екенін айтып өту керек. Түркі өркениетін жөкқа шығарушылардың пікірінше,

түркілердің тек мәдениеті ғана қалыптасқан, ал өркениет тудыру деңгейіне жете алмаған. Бұл толықтай жаңсақ көзқарас. Себебі мәдениет ішінде мәдениеттердің болу фактісін растау, жалпы алғанда, мүмкін емес. Түркі өркениеті де тарихи даму заңдылығына сәйкес бір-бірімен генетикалық байланысы бар әртүрлі мәдениеттер тудырған. Бұл ұлттық мәдениеттер (түрк, эзербайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, ұйғыр, башқұрт, татар және т.б.) ғасырлар бойы өзіне тән ерекшеліктер алуына қарамастан, ұқсас сипаттарын да жоғалтпаған. Сонымен қатар, олар түркі өркениетінің ішінде әмбебап құндылықтарға ие мәдениеттер секілді тармақтала түскен.

Әлемдік өркениетте ерекше орны бар **Ұлы Жібек жолының тарихы** сонау ерте заманнан басталады. Сонау ерте замандағы сақтар, үйсіндер және қаңлылар кезінде сауда жолымен Қазақстанға Римнің шынысы мен теңгелері, айнасы мен жылтыр кесесі, Еуропаның қапсырмалары және Иранның тас мөрлері келіп жетті.

Ұлы жібек жолының түрік бөлігінің мәдениеті Жібек жолының түрік бөлігі халықаралық саудада ерекше рөл атқарды. Сауданың дамуы Ұлы Жібек жолы көптеген қалалардың пайда болуына, олардың өркендеуіне жол ашты. Бұл жол бөлігі мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарып, Шығыс пен Батыс мәдениеттері арасындағы байланыстырушы көпір болды. Жол бағыттары бойындағы қалалар мен тұрақтар – сауда орталықтары ғана емес, ғылым мен мәдениет орталықтары да болды. Мәселен, Отырар – ұлы ғалым әл-Фарабидің Отаны, одан кейін ғылымға келген Шығыстың барлық ұлы

ғалымдары – Авиценна, әл-Бируни, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ұлықбек және басқалары өздерін оның шәкірттері деп санады. Жібек жолы бойымен діни идеялар, тауарлар және олардың өндірісі туралы ақпарат атап айтқанда, жібекті, түрлі-түсті шыныны, қағазды, кітап басуды, оқ-дәрі мен зеңбіректі дайындау тәсілдері таралды

26 Қазақстанның түркі дәуіріндегі ортағасырлық сәулет ескерткіштері.

Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр. Талас өзенінің бойынан, Қырғызстан жерінен барлығы 13 ескерткіш табылған. Таластан табылған ескерткіштер көлемі әзірше өте шағын және сан жағынан да аз.

Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар асатаяқ та қызықтыраы сөзсіз. Оның төрт қырына да көне түркі алфавитімен жазылған жазулар бар. Бұл асатаяқ шыршадан жасалған, оның құндылығы да осында. Асатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы.

Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба-жазулы, тастар, Талдықорған өңірінен, Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған. Сонымен, ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп, өзіне лайық жазуын, тілін, мәдениетін дамытқан. Ежелгі түркі мәдениетінің орталықтары Енисей, Орхон, Селенгі, Талас өзендерінің бойы, Минсуеивск ойпаты, Алтай тауы, қазіргі Тува, Краснояр, Жетісу аймақтары болды. Оған Шығысы Хангай, Сарыөзеннен, Батысы – Карпат тауларына, Оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан, Теріскей – Ленаға дейінгі аралықтағы байтақ аймақты мекендеген

түрік халықтарының жазу-сызу дәстүрінен қалған барлық мұралар енеді. Ғылым әлемінде түрік жұрттарының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500 жылдан бері бар деп есептеледі. Әзірге мәлім болған есеп бойынша, көне түрік жазуымен тас бетіне 240-тай, қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті. Манихей әрпімен 554 бетке жуық мұралар, ұйғыр әрпімен 1000-ға тарта мәтіндер, 10-ға жуық кітаптар жасалыпты. Араб әрпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама. Жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып, пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тоныкөк, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жырлардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагөй білімдарлары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне тусірді.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық-мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өмірлерінен хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркі даласының ішкі сырын бойына сіңірген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырларды аттап, өз заманының шындығы мен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп, еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр.

27 Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмет Яссауи шығармаларының әлемдік маңызы.

Көне түркі жазуы, түркі руникалық жазба

ескерткіштері – 7–9 ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атакты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әбу Насыр әл-Фараби

Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан.

Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы

Сүлеймен Арслан ханға (908 - 955) тарту етеді.

Махмұд Қашқари

Туған жері, ежелгі үйсіндер құрған, әртүрлі аталған мемлекетінің, қазіргі Қырғызстанжеріндегі Ыстықкөл жағасындағы (кей деректе Шу бойындағы) Барсхан қаласы. Ыстықкөл маңындағы болған Барысхан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Қарахан әулетінен.

Қашқарда, Бағдатта білім алған. Византия, Түркия, Қытай және басқа елдерді аралаған. Түркі тілімен қатар, араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған. «Диуани лұғат ат-түрік» - Қ. ең ұлы шығармасы.

Қожа Ахмет Ясауи

Қожа Ахмет Ясауи – 1093 жылы туылған түркістандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды.

28 Шыңғысханның Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алуы

Дешті Қыпшақ, Қыпшақ даласы –XI-XIV ғасырларда қолданылған тарихи-географиялық ұғым. Одан бұрын Оғыз даласы аталған. Оғыздардан тараған Қыпшақ ұлысының қимақ саяси-әлеуметтік қауымын құрып, байтақ мәдени із қалдырған өлке. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап қыпшақтардың негізгі мұрагері

және ұрпағы болған қазақ халқының байтақ мекені – Дешті Қыпшақ даласы. Ол кейін «Қазақ даласы», «Қазақ сахарасы» деген атпен белгілі болды. Дешті Қыпшақ Оғыздар даласы алып жатқан жерден де кең аумақты қамталды. Сонымен қатар Ертісті мекендеген қимақ мемлекетінің жері де қыпшақтардың еншісіне тиді. XI ғасырдың ортасында қыпшақтар Еділдің оң жақ бөлігіне өтіп, орыс жылнамаларында половец деген атпен белгілі бола бастады. Ал Батыс Еуропа мен Византия шежірелерінде «куман» немесе коман деп аталды. Орыс жылнамаларында «Қыпшақ даласы» деп шығыста Еділге, ал батыста Днепрге дейін созылып жатқан жерлерді атаған. Ал іс жүзінде қыпшақтар қонысы Карпат тауларының орманды бөктерлеріне дейін жеткені тарихи деректерден мәлім. XI ғасырдың аяғында қыпшақтар Византияның Дунайдағы шептеріне ілігіп, XII ғасырдың орта шенінде олар Дунайдан әрі батыстағы жерлерді қоныстанған. Сонымен қатар қыпшақтар Қырымның далалық бөлігін, одан әрі шығыста Еділдің құяры сағасы мен Саксин төңірегін де мекендеген. Олардың «саксин тобы» деп аталған ерекше тобы орыс далаларын қоныстанған. Дешті Қыпшақ қиырсыз кең жеріндегі саяси билік қыпшақтардың қолында болып, оларға көптеген этностық топтар бағынған. Қыпшақтардың осылай өз жерін ұлғайтуын олардың тек қана батысқа қарай жаппай қоныс аударуы деп түсінуге болмайды. Қыпшақтар осы кең алқапты тегіс мекендеген. Плано Карпини (1246) мен Рубрук (1253-1255) саяхатынан кейін қыпшақ жерінің шын мәнісінде ұшықиырсыз екені белгілі бола бастады. Армян патшасы Гетум қыпшақтардың қонысы шығыста Хорезм патшалығы, одан әрі Ертіске дейін

созылатынын айтып, тандана жазған (1307).

Шыңғыс-хан қолының негізгі жорықтарының бірі қыпшақ даласы мен Орта Азия жеріне жасаған жорығы болды, бұл жорық оларға Шығыс Еуропа мен алдыңғы Азияға жол ашты. Осыған дәлел ретінде: Сирия ғалымы Йақұттың (13ғ.) “Муджам әл-бұлдан” (“Елдердің тізімі”) атты географиялық анықтамасында моңғол басқыншылығы, моңғол әскерлерінің қыпшақ, алан, бұлғар және Саксин жерін басып өткендігі жайлы айтылады. Шыңғыс-хан Қазақстан мен Орта Азияға жасаған жорығына зор мән беріп, оған ұзақ әрі мұқият әзірленді.

1211 жылы Жетісуда Шыңғыс-ханның қолбасшыларының бірі Құбылай бастаған отрядтары пайда болды. Қарлұқ әміршісі Арслан-хан, орталығы Алмалықта болған тәуелсіз иелік құрған Бұзар-хан да өзін Шыңғыс-ханның вассалдарымыз деп таныды. Моңғолдардың батысқа қарай жылжуы 1218 жылы қайта басталды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлікті талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін оған Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді.

Жетісуды Шыңғыс-хан аса көп қарсылықсыз – ақ басып алды. Моңғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік-ханның жігерсіздігіне, оның діни құдалауларына, салықпен зар илеткен зорлық – зомбылығына ыза болған найманның феодалдары Шыңғыс-ханға мойынұсынатынын білдіріп, өз әскерлерімен оның қызметіне кірді, ал Күшілікті моңғолдар Бадахшанда Шығыс түркістандағы Сарыкөлде қуып жетіп, басы алынды.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға жол

ашылды. Қазақстанға басып кіруге «Отырар опаты» деп аталатын жағдай себеп болды

29. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы.

1227 ж. Шыңғысхан қайтыс болды. Ол өлгеннен кейін 1235 ж. Қаракорымда өткен монғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады. Монғол әскерлерін Шыңғысханның мұрагер немересі, Жошының екінші ұлы Бату басқаратын болды. Батудың жеті жылдық соғыс нәтижесінде (1236-1242 ж.ж.) монғолдар кең байтақ жерге ие болды. Оның шегі батыста - Днестрге, шығыста - Ертіске, Солтүстікте - Батыс Сібір ойпатына, Оңтүстікте - Солтүстік Кавказға дейін жетті. Осындай аса зор мемлекет шығыс деректемелерінде Көк Орда, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деп аталды.

Астанасы алғашында Еділ бойындағы Сарай Батуда болса, Кейін Сарай Беркеге көшірілді. Алғашында Алтын Орда деген ұғым болмаған. Бұл атау орыс деректерінде тек XVI ғ. аяғында пайда болған. Өтеміс қажының «Шыңғыснама» шежіресінде бұл туралы аңыз бар.

Территориялық аймағы – Шығыс Дешті Қыпшақ яғни Обь пен Ертістің жоғарғы жағынан, Еділ мен Амударияның төменгі бойларына дейінгі жері, Хорезм Бату -1243-1255 жж., Берке - 1257-1266 жж., Мөңке-Темір -

1266-1280 жж., Төле Мөңке-1280-1287 жж., Төле-Бұқа - 1287-1291 жж., Тоқа-Темір - 1291-1312 жж., Өзбек 1312-1342 жж., Жәнібек- 1342-1357 жж., тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Бату Монғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді.

Алтын Орда Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен саудасаттық жүргізді, әр түрлі кәсіпшілікпен айналысып, қолөнерді дамытты. Беркенің кезінде Алтын Орда мен Египет сұлтаны Бейбарыс арасында байланыс күшейе түсті. 1262 ж. Бейбарыс Алтын Орда ханы Беркемен өзара достық қарым қатынас орнату үшін өз елшісін жіберді. Мұнан кейін екі ел арасында әскери, сауда, діни, мәдени байланыстар орнады. Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды. 1312ж. Өзбек хан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады.

Алтын Орданың гүлденген мезгілі осы Өзбек хан (1312-1342жж.) мен оның баласы Жәнібек ханның (1342-1357жж.) билік еткен тұстары болды. Өзбек хан қалаларда медресе салдырып, мұсылмен дінінің таралуына септігін тигізді .

Көшпелілер негізінен түркі халықтары – ең көбі

қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, орыстар, черкастар, хорезмдіктер, т.б кірді. Мұнда моңғолдар саны аз болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғ. моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы «татарлар» деген атау алды Темір әулетінің негізін қалаушысы Әмір Темір 1389, 1391 және 1395 жылдары Алтын Ордаға аса ірі жорықтар жасайды. 1395 жылы Тоқтамыс пен Темір арасындағы соғыс Солтүстік Кавказ өңірінде басталды. Тоқтамыс ханның әскерін жеңген Әмір Темір Алтын Орданың астанасы Сарай-Беркені басып алды. Осылайша Алтын Орда тоқтаусыз соққылардан әлсіреп, соңында құлады.

30. Ақ Орда мемлекеті. (XIII ғ. соңы – XVғ. басы).

Ақ Орда-Алтын Орданың шығысындағы протоқазақтық ұлыс, кейіннен тәуелсіз мемлекет XIV-XV ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан моңғол шапқыншылығы зардабынан арыла бастады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар түзеле, көптеген ұлыстар мен елдер тәуелсіз бола бастады. Осындай тәуелсіздікке ие болған мемлекеттердің бірі - Ақ Орда. Оның шекарасы Жайық өзенінен Ертіске, Батыс Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін созылып жатты. Ақ Орданың астанасы - Сырдария өзенінің орта ағысы бойында орналасқан Сығанақ қаласы.

Ақ Орданың халқы - қыпшақтар, Алтайдан осында қоныс аударған наймандар, қоңыраттар, керейттер, үйсіндер, қарлұқтар. Ресми тілі-қыпшақ. Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері қалыптасты. Мал шаруашылығы да дамыды. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп тұрды. Орда хандары - Орда-Ежен, Сартақ, Баян, Сасы Бұқа хан, Ерзен, Мүбәрәк Қожа хан, Шымтай хан, Ұрыс хан, Құйыршық хан, Барақ, Керей, Жәнібек және т.б.

Ақ Орданың күшейген кезі XIV ғ. II жартысы. 1361 жылы Ақ Орданың билеушісі болған Ұрыс хан өз кезінде біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағын иемденуге күш салды. Сөйтіп, 1374-1375 жылдары Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хажы-Тарханды (Астраханды) қоршауға алды. Кама бұлғарларының жерін бағындырды. Бірақ Ұрыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, келесі жылы ол Еділ бойынан кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. 1377 жылы Ұрыс хан қайтыс болды. Ақ Орда иелігі енді Ұрыс ханның баласы Темір Мәлікке көшті. Бірақ осы кезде Маңғыстау үстіртінің билеушісі - Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды. Өзін 1379 жылы

Ақ Орда ханы етіп жариялайды. Ақ Орда әмірлерінің қолдауына ие болған ол, 1380 жылы Сарайды, Қажытарханды, Қырымды және Мамай Ордасын басып алды. Тоқтамыстың бұл табысы орыс жеріне басып кірген Алтын Орда ханы Мамайдың 1380 жылы Куликово даласында орыс әскерлерінен жеңілуі себебінен мүмкін болды. Кейіннен, Тоқтамыс Ақсақ Темірдің қамқорынан босануға тырысады. Бірақ, 1380, 1391, 1395-жылдары Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда тас-талқан болып қирайды. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі таластарыстан XIV ғ. соңы мен XV ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсіреп қалады 1423-1424 жылдары Ұрыс ханның немересі Барақ өзінің бақталастарын жеңіп шығып, Ақ Орда да хандықты өз қолына алды. Алайда, Ақ Орданың басты қаласы Сығанақ, Сырдың орта ағысындағы аудандар Темір әулетінің қолында еді. 1425-1426 жылдары Барақ Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа аттанып, Сығанақты және Сыр бойындағы басқа да қалаларды босатты. Жорықта жүріп Барақ қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтың билігі Шайбани әулетіне көшті. Барақ өлген соң олар Ақ Орданың елеулі бөлігін жаулап алды. Сөйтіп, 1227 жылы Жошы өліп, оның ұлысы екіге жіктелгенде

пайда болған Ақ Орда екі ғасыр өмір сүрді.

44. Шығай хан. Тәуекел хан, оның саясаты.

Шығай хан — қазақ хандығының 9-шы ханы (1580—1582 жж.) билік құрған.

Хақназар хан қаза болған соң оның орнына Жәдік сұлтанның баласы, Жәнібек ханның немересі Шығай 1580-1582 жылдары хан болды. Ол бұл кезде сексен жаста болғанымен, қазақтардың ішінде беделді хан болды. Оның өміріне қатысты мәліметтер тарихта аз сақталған. Шығай хан қазақ хандығының сыртқы саясатындағы Хақназар хан ұстаған бағытты жалғастырды. Ол Шайбани мұрагерлерінің арасындағы қақтығыстарды қазақ мемлекетін нығайту мақсатында ұтымды пайдаланды.

1582 жылы Бұхара ханы Абдолла, қазақ ханы Шығай және оның баласы Тәуекел сұлтанмен күш біріктіріп, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығын ұйымдастырды. Баба сұлтан жеңіліп, Дешті-Қыпшақ даласына қашады, өзбек, қазақ әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуады. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды. Түркістанға қайтып келе жатқан Баба сұлтанды Тәуекел сұлтан өлтіріп, басын Абдоллаға әкеледі. Қас жауын жойғанға риза болған Абдолла хан Тәуекелге Самарқан өлкесіндегі Африкент уәлаятын тарту етеді.

1582 жылы Шығай хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның ұлы Тәуекел (1582-1598 жж.) отырады.

Тәуекел хан — 1582-1598 жылдары билік құрған Қазақ хандығының билеушісі. Шығай

ханның ұлы. 1582-1594 жылдар аралығында ол өзге сұлтандармен хан тағына таласып, біраз уақытын соған жұмсады. Ақыры хандыққа қол жеткізді. Өзбек ханына қарсы күресте әскери одақтас ету үшін ол Мәскеумен қарым-қатынасын жолға қойды. Сөйтіп, 1598 жылы Орта Азияға жаңа жорық жасады. Сырдария бойындағы қалаларды қайтарып алар жолда ұрыстар жүргізілген кезде Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентте қайтыс болды.

XVI ғасырдың 90-жылдарынан XVII ғасырдың басына дейінгі Қазақ хандығының тарихы Шығайдың Абдаллахқа өтіп кетуі, Тәуекелдің одан қалуы, қазақ сұлтандары қатысқан 1588 жылғы Ташкент көтерілісі, 1594-1595 жылдардағы Тәуекел Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы, Самарқандты басып алған кездегі соғыс оқиғалары сияқты деректермен белгілі. Бұл аймақтардың Қазақ хандығы құрамына қосылуының тарихи маңызы зор болды, бір тарихи кезеңнің екіншісімен алмасуын көрсетті. Бұл оқиғалар тек Қазақ хандығына ғана емес, шайбанилік мемлекеттерге де елеулі ықпал жасады, өйткені Орта Азиядағы әулеттер ауысуының солармен тікелей байланысы болды. 1582 жылы Шығай хан өлгеннен кейін Тәуекел хан болды. Абдаллахқа вассалдық тәуелділік оның кезінде де сақталып қалды. Бірақ 1582 жылдың бас кезінде-ақ «Әндіжан мен Ферғанаға жорықтан қайтып келе жатқанда Тәуекел өзіне ханның теріс ниетінен күдіктеніп, оны тастап, өзінің Дешті Қыпшағына кетіп қалды» делінген дерек те бар. Тәуекелді осындай қадам жасауға итермелеген себептер деректемелерде түсіндірілгенімен бірсыпыра пікір айтуға болады.

45. XVII ғ. және XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы.

XVI-XVII ғасырларда Қазақ Ордасы нығая түсті, оның шекарасы қазақтардың этностық аймағының негізгі бөлігін қамтыды. Күмән келтірмейтін деректерге қарағанда 1695 жылы Қазақ Ордасына 32 қала кірген.

XVI ғасырда қазақ хандығы нығайып, территориялық жағынан ұлғая түсті. Қасым ханның тұсында қазақ хандығында ішкі қайшылықтар жойылып, саяси және экономикалық жағынан күшейіп, шекара ұлғая бастады. Алғашқы қазақ заңы – «Қасым ханның қасқа жолы» жасалды. XVI ғасырдың екінші жартысында әлсірей бастаған хандықты біріктіруде Ақназар ханның үлесі зор болды. Тәуекел ханның тұсында қазақ хандығы мен Ресей арасында дипломатиялық қарым-қатынастар нығайып, Орта Азияның сауда орталықтарына шыға бастады.

XVII ғасырда Есім хан орталықтандырылған мемлекет құруға әрекет ете бастады. Есім ханның тұсында қазақ хандығының Оңтүстік шекаралары кеңейе бастады. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заң пайда болды. XVII ғасырдың екінші жартысында Тәуекел хан билік құрған кезеңде (1680-1717 жж.) халықтың бірлігі, ынтымағы арта түсті. Қазақ мемлекетінің әлеуметтік, экономикалық және ішкі жағдайды реттеуге бағытталған реформалары жазылды. Қазақ халқының тарихына ірі құқықтық өзгерістер жасаған «Жеті жарғы» заңы жасалды.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Жоңғар хандығының құрылғаны белгілі.

Әз Тәуке ханның өлімінен кейін (1718 ж.) елдің бірлігі бұзылды. «XVIII ғасырдың бас кезі,-деп атап көрсетті академик Бартольд,- Азия мұсылмандары үшін саяси-экономикалық, мәдениет салаларында құлдырау жылдары болып табылады». XVIII ғ. басында Ш.Уәлиханов айтқандай, «қазақ халқының басына күн туды». Әсіресе, жоңғарлардың қаһарлы жүзі қазақ елінің шымбайына батты. Абылай ханның айтуынша, «XVIII ғ. басындағы 40 жыл ішінде халықтың үштен екідейі қырылды».

Осы кезеңді пайдаланып қалмақтар қазақ жеріне шапқыншылық жорықтарын жүргізе бастады. **1710-1711 жж., 1717 ж., 1723-1725 жж., 1740-1742 жж.** қазақ жеріне жоңғарлар бірнеше дүркін шабуыл жасады. Қалмақтарға күйрете соққы берген қазақ батырлары Жоңғар мемлекетін құлатты. Қазақ хандығының мемлекеттілігін, тәуелсіздігін сақтап қалуда Абылайдың батырлығы, ұйымдастыру қабілеті, дипломатиялық шеберлігі зор болды.

Қазақ қоғамының экономикалық-саяси өркендеуі ұсақ рулық дәрежеден аса алмады. Қазақ елін түгел қамтыған үлкен бір тұтас хандық мемлекет құрылуына мүмкіндік болмады. Қазақтың үш жүзі бір-бірімен өзара байланыссыз оқшау өмір сүруге тырысып бақты. Көрші елдер осы хандықтардың наразылықтарын пайдаланып, оларды біртіндеп бағындыруды көздеді.

Сыртқы жаулардың ішінде Қазақстанның ең қауіпті дұшпаны жоңғарлықтар еді. Жоңғарлар шабуылы қазақ хандығының тарихында ауыр кезең болды. Бұл - ел есінде «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» немесе «қайың сауған,

ақ тышқан» жылы деп сақталған жұт жылы еді. Қазақ хандығы төрт жүз жылға жуық өмір сүрді. Іргелі елдер қатарына қосылды. Алыс-жақын елдермен әкімшілік-саяси жағынан да, тарихи-руханияттық тұрғыдан да тұрақтылық пен байланыс орнықты. Алайда, Абылай өлімінен соң-ақ (1731ж.) Ресейдің отаршылдық саясаты күшейе түсті. Ресейдің басқыншылық-үстемдік әрекеттерінен Қазақ Ордасы құлады. Қазақ хандығы бұл тұста саяси-рухани тәуелсіздігінен айырыла бастады. Азаттық, теңдік тақырыбы күн тәртібіне өткір қойылды.

46. XVII ғ. екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынастарының сипаттамасы.

Жәңгір ханның билік құрған кезі жоңғарларға қарсы күреспен өтті. **1643–1652** 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған.

Батыс Моңғолия жерін мекендеген торғауыт, дүрбіт, хойт, чорос тайпаларының одағының нәтижесінде **1695 жылы Жоңғар хандығының негізі қаланады.**

18 ғасырдың бірінші жартысында батыр қонтайшымен бірігіп отырып, **Жоңғар немесе ойрат мемлекетін құрады.** Сыртқы саясатында **жаулаушылық бағытты** ұстанды. Көрші мемлекеттердің жерін тартып алуды мақсат тұтқан Жоңғар мемлекеті барынша әскерленген мемлекетке айналды. **Халқы 1 миллион** оның жартысы басқа халықтардың өкілдері еді. **Жоңғарлар қазақ жеріне бұрыннан көз тікті.** Оларды шырайлы жерлер, сауда орталықтары қызықтырды. **Орбұлақ шайқасы осы тұста болды – 1643 жылдың** көктемінде Қазақ хандығы мен

жаңадан негізі қаланған Жоңғар хандығының арасында болды.

1993 жылы Орбұлақ шайқасыөткен жерде мемориалды ескерткіш орнатылды.

Шапқыншылықтың басты себебі- жоңғар ақсүйектерінің қазақтардың құнарлы жайылым жерлеріне көз тігуі еді. Жаудың саны едәуір көпболған ымен, Жәңгір ханның әскери біліктілігі мен қазақ сарбаздарының ерлігі, **жоңғарларды тас-талқан етті.**

Жоңғар хандығының негізін қалаған Батыр Қонтайшы 1643 жылы 50 мыңдық әскерімен Қазақхандығының аумағына басып кірді. Мұны естіген Жәңгірхан, бар жоғы

600 сарбазымен жауға тойтарыс беруге шешім

қабылдап, шайқас үшін Ор өзеніне жақын таулы жерді таңдады. 600

әскермен 3 күндей төтеп берді.

Шайқастың үшінші күні Самарқаннан Жалаңтос батыр 20 мың қолымен көмекке келіп, жоңғарларды тас-талқан етіп жеңіске жетеміз.

Қарсыластың күштері басым болғандықтан, қазақ әскері жертаса (окоп) әдісін пайдаланды.

Орбұлақ шайқасыөткен жерде мемориалды ескерткіш орнатылды.

Шайқас нәтижесі мен тарихи маңызы

Тактикалық әдіс түрінде Орбұлақ шайқасы күштерді біріктіре білгендікті көрсетті. Қазақ хандығының әскери өнерінің тарихында тұңғыш рет окопана қазып соғысу тәсілі қолданылды. Орбұлақ шайқасы туралы алғаш мәлімет берген неміс тарихшы И.Э. Фишер болатын.

Оның тұсында ойрат-жоңғарлардың көсемі Батыр қонтайшының күшейген кезі еді. Олар қазақ хандығына бірнеше рет жорық жасады. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, Жоңғар феодалдарының шабуылдарына қарсы күресті. Жәңгір хан

тұсында ойрат-жоңғарлары арасында 3 ірі шайқас:

1.1635

2.1643

3.1652 жылдары болған.

1643 жылы 2 шайқаста Қазақтар жеңді. Осы жылдың қысында Батыр қоңтайшы Қазақ жерлеріне шабуыл жасайды. Ол сәтсіздікпен аяқталады. Бұл шабуылға Жәңгір 600 адаммен аттанады. Ұрыс бітуге жақындағанда 20000 мыңдай әскермен Самарқан билеушісі атақты Жалаңтос батыр Жәңгірге көмекке келеді. Қоңтайшы шегінуге мәжбүр болады. Одан кейін ол жан-жақты дайындалып, 1652 жылы ол қайтадан қазақ даласына аттанады. Осы шайқаста Жәңгір қаза табады. Бұл дәуірде Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы ауыр еді. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастық өршіді. Ал Жәңгірдің баласы Тәуке хан 1680-1718жж тұсында Қазақ хандығының бірлігі күшейе түсті. Ол бір орталыққа бағынаған Қазақ хандығын құруға күш жұмсады. Феодал шонжарларының өкілдері мен билерден құралған хандық кеңестің және билік кеңесінің рөлін арттырды. Жыл сайын ташкент қаласыны түбіндегі Күлтөбеде 3 жүздің басын қосқан құрылтайын ашып отырды. Тәуке хан беделді билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен Ұлыста арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде Төле, Әйтеке, Қазыбек билер арасында шешілді.

47. Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығы. Орбұлақ шайқасы.

Жәңгір хан (1801-1845) - Бөкей Ордасының соңғы ханы,

Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі, Бөкей ханның ұлы. Генерал-майор, Шын аты - Жиыангер. 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған

Жеке ерлігі мен әскери жеңістері үшін қазақтар оны Салқам Жәңгір деп атады. Жәңгір ханның билік құрған кезі **жоңғарларға қарсы күреспен өтті. 1643–1652**

1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған.

Батыс Моңғолия жерін мекендеген торғауыт, дүрбіт, хойт, чорос тайпаларының одағының нәтижесінде **1695 жылы Жоңғар хандығының негізі қаланады.**

18 ғасырдың бірінші жартысында батыр қоңтайшымен бірігіп отырып, **Жоңғар немесе ойрат мемлекетін құрады.** Сыртқы саясатында **жаулаушылық бағытты** ұстанды. Көрші мемлекеттердің жерін тартып алуды мақсат тұтқан Жоңғар мемлекеті барынша әскериленген мемлекетке айналды. **Халқы 1 миллион** оның жартысы басқа халықтардың өкілдері еді. **Жоңғарлар қазақ жеріне бұрыннан көз тікті.** Оларды шырайлы жерлер, сауда орталықтары қызықтырды.

Орбұлақ шайқасы – 1643 жылдың көктемінде Қазақ хандығы мен жаңадан негізі қаланған Жоңғар хандығының арасында болды.

Шапқыншылықтың басты себебі- жоңғар ақсүйектерінің қазақтардың құнарлы жайылым жерлеріне көз тігуі еді.

Жаудың саны едәуір көп болған ымен, Жәңгір ханның әскери біліктілігі мен қазақ сарбаздарының ерлігі, **жоңғарларды тас-талқан етті.** Жоңғар хандығының негізін

қалаған Батыр Қоңтайшы 1643 жылы 50 мыңдық әскерімен Қазақ хандығының аумағына басып кірді. Мұны естіген Жәңгір хан, бар жоғы 600 сарбазымен жауға тойтарыс беруге шешім қабылдап, шайқас үшін Ор өзеніне жақын таулы жерді таңдады. 600

әскермен 3 күндей төтеп берді. Шайқастың үшінші күні Самарқаннан Жалаңтос батыр 20 мың қолымен көмекке келіп, жоңғарларды тас-талқан етіп жеңіске жетеміз.

Қарсыластың күштері басым болғандықтан, қазақ әскері жертаса (окоп) әдісін пайдаланды. Ұзындығы 2,5-3

км болатын арнайы «траншеялар» қазылып, ордың алдыңғы шеті адамның бойымен, ал артқы жағы біркелкі болды. Жәңгір хан жауынгерлерді тау шатқалының үш жағынан орналастырып, тұтқиылдан шабуыл жасауға дайындалды. Жоңғарлар

шатқалға кірген кезде, қазақ сарбаздары оларға кенеттен оқ жаудырып, таудан тастарды домалатты. Содан кейін жаудың дүрбелеңін пайдаланып, оның артқы жағынан соққы жасады. Жоңғарлар тар кенестікте әскерінің сандық артықшылығын пайдалана алмады. Нәтижесінде, 10 мың адамынан айырылып, артқа шегінуге мәжбүр болды. Бұл шайқас батылдықтың, қаһармандықтың және әскери рухтың маңыздылығын көрсетті.

1993 жылы Орбұлақ шайқасы өткен жерде мемориалды ескерткіш орнатылды.

Шайқас нәтижесі мен тарихи маңызы

Тактикалық әдіс түрінде Орбұлақ шайқасы күштерді біріктіре білгендікті көрсетті. Қазақ хандығының әскери өнерінің тарихында тұңғыш рет оқпана қазып соғысу тәсілі қолданылды. Орбұлақ шайқасы туралы алғаш мәлімет берген неміс тарихшы И.Э. Фишер болатын.

48. Тәуке ханның билікке келуі, оның саясаты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы»

Өз-Тәуке хан (1680-1718 жж.) билік етті. Жәңгір хан ұлы **Бұқар Қалқаманұлының Тәуке хан қасында жүрген** (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған.

Тәуке хан кезінде:

-1 орталыққа бағындырылды
-Жоңғар шапқыншылығы бәсеңдеді
-көрші елдермен байланыс орнатты-Қырғыз Қарақалпақ
-Билер кеңесі ұлғайып, нығайды

Тәуке хан билерге арқа сүйеп, сұлтандардың билігін шектеді. Билерден құралған Хандық кеңестің және Билік кеңестің рөлін арттырды. Тәукенің заңы бойынша хан мен билер ғана соттық мансапты атқаруға тиісті болды.

Билер кеңесі өткізіліп тұрды:

-Түркістан маңындағы Битөбеде
-Сайрам маңындағы Мартөбеде
-Сырдария облысының Ангрен қаласының маңындағы Күлтөбеде

Билер кеңесі бара бара жергілікті атқарушы өкіметке айналды.

Тәукенің билік еткен кездері қазақ халқының **алтын ғасыры** деп аталды. Левшин Тәуке ханды ежелгі спартаның ақылғойі **Ликурғпен теңеген.**

Тәуке ханның сыртқы саясаты.

Тәуке ханның сыртқы саясаты атырабындағы елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда – саттық қарым – қатынас жасауға тырысқан бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан Бухара хандығымен бибітшілік қарым – қатынаста болуға, Орта Азиядағы отырықшы аймақтармен, қалалармен сауда – саттық жасауға тырысты. Тауке хан Россия мемлекетімен де

тату, достық қарым – қатынас жасауға тырысты.

Жеті жарғыны жасауға Тәуке хан рұқсатымен 7 би қатысқан. Қазақша жарғы әділдік дегенді білдіреді.

Мазмұны жағынан «Жеті жарғы» үш болімнен тұрады: бірінші іден, қазақтың ежелгі әдет ғұрып заңдарыңамтыған «Қасым ханның қасқа жолына» негізделген, екіншіден, одан соңғы өзгерістер, соның ішінде «Есімханның ескі жолына» негізделсе, үшіншіден, Тәуке ханның дәуіріне, саясатына сай енгізілген жаңалықтар.

«Жеті жарғы» жеті заңнан құралды:

1. Жер дауы заңы
2. Отбасы - неке заңы
3. Әскери заң
4. Сот заңы
5. Қылмысты істер заңы
6. Құн заңы
7. Жесір дауы заңы

49. XVII ғ. және XVIII ғ. Қазақ халқының рухани мәдениеті.

Мәдениет дегеніміз-құндылық, ғасырлар бойы адам санасымен, ойымен жасалған рухани құндылық.

17-18 ғасырдың басында қазақ халқының тарихи мәдениеті басты орын алған кезең болды. Осы кезеңде халықтың ауызша шығармашылығы мен жазба әдбиеттермен ауызша жырлар музыкалық өнерде дамыды. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы-қазақ **шежіресі**. Ру, тайпа жүздің шежіресін таратып, айта алатындарды **шежірешілер** деп атады. Ерте заманда шежіре ауызша түрде таралса, 18-19 ғасырларда шежірелік жинақтар: Жәңгір хан шежіресі, Ұлы Жүздің шежіресі деген секілді жинақтық түрде жинақталған.

18 ғасырды **ақындар поэзиясы ғасыры** деп атады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ең құнды мұралары ақын-жыраулардың өлең-жырларында халықтың өмір

тіршілігі, көңіл-күйі, салт санасы тұрмысы сол дәуірдің рухы бейнеленеді.

XVIII ғасырда танымал болған **Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал, Көтеш** секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды. Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын XVIII ғасырдағы атақты жырау **Бұқар Қалқаманұлының Тәуке хан қасында жүрген** (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған. Қазақ ханы Абылайды қолдап, әр түрлі даулар мен таластарды шешкен. Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын армандады.

Үмбетейдің Бөгенбай батырдың қайтыс болуына арналған естірту жыры - жоқтауы белгілі. Үмбетей жоқтауында Бөгенбай - халық қорғаушысының мінсіз бейнесі.

Біздің тағы бір рухани мәдениетіміздің бірі **салт дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз.**

I.2. Моңғол жаулап алуларынан кейінгі құрылған мемлекеттердегі мәдениет. Бұл кезеңнің рухани мәдениеті Дешті Қыпшақ аумағында ежелгі түрік, Фольклор. Ауызекі халықтық-поэтикалық шығармашылық Алтын Орда халқының рухани мәдениетінің ол кезеңдегі фольклордың ең ертедегі үлгілері ғарыштық, тотемдік, этиологиялық құл иеленушілік мемлекеттерде алғашқы қауымдық мифтер циклдерге айналдырылып қана фольклор жанрлардың арасында әдет-ғұрыптық өлеңдер, ертегілер батырлық жырлар, мақалдар әдет-ғұрып өлеңдерінен айырмашылығы ертегілер тәрбиелік, көңіл көтеру мақсатында айтылды, халық арасында жалпы Шығыс ертегілері мен ғибратты-новелла сипаттағы мысал. Бұл кезеңде Алпамыс, Қобыланды, Сайын, Қозы Көрпеш туралы ертеден, Қобыланды батыр

туралы эпостың көне негіздері де VIII-IX ғасырларда, «Ер Сайын» эпосы да нақ осылайша қалыптасқан.

50. Ауызша тарих айту дәстүрі және оның ерекшеліктері мен маңызы. Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Қадырғали Қасымұлы Жалайыридің аса көрнекті еңбектерінің маңызы.

Ауызша тарих айту дәстүріне жатқызылып жүрген туындылардың бірі-тарихи **әңгіме**. Тарихи әңгімелердегі мәліметтер белгілі бір формаға енгізілмей, еркін түрінде бізге жеткен. Бұл әңгімелерді — **аныз** деп те атайды. Олардың көлемі қысқа, нақты бір оқиға туралы немесе жеке бір адамның іс-әрекеті туралы айтылады. Көбіне диалог түрінде де беріледі. Осы жерде мына жағдады ескерткіміз келеді. Белгілі бір оқиға туралы, сол уақытта пайда болған әртүрлі әңгіме, мәліметтер сол күйінде ауызша айту дәстүріне жатпайды. Себебі, бұл дәл осы уақытта болған оқиға туралы ең соңғы хабар ғана. Мұндай хабарлар қоғамда үлкен күйзеліс туғызған оқиғалар кезінде пайда болады. Осы хабарлар арнайы айтушылар арқылы бір адамнан екінші адамға тарап, келесі ұрпаққа жеткізілгенде ғана ауызша айту дәстүрі туралы сөз етуге болады.

Ауызша тарих айту келес саласы — **халық ауыз әдебиеті**. Бұл салаға ХҮ-ХІХ ғ. қазақтың жыраулық поэзиясы жатады. Мұнда жекелеген авторлардың шығармалар ауызша айтылып, бізге дейін жеткен. Қазақ ауыз әдебиетінің өкілдеріне: Асан-Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалғиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Ақтамберді ж.т.б. жырауларды жатқызамыз.

Дулати Мұхаммед Хайдар (1499-1551) - әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес

елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін **«Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаханнама»** дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар» - өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» - әкесінің аты, «мырза» - текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін атау (хан балаларының ханзада, сұлтан аталатыны секілді), «дулат» - шыққан тайпасының аты. **"Тарихи Рашиди"** атты еңбекте қазақ хандығының қалыптасуы туралы, мұнан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті— Қыпшақта болған оқиғалар, Моғолстанның құлауы, феодалдық соғыстар, қазақтар, қырғыздар және өзбектердің сыртқы жауға қарсы күресте өзара одақтасуы туралы көптеген мәліметтер бар.

Қадырғали Жалаири (Қадыр Әлі Қосымұлы би, арғы тегі Жалайыр) деп аталған бұл кісі XVI-ғасырдың ортасы мен XVII-ғасырдың басында өмір сүріп (1530-1605 жылдары), қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған. Ресейдің атақты патшасы Борис Годуновтың қол астында жүріп, 1602 жылы "Жылнамалар жинағын" жазып бітірген. Бұл — қазақ тілінде жазылған **тұңғыш ғылыми еңбек**. "Жинақтың" тілдік құрылымын, жазу мәнерін зерттеп, көрнекті ғалым Р.Сыздықова арнайы кітап жазған ("Язык", "Жамиат-тауарих", "Жалаири", Алматы, 1989 жыл).

Қадырғалидың ата-бабалары Қарахандар әулеті билігінен бері үздіксіз хан сарайында қызмет етіп, ханның ақылшы-кеңесшісі, қол бастар батырлары болған. Оның өз атасы Темшік Шығай ханның батыры болса, әкесі Қосым бек лауазымын иеленген.

"Жылнамалар жинағының" жалғыз көшірме данасын Қазан Университеті кітапханасына татар ғалымы И.Халфин тапсырған екен. Сол көшірмені шығыс қолжазбалар жинағына бастырғанда профессор И.Н.Березин былай деп алғы сөз жазыпты: "Біз шығармаға қандай ат берілгенін білмейміз, бірақ кітаптың негізгі бөлігі Рашид ад-Диннің әйгілі туындысының қысқаша аудармасынан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере аламыз". Сөйтіп, ол Қадыр Әлі еңбегін оның нағыз аты анықталатын көшірмесі табылғанша "Джами ат-Таварих" — "Жылнамалар жинағы" деп атауды ұсынған. М.Қойгелдиев былай дейді: "Өкінішке орай, қолжазбаның кейінірек Петербургтен табылған екінші көшірмесінде де еңбектің автор берген аты жоқ болып шықты да, ол сол "Джами ат-Таварих" — "Жылнамалар жинағы" атанған күйінде қала берді. Бұл жағдай тарихшы ғалымдар арасында Қадыр Әлі би еңбегінің дербес деректік мәнін тура бағалауға едәуір кедергі жасады, басқаша айтқанда, оны Рашид ад-Дин жұмысының түрікше нұсқасы ретінде ғана қарауға негіз болды".

51. Жоңғар хандығының күшеюі: «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» жылдары.

1723-26 ға дейінгі жылдар Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама кезеңі болып саналады.

1723 жылы көктемде Цедан Рабдан өзінің қалын қолын қазақ жеріне аттандырды. Жоңғар басқыншылары 7 бақытта шабуылдады. Жаудың **алғашқы соққысына** Жетісу жері мен Ертіс бойындағы қазақтар еді. Жоңғар шапқыншылары соққы беріп, үйлерді өртеп, халықты қырғынға ұшыратты. Бұл 1723-1723 жыл тарихта **Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама** атымен қалды.

Қазақ жерінің, қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті — Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасы. 1723жылдың көктемінде қазақ елінің қас жауы жоңғарлардың жеті түмен әскерімен басып кірген еді. Бейбіт өмір сүріп жатқан халықты талан-таражға салып, азық-түлік, мал-мүлкін тартып алуды көздеді. Қысты әрең қыстап шыққан қазақтар шетінен қырғынға ұшырады. Барлық қазақ жан-жақа тарап, кейбірі Самарқандқа, кейбір тайпа-рулар Қызылқұмға, Қарақұмға өтеді. Сөйтіп бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы деген атауға ие болады. Осы кездегі бар қалған қазақтың қасіретін «Елім-ай» әні баяндап дүниеге келеді. Өз күшіне бірте-бірте енген қазақтар мың жеті жүз жиырма алтыншы жылы үш жүз батырлары, қолбасшылары бірігіп, құрылтай өткізеті. Осы құрылтайда әр рудың басшылары жауға қарсы аттануға бел буып, шешім қабылдайды. Сол кезден бастап жоңғарларды бірте-бірте қазақ жерінен қуа бастайды. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасының басталуы мен аяқталуы туралы деректерді жинақтай келе Абылай ханның даналығының арқасында жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы біржола тоқтағанын көреміз. Жоңғар елінің ішкі алауыздығын тудыру арқылы, сыртқы қорғаныстарын әлсіретіп жаулап алған қазақ жерлерін қайтарып алды.

Жоңғар шеріктерінің негізгі күштері Цинь империясымен болған шайқастарда шыңдалды. «Жоңғар хандығының тарихы» атты еңбектің авторы И.Я. Зпаткиннің айтуынша, XVIII 20-жалдарына дейін жоңғарлар Шығыс Түркістан халықтарын, қырғыз, тува, алтайлықтарды өзіне бағындырды. 30-жылдарға қарай Жоңғария Еуразиядағы күшті көшпелі державалардың біріне айналды. Бұл кезеңдерде Жоңғар

мемлекеті бір мезгілде Қытай, Қазақ хандығы және Орта Азия билеушілерімен соғыстар жүргізіп, Ресейдің солтүстік шекараларына қауіп төндірді. Олардың Сібір мен Алтайдағы бекіністеріне жиі шабуылдап отырды. Жойылып кетушілік қауіпі қазақ халқын біріктірді. Қазақ қоғамында ерекше бірігу рухы пайда болды. 1723-1724 жылдардағы ірі жеңілістерден соң асығыс түрде жер-жерде жасақтар құрыла бастады, оларды халық арасынан шыққан мықты батырлар басқарды. Осындай қиын кезеңде Абылай, Әбілқайыр хандардың, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, талантты қолбасшылар — Бөгенбай, Қабанбай, Райымбек, Наурызбай, Малайсары және Жәнібек батырлардың даңқы шықты. Райымбек ойрат және қалмақ тайпаларын Қазақстанның оңтүстік-шығысынан түгкілікті қуып шығуда үлкен рөл атқарды. Оның белсенді араласуымен Тертс және Қарқара езендері бойында шекара анықталды. Ол тұрғызған үлкен «Қызыл оба» кейіннен Нарынқолда қазақ-қытай шекарасын анықтауда ескерткіш белгі болып қалды, Сол кезеңде қазіргі Алматының айналасындағы үлкен аумақ қалмақ билеушілері Ағанас пен Арысханның иелігінде болатын — Ұлы жүз қазақтарының әскери кеңесінде, Қалмақтар күшпен басып алған жерлерді жаудан азат ету жөнінде шешім қабылданды. Ағанастың шабуыл жасауға дайындалып жатқанын сенімді адамдары арқылы білген Райымбек дереу іске кірісіп, күтпеген соққы арқылы жауды кері қайтаруға шешім қабылдады. Өзі бастап сарбаздарымен жаудың қосына басып кіріп, оларды қашуға мәжбүр етті. Ұрыс басында Райымбек Ағанасты өлтірді. Келесі алған қамалы Ағанастың ордасы болды. Бұл үзілік қазақтарға да өте қажет еді.

52. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі. Бұланты шайқасындағы жеңістің маңызы. Аңырақай шайқасы.

Жауға соққы беруді ұйымдастыру жөнінде бастама көтерген Кіші жүздің ханы Әбілқайыр болды.

Жоңғар хандығына қарсы ұзаққа созылған күресте 1728 жылы Ұлытаудағы Бұланты өзенінің бойында, Қарасиыр деген жерде қазақ жасақтары тұңғыш рет ірі жеңіске жетті.

Бұланты шайқасы 1728

Тарихи маңызы

-қазақ халқының әскердің моральдық рухы көтерілді

-халық 3 жүз біріккенде ғана күш болатынын түсінді

-Солт.Батыс жері азат етілді.

Жоңғар хандығына қарсы ұзаққа созылған күресте 1728 жылы Ұлытаудағы Бұланты өзенінің бойында, Қарасиыр деген жерде қазақ жасақтары тұңғыш рет ірі жеңіске жетті.

Бұл шайқасқа қазақтар мен қырғыздар да белсене қатысты.

Біріккен күштердің құрамындағы жауынгерлердің жалпы саны 60 мың адамға жеткен еді. Қанды шайқас болған жердің аты «Қалмаққырылған» деген атаумен де қазақ халқының есінде тарихи атау ретінде мәңгі сақталып қалды.

Сол шайқаста жоңғарлардың он мыңға жуық жауынгері қаза тапты. Бұланты өзенінің бойындағы жеңістің баға жетпес зор маңызы болды. Ол Қазақ жауынгерлерінің моральдық рухын әлдеқайда күшейтті.

Жоңғарлардың жер қайысқан қалың қолы жеңілістің не екенін білмейді деген жалған аңыздың күлін көкке ұшырды. Оның есесіне қазақ жауынгерлерін жігерлендіре түсті.

Бұланты шайқасындағы жеңіс жалпы халықтың жүрекжарды қуанышына ұласты, қауырлы жауға қарсы күресте бүкіл халықтың күш-жігерін өлі де біріктіре түсіп, нығайта беруге

деген ұмтылысына тың серпін берді. Қазақ жауынгерлерінің Бұланты өзені бойындағы жеңісінің стратегиялық маңызы да зор болды. Ол алдағы Аңырақай шайқасында жауға есінен тандыра, ойсырата соққы берудің сенімді кепіліне айналды.

Аңырақай шайқасы 1729

1729 жылы Аңырақай шайқасы болды. Қазақ ұлы жеңіске жетті. Қазақтар жоңғарларды жеңді. Бас қолбасшы кіші жүздің Әбілқайыры болды. Жасы кіші болса да сайланады себебі таланты дарыны бар.

Нәтижесі:

-жоңғарлар іле өзенінен кетті
-кіші жүз бен орта жүздің жерлері азат етілді.

-3 жүзге бірігу айқындалды.

Аңырақай шайқасы 1730 жылғы көктемде Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағындағы Итішпес Алакөл деген жерде болды. Шайқасқа Кіші жүздің ханы Әбілқайыр тікелей басшылық етті. Оған қазақтың үш жүзінің жасақтары қатысты.

Аңырақай шайқасы дәстүрлі жекпе-жек ұрысқа шығудан басталды. Оған жоңғар жағынан әскербасы Шарыш, қазақ жағынан жас батыр Сабалақ (болашақ Абылай хан атанған Әбілмансұрдың жасырын аты) шықты. Сабалақ қарсыласына «Абылай! Абылай!» деген жауынгерлік ұранмен атой сала ұмтылды. Жекпе-жекте қазақ батыры жеңіп шықты. Мұның өзі қазақ жауынгерлерін арқаландырып, олардың жігеріне жігер қосты. Жау жағының берекесі қашып, қатты абыржыды.

Жоңғарлардың рухы төмен түсіп кетті. Осы жекпе-жек шайқастан кейін Сабалақ Абылай атанып кетті. Аңырақай шайқасында қазақтар жоңғарларға естерінен тандыра күшті соққы берді. Шайқас даласында жоңғарлардың есеңгіреген, жеңіліске ұшырап, аңырап

қалған жері Аңырақай деп аталып кеткен кәрінеді.

Үш жүздің хандары мен сұлтандары бұрынғы алтыбақан алауыздықты қойып, күш біріктірудің арқасында қаһарлы жауға жұмыла күресіп, тамаша жеңіске жетті. Бұл жеңіс үш жүздің күш-жігер біріктіруінің әбден қисынды әрі заңды нәтижесі болды. Жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ-жоңғар соғысында түбірлі өзгеріс жасалды, енді біржола түбегейлі жеңіске жететін күн де жақын қалды. Жоңғарлар қазақтардан тартып алған жерлерін алды-артына қарай алмай, тастай қашты. Олар бұдан былай қазақ жеріне шапқыншылық жасамауға ант ішті.

Қазақ жасақтарының кезекті тамаша жеңіске жеткеніне қарамай, жау жағы әлі де күшті, әлі де қауіпті еді. Сондықтан да бүкіл қазақ халқының ұзақ уақыт бойы жоңғарларға қарсы жанқиярлықпен күрес жүргізе беруіне тура келді.

Бұланты және Аңырақай шайқастары қазақ сарбаздарының жауынгерлік рухын күшейтіп, аспандата биікке көтерді. Ол шайқастардағы жеңіс халық болып топтасқанда кез келген күшті жауды жеңіп шығуға болатынын айқын көрсетіп берді. Оның үстіне, қазақ сарбаздары жоңғар әскерлерінің жеңіліс атаулыны білмейтіні жөніндеп жалған аңыздың күлін көкке ұшырды. Бұл соғыста қазақ халқының туысқан қарақалпақ және қырғыз халықтарымен жауынгерлік одағын құрудың негізі қаланды. Соны-мен қатар бұл кезде, XVIII ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде, билік жолындағы тақ таласы қазақтардың күшін ыдыратуға тағы да алып барып соқты, олар ақыр аяғында елдің тәуелсіздігінен айырылып тынды.

Жоңғарларға не болды?

Жоңғарлар 1758 жылы толық талқандалды. Халқының 10/4 бөлігі аурудан өлді. 2 бөлігі Ресейге қарай қашты. 3 бөлігі соғыста өлді. Сол қалған 1 бөлік Еділ бойындағы қалмақтарға кетті.

53. Сейітқұл Қойдағұлов пен Құтлұмбет Қоштаев басқарған Әбілқайыр хан елшілігі.

Қазақ халқының Ресей империясының қол астына кіру үрдісін алдымен Кіші жүз бастады. **1730- немесе 31 жылы** Петерборға Әбілқайыр хан Сейітқұл батыр Қойдағұлұлы мен Құтлұмбет би Қоштайұлы бастаған елшілік жібереді.

Қараша айында елшілік Петерборға жетіп, Әбілқайырдың хатын Ресей патшайымы Анна Иоановнаға* тапсырады. Хатта Кіші жүзді Ресейдің қол астына алуы туралы өтініш жазылған еді. Бұл уақытқа дейін Ресей империясының құрамына Еділ қалмақтары, Кабардин князьдығы, Грузия толық қосылған болатын. Әбілқайыр елшілігі жоғары дәрежедегі сый-құрметпен қабылданады.

1731 жылы 19 ақпанда Анна Иоановна «Әбілқайыр ханды және бүкіл қазақ халқына оларды Ресей империясының қол астына алуы туралы» грамотаға қол қояды. Онда Әбілқайыр хан мен оның қол астындағы халқы Ресей бодандығына мынандай шарттар негізінде қабылданатыны туралы баяндалады:

Біріншіден, жоғары мәртебелі императорымызға адал қызмет етуге және бізге башқұрттар қызмет еткені сияқты жасақ төлеуге ант бересіздер.

Екіншіден, Ресейдің қол астындағы халықтардан ешқандайда тонаушылық пен өкпеге жол берілмейді.

Үшіншіден, егер сендерге, қайсақтарға басқа біреулер басқыншылық жа-саса, Ресей императоры тарапынан қорғаласыздар және сіздер

Ресейдің қол астындағы ел болып табыласыздар.

Төртіншіден, башқұрттар мен Ресейдің құрамындағы басқа да халықтар сіздердің тұтқындарыңызды босатады, ал сіздер ресейлік тұтқындарды бо-сатуға, башқұрттармен және қалмақтармен бейбіт жағдайда тұруға уәде етесіздер» .

Әбілқайыр хан мен басқа да ел билеушілерінен тиісті ант қабылдау үшін Ресейдің сыртқы істер коллегиясының тілмашы А. Тевкелев бастаған елші-лер жіберіледі. (Оның татар есімінің баламалары Мамет, Мамет мырза, Кутлұмбет мырза, Құтлу-Мұхаммет.)

Сөйтіп біз 260 жыл бойы **10.10.1731-16.12.1991 жылдар бойы Ресей құрамында болдық.**

Бұл 2 кезеңнен тұрады:

-Патша үкіметі 1731-1717

-Кеңес үкіметі 1717 25 қазаны мен 1991

54.Орынбор экспедициясының ұйымдастырылуы мен қызметі.

Кіші жүз қазақтарының шекара аймағындағы жерінде патша үкіметінің жағдайын нығайтып, бекіте түсу үшін 1734 жылы Қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылды. Оны І Петрдің сыбайлас жақын серіктерінің бірі И.К. Кириллов басқарды. Ал оның көмекшісі қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен заңдарын жақсы білетін тілмаш А. Тевкелев болды. Кейінірек қырғыз-қайсақ экспедициясы **Орынбор экспедициясы** деп аталды. Оның құрамындағы 2700 адамның 2500-і әскери қызметшілер еді.

Міндеті: қазақ даласының жер жағдайын зерттеу және жер бедерін картаға түсіру еді. Аталмыш экспедиция отарлау стратегиясын жүргізудің қызметін атқарды.

Нәтижесінде, Кириллов «Қырғыз-қайсақ ордалары туралы түсіндірулер» атты

еңбек жазды. *Осы экспедиция басшысы Кирилловқа қатын патша өз тарапынан тікелей 18 мамыр күні былай деп тапсырма берген:*

- Ордада болып жатқан **оқиғалар жайлы хабар алып келу;**
- Қазақтардың жоңғармен соғысы жайлы толық мәлімет білу;
- Қазақтардың Ресейге көзқарасы қандай?
- Жоғарыдағы мәселелерді толыққанды атқару үшін башқұрт пен қазақтардың арасынан **сенімді адамдарды іріктеп,** сол өңірге жіберіп (тыңшылық мақсатында) олар әкелген мәліметті Сібір губернаторына хабарлау

1735 жылы Әбілқайыр ханның өтініші бойынша Орынбор қаласының негізі қаланды. Қазақ ханы дала төсінде әлдебір бүліншілік оқиғалары бола қалса, сол бекініс-қамалда бой тасалауды көздеген болатын. Қамал Ор өзенінің Жайыққа құяр жерінде салынды.

Кейін ол Ор бекінісі деп аталды. Орынбор бекінісі Ресей аумағының ішкі жағына ауыстырылды. Орынбор Батыс Қазақстан аумағын отарлаудың стратегиялық орталықтарының біріне айналды. Ол Ресейдің еуропалық бөлігі мен қазақ даласының, Орта Азияның аралығындағы ірі сауда орталығы қызметін де атқарды. Кириллов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясының бастығы болып В.И. Татищев тағайындалды.

55.1739-1741 жж. жоңғар-қазақ соғысы. Абылай сұлтанның дипломатиялық өнері.

XVIII ғасырдың ортасында қазақтарға Жоңғария қауіп төндірді. Бұл жағдайды Қытай бақылап, Жоңғарияға да, Қазақ

хандығына да көз салды. Ресей қазақтарға қатысты отаршылдық саясатын жалғастырды. Ал оңтүстікте кейбір қалалар Қоқан хандығының ықпалында болды. Міне, Абылай хан осындай ауыр алапат заманда дүниеге келді.

Абылай ханның беделі күн өткен сайын арта түсті. Ол кезде Орта және Ұлы жүздің ханы Әбілмәмбет болса да, көптеген мәселені Абылай ханның өзі шешкен. Бұл жағдайдың өзі оның билігінің қаншалықты екенін көрсетеді. 1741 жылы Абылай хан жоңғар қолына тұтқынға түседі. Оны босату үшін қазақтар барлық жүзден өз күштерін жинайды. Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, ұлы жүзден Төле би мен Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Абылай ханды босатуға тырысты. 1743 жылдың соңында Абылай хан босатылады. Осы уақыт ішінде ол Жоңғария билеушісі Қалдан Серенмен ортақ тіл тауып, тіпті онымен дос бола бастайды. Осылайша қазақтар мен жоңғарлар арасындағы соғыс аяқталатын сияқты көрінуі мүмкін, бірақ 1745 жылы Қалдан Серен күтпеген жерден қайтыс болады. Жоңғарияның ішінде азаматтық соғыс басталады. Жоңғарияның билігіне Лама Доржы келеді, ал оның қарсыластары Даваци мен Әмірсана, Лама Доржыны тактан құлату үшін Абылай ханнан көмек сұрайды. Абылай хан Давациді қолдап, Лама Доржының орнына Давацидің таққа отыруына көмектеседі. Бірақ Даваци таққа отыра алмады және оның орнына Әмірсана келді.

Осылайша, жоңғарлардың ішкі қақтығыстарына араласып, біресе біреуін, біресе екіншісін қолдап, ол өзінің мәңгілік жауларын жеткілікті түрде басып тастайды. Бірақ Жоңғарияның артында Қытай тұрды. Қытайдың да көздегені Жоңғарияны жаулап алу еді.

Жоңғардың жаңа билеушісі Әмірсана қытайларға қарсы тұру үшін қазақтардан көмек сұрайды. Абылай Хан, егер Қытай Жоңғарияны жойса, онда келесі мақсат Қазақ хандығы болатынын түсінгендіктен, Жоңғарияға көмектесуге келіседі. Бірақ Қытай қайткенмен де өз мақсатына жетіп, әлемдік картадан Жоңғарияны жойып тастайды. Нәтижесінде қазақтар, қытайлар және қырғыздар көз тіккен үлкен территория бос қалады. 1756 жылдың көктемі Қытай үлкен әскерімен қазақ жеріне екі аймақтан басып кіреді. Қытай әскері қазақ армиясынан көп болды. Сондықтан қазақтар қытайларға қарсы партизандық соғыс жүргізіп, қарсыластарына күтпеген соққы жасайды.

Абылай ханның жоспары мынадай еді. Ұрыс қимылдары әлсін әрі жиі емес және қыс соңына дейін шыдау. Сонда Қытай әскері әлсіреп, оларда азық таусылып, кері қайтуға мәжбүр болады. Барлығы Абылай ойластырғандай орын алды. Бұл шайқастағы жеңіс болды, әдеттегідей соғыс емес.

Абылай хан егер бәрі осылай жалғаса берсе, оларды Жоңғарияның тағдыры күтіп тұрғанын түсінеді. Сондықтан ол Қытаймен келіссөздер жүргізе бастады. Өзінің жеңілгенін мойындайды, Әмірсананы айыптап, жоңғарды қолдағаны үшін кешірім сұрайды. Сондай-ақ, егер жоңғарлар кенеттен қайта құрылса, ол қытайлардың жағында болуға уәде береді. Қытай Абылай ханға сеніп, Қазақстанның шығысын қазақтарға қалдырады. Осымен Қытай мен қазақтар арасында бейбітшілік орнауы керек еді. Бірақ, Қытай 1762-65 жылдары қазақ жеріне жорықтар жасады. Келісім-шартқа қарамастан, «біз бұл жерлерді жаулап алдық, сондықтан олар біздікі» дегендей қарсы шығуын тоқтатпады. Ал қазақтар бұған

қарамастан Қазақстанның шығысында көшіп-қонуды жалғастырды және Қытай да жорықтарын тоқтатпады. Бұл жағдай мәңгілікке жалғаса алмады және 1767 жылы қазақтар мен қытайлар бітімге келеді. Шарт бойынша қазақтар көшіп-қонуды жалғастырды, бірақ енді олар жер үшін салық төледі.

Осылайша, қандай жағдай орын алса да тарихи жерлер қазақтарда қалды. **Абылай хан алдымен соғыстағы айласымен, содан кейін дипломатиялық жолмен қытайлардан қазақтың киелі жерін қорғап қалды.**

56. 1846 жылы Жетісу сұлтандарының Ресей бодандығын қабылдауы.

1846 жылы Кенесары хан қолын Жетісудан ығыстыруды көздеген орыс әскерінің экспедициясы **Қапал бекінісінің** негізін қалайды. Бұл іс жүзінде орыстардың Жетісуда жасаған алғашқы қадамы болатын. Англияның Шығыс Түркістандағы ықпалының арта түскендігінен қорыққан патша үкіметі тездетіп Жетісуда бекіністерін салуды, Ұлы жүз қазақтарын өз құрамына қосып алуды, сондай-ақ Қытай үкіметімен Жетісу арқылы жүретін сауда қатынасы жөнінде тез арада келісімшарт жасасуды көздеді. Жетісу жеріне орыс билігінің аяқ басқанын жеке мүддесіне пайдаланып қалуды көздеген Ұлы жүздің бір топ сұлтандары мен билері 1846 жылы жаңа билікті мойындайтындығын мәлімдеп, ант береді. 1850 жылдан бастап орыс қолдары Жетісудағы Қоқан қамалдарын жоюға көшеді. Орыс әскеріне елеулі қарсылық көрсеткен Қаскелең өзені бойындағы Таушыбек қамалы еді. 1851 жылы жазда орыс қолдары бұл бекіністі алып, жойып жіберді. Орыс билігі қазақ басқарушы тобына қатысты өзінің осы уақытқа дейін ұстанған әдісін Жетісу жерінде де жүргізді.

Қытай және Қоқан сияқты қарсыластарымен егесте, сондай-ақ Кенесары хан көтерілісін басып-жаншу ісінде Ресей жағында болған қазақ пен қырғыздың билеушілері мен ықпалды адамдарына түрлі сыйлықтар, әскери шеншекпен үлестіру арқылы оларды өзіне тартып, өз мүддесіне қызмет істетуге тырысты.

1853 жылы Ресейдің сыртқы істер министрі Батыс Сібір генерал губернаторлығы Гасфорпқа Жетісуда Ресей ұстанымын нығайтуды қамтамасыз етерліктей нақты шараларды іске асыруды тапсырады. Осы міндетті орындау мақсатында, сондай-ақ Ресейдің Ташкент, Құлжа және Қырғыз бағытындағы сауда және басқа қатынастарына жол ашатын жаңа ірі бекініс салу жөнінде шешім қабылданды. Ұлы жүз приставы болып жаңадан бекітілген майор Перемышльский бұл бекіністі орналастыру үшін Алатаудың етегіндегі Кіші Алматы өзені бойындағы Алматы елді мекенін таңдап алады. Құрылысы 1854 жылдың көктемінде басталып кеткен бұл бекініс Верный аталады. Оның жанынан, Алматы өзенінің оң жағасында қазақ әскерінің станицасы салынады. Бір-екі жылдың ішінде мұнда Сібір қазақ-әскерінің 132 отбасы және 200 орыс шаруалары келіп орналасты. Содан кейін-ақ Алматыға Сібір қазақ-әскерінің оныншы полкын енгізу жөніндегі патша Жарлығы жарық көреді. Көп ұзамай Жетісу әскери губернаторы Колпаковский Семейден егінші татарларды және Воронежтен (Ресей) орыс шаруаларын шақыртады. Осылайша Ресейдің Орталық Азияға енуіне жол ашуға тиіс болған Верный бекінісі біртіндеп осы өңірдегі әкімшілік орталығына және қалаға айнала бастайды. Бұл кезде Қырым соғысында жеңіліс тапқан Ресей 1856 жылы енді негізгі назарын

Түркістанға аударып, сонда орнығуға күш салады. Ал мұндағы Хиуа, Бұхар және Қоқан хандықтары арасындағы өзара тынымсыз қақтығыстар Ресейдің бұл мақсатына қолайлы жағдай туғызып, 1864 жылғы көктемде ол екі бағытта әскери қимылдарға көшті. Олардың бірі Сырдария бекіністер тізбегі тарапынан, яғни Перовскіден (Ақмешіт), ал екіншісі Жетісу жақтан, Верныйдан басталды. Осы жылдың жазында бұл екі әскер қолдарының бірі Түркістанды ал екіншісі Әулиеатаны алды. Бұдан кейін екі қол бірігіп, Шымкентке бет түзейді. Орыс әскеріне бұл бекіністі алу жеңілге түспеді, оны қоқандықтардың жаяу және атты әскері, артиллериясы қарсы алады. Бір ескерерлік жағдай — екі жақтың да әскер күштерінің қатарында қазақ қолдары болды. Мәселен, Қоқан әскері құрамындағы қазақ қолын Кенесары ханның ұлы Садық сұлтан, ал орыс әскері құрамындағы қазақ жігіттерін Сұраншы батыр басқарған еді. Сондай-ақ бұған дейінгі Әулиеата үшін болған ұрыс барысында екі жақтың өзара келіссөзге шығарған елшіліктерінің бір жағында Садық сұлтан жүрген болса, екінші, яғни орыс елшілігінің құрамында Шоқан Уәлиханов бар еді. Сөйтіп, қазақ қоғамында бұдан біраз бұрын-ақ байқалған көзқарастық жіктеліс орыс-қоқан соғыс қимылдары тұсында да анық байқалды. Екінші шабуылдан соң, 1865 жылы орыс әскері Түркістан өңірінің ірі сауда және саяси орталықтарының бірі Ташкентті алады. Өзара феодалдық қақтығыстардан қалжыраған Түркістан техникалық және ұйымдық тұрғыдан жоғары тұрған орыс әскеріне төтеп бере алмады. Міне, осы оқиғалардан соң Қазақстан бүтіндей Ресей империясы құрамына еніп,

ендігі уақытта оның тарихында жаңа кезең — отарлық тәуелділік кезеңі басталды **57. Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу.** Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі хандық басқару жүйесін патша өкіметінен жойып, жаңа билік жүйесін енгізуі .XVIII ғасырдың өзінде-ақ Орта жүз бен Кіші жүз хандарын патша өкіметі тағайындай бастаған. Олардың ел басқару қызметін жергілікті патша әкімдері бақылап отырды. XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей үкіметі қазақ арасында хандық өкіметті біржола жойып, ел басқарудың жалпы ресейлік тәртібіне жақындатуға кірісті. Бұл шараларды іске асыру Орта жүзден басталды. Уәли хан өлгеннен кейін (1819), «Сібір қазақтары туралы Жарғыға» сәйкес (1822) Орта жүзде хандық билік жойылды. Жүз территориясы сыртқы сегіз округке бөлініп оларды аға сұлтандар басқаратын болды. Жарғы бойынша 50-70 үй бір ауыл, 10-12 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ. Ауылды үш жылға сайланатын старшын, ал болысты болыс басқаруға тиіс болды патша үкіметі XVIII ғасырдың аяқ шеніне қарай Кіші жүзде хандық өкіметті жоюға кірісті . Бұған салмақты негіздер де, қажетті бірқатар алғышарттар да жеткілікті деп санады. **Біріншіден**, қазақ хандары дала тұрғындарының басым көпшілігінің алдында өздерінің беделінен айырылып қалды. Жергілікті халық патша үкіметі тағайындаған хандарды көбінесе Ресей империясының кәдімгі көп шенеуніктерінің бірі ғана деп қабылдады. **Екіншіден**, бұл кезде патша үкіметі Кіші жүзді де, Орта жүзді де бірнеше әкімшілікке бөлшектеген еді. Мұның өзі патша үкіметінің көшпелі

қазақтарды басқаруына өте қолайлы болып шықты. Сөйтіп, Орта жүз бірі – Ертістің оң жағалауы, екіншісі – Ертістің сол жағалауы болып екіге жарылды. 1801 жылы Жайықтың оң жағалауында Кіші жүзден бөлінген Ішкі Орда құрыл-ғанын айттық. Бір кездегі біртұтас жүздердің арасын- да ендігі жерде ешқандай да еркін байланыс жасау мүмкіндігі қалмады, өйткені ондай қарым-қатынас жасауға қатаң тыйым салынды.

Үшіншіден, XIX ғасырдың бас кезінде Шыңғыс ұрпақтарының бір- қатары патша үкіметінің әкімшілігіне белсенді қарсылық білдірген оқиғалары көбейіп кетті. Ал ақыр соңында, патша үкіметі Франциямен соғыс аяқталғаннан кейін жеткілікті әскер күші мен адам ресурстарына ие болды. Мұның өзі оның тәуелсіз қазақтардың заңды билігін – хан билігін біржола жоюға итермеледі. Өйткені хан билігінің сақталуы патша үкіметінің өлкені шаруашылық тұрғысынан кең көлемде отарлауына кедергі кел- тірген еді.

Игельстром реформасы Кіші жүзді басқарудың 1786 жылғы Екатирина II қуаттаған жобасы.

1775 жылғы реформаға сәйкес О.А.Игельстром далалық жерлерді жалпы империялық негізде басқару мақсатында Кіші жүзде хандық басқару жүйесін жоюды көздеген жоба ұсынды. Бұл жоба бойынша негізгі билік шекаралық комиссияның орнын басатын шекаралық сотқа берілуі тиіс болды. Оның құрамына патша шенеуніктері мен басқа да жергілікті қауым өкілдері кірді. Орынбор губернатор басқару кеңсесінің бақылауында болатын жаңа әкімшілік органдар – расправалар құрудағы Ресей үкіметінің мақсаты ең алдымен сұлтандарды басқару ісінен шеттетуге болатын.

Расправаларды алғаш құрған кезде көптеген беделді старшындар оның құрамына енуден бас тартты. Сондықтан патша әкімшілігі енді «бас старшын» деген атақ енгізілді. Дегенмен расправалардың Кіші жүзді басқару ісіне араласуына сұлтандар қарсылық білдірді. Ресей үкіметінің Кіші жүзде расправалар құру жолымен хандық билікті жою жөнінде шаралары болмады. Игельстром реформасының сәтсіздікке ұшырауының басты себебінің – дәстүрлі басқару түрін жоюдың алғы шарты қалыптасуында болатын. Расправаларының басқару ісіне араласуына Кіші және Орта жүздердегі ықпалды [сұлтандар қарсы шықты](#)

58. Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы (1867 ж.) және Орынбор және Батыс Сібір бас үкіметтерінің Дала облыстарын басқару туралы (1868 ж.) уақытша ереженің жүзеге асырылуы.

1867-1868жж. реформалар «Уақытша» сипат алып, екі жылға тәжірибе ретінде енгізілді, бірақ заңды тұрғыдан бекітілмей, 80-90жылдарға дейін қолданылды. 1886-1891жж. «Ережелер» 1867-68жж. «Уақытша ережелерді» аздаған өзгерістермен заңды тұрғыда бекітті. Сондықтан, ереженің атауындағы «уақытша» сөзі алынып тасталды.

Ресей империясы үкіметі 1867—1868 жылдары Қазақстан аумағында әкімшілік реформа жүргізді. Оның негізгі мақсаты сұлтандар тобын өкімет бөлігінен біржолата ығыстырып, жалпы империялық басқару тәртібін енгізу еді. Жаңадан енгізілген шаралар өлкені шаруашылық жағынан отарлауға ықпал етуге және оған Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударатын шаруаларды одан сайын қапталуды қамтамасыз етуге тиіс болды. Қазақстанның Ресей

құрамына қосылуының аяқталуы империяның Қазақ өлкесіне байланысты саясатына біршама түбірлі өзгерістер әкелді. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды жаулап алғаннан кейін, патша үкіметі аймақтағы ағылшындарды ығыстырып шығарған болатын. Ыңғайлы халықаралық жағдайды пайдаланып, Ресей империясы Қазақстанда отаршылдық тәртіпті күшейтуді қолға алды. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының осылайша өзгеруінің айқын көрінісі — қазақтарды басқару туралы **1867—1868 жылдардағы әкімшілік реформасы**. 1867—1868 жылдардағы патша үкіметі реформасының негізгі мақсаты — қазақ өлкесінде отаршылдық тәртіпті нығайтуға бағытталды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін XIX ғасырдың 60-жылдары басында қазақтардың саяси өкімшілік, сот ісін басқару жүйесін қайта құрудың жобасын әзірлеуге арнаулы **комиссия құрылды**. Комиссия Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторы қазақтарын екі түрлі басқаруды жойып, бүкіл қазақ даласын екі — Батыс және Шығыс облыстарға бөліп басқаруды ұсынды. 1864 жылы 12 желтоқсанда Әскери және Ішкі істер министрлігінің бас қосқан комитеті мәжілісінде жоба мақұлданбады. Қазақтарды болашақтағы басқару құрылымы мәселесін енді үкімет Дала комиссиясына беру қажет деген шешім қабылдады. Комиссияға ішкі істер министрінің статс-келесісі, полковник Гирс төрағалық етті. Бұл Дала комиссиясының құрамына аталған министрліктердің әрқайсысынан екі өкіл және Орынбор өлкесі мен Батыс Сібір өлкелері әкімшіліктерінің мүшелері енді. Комиссияға қазақ даласын аралап, жергілікті көшпенділер өмірімен танысып, болашақтағы өкімшілік басқару

негіздері туралы жоба жасау міндеті жүктелді. Гирс комиссиясы 1865 жылы 27 маусымда Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан өлкесін аралауға шықты. "Халықтың жағдайын жақсартатын, оларды сұлтандардың үстемдігінен босататын ізгілікті реформаның" жасалу барысы құпия түрде жүргізілді. Патша үкіметінің қазақ даласында әзірлеп жатқан әкімшілік-сот құрылысы реформасының үлгісін алғаш рет сынға алғандардың қатарында Шоқан Уәлиханов (1835—1865 жылдары) тұрды. Ш. Уәлиханов "Сот реформасы туралы хат" атты Омбыда жазылған әйгілі еңбегінде қазақ даласындағы сот реформасы жайлы айта келіп, "Біз қабылдағалы отырған реформа сол халықтың мүддесі, пайдасы үшін жасалынып отырғандықтан, оның материалдық мұқтаждығына шақталуы әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сай келуі қажет. Бұл жағдайдан тыс жасалынған өзгерістің бәрі де зиянды әрі аномал (жат) құбылыс ретінде қауымды айықпас дертке шалдықтырып, тұралатып, мешеулетуі мүмкін екендігін" де ескертеді. Ғалым Шоқан Уәлиханов Қазақстанды билеуді халықтың өзін-өзі басқару негіздерінде қайта құруды талап еткен еді. Өкінішке орай, Шоқанның бұл демократиялық көзқарастары кезінде ескерусіз қалды. 1865—1866 жылдары қазақ даласын аралап шыққан комиссия қазақ жерлерін басқару туралы жаңа "Ереженің" негізін жасау барысында екіге бөлінді. Олардың бір тобы "қазақ даласын жоғарыдан тағайындалған шенеуніктер басқаруы қажет" деп санады, ал енді бір тобы қазақтардың өздерін-өздері басқаруын жартылай қалдыру керектігін алға тартты. 1867 жылы 11 шілдеде II Александр Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы, 1868 жылы 21

казанда Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы реформалардың жобасына қол қойды. Қазақ халқын басқару жөніндегі ережелер жобасы отаршыл билік өкілдерінің белсенді араласуымен жоғарыдан дайындалды.

59. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 ж.). Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 ж.).

1867-1868 жылдардағы реформалар екі жыл мерзімге тәжірибе түрінде уақытша енгізілген болатын. Алайда, бұл «тәжірибе» жергілікті халыққа теріс әсер етуі ықтимал деген қауіппен 20 жылдан астам уақытқа созылды.

1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 жылы 25 наурызда Дала өлкесін басқару яғни «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды.

Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарканд және Сырдария облыстары кірді. Орталығы Ташкент қаласы болды. Сырдария облысы 5 уезден, Ферғана – 5 және Самарканд - 4 уезден тұрды. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының орнына орталығы Омбы болған Далалық (Степной) генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кірді. Жетісу облысы 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал – губернаторлығының қарауына берілді.

"Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже" бойынша Түркістан генерал-губернаторлығы Сырдария, Жетісу, Самарканд облыстарына бөлінді. Өлкені басқару генерал-губернаторға жүктеліп, облыстарды әскери

губернатор мен облыстық басқарма, ал уездерді уезд (ояз) бастығы басқарды. Уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Түркістан генерал-губернаторлығында барлық билік отаршылдар қолына шоғырланды. Жергілікті халық өкілдері басқару жүйесінің төменгі сатыларына — болыстар мен ауылнайлар қызметіне ғана тартылды. Түркістан генерал-губернаторлығындағы көшпелі халықтар қазына пайдасына әрбір шаруашылықтан 4 сом төлеуге міндетті болып белгіленді. Бұған қоса елді мекендердің үстімен өткен патша әскерлерін үй және отынмен қамтамасыз ету де жергілікті халықтың мойнына жүктелді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Түркістан генерал-губернаторлығында 1898 жылы Әндіжан көтерілісі болды. 1916 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы көлемінде Жетісуда, Сырдарияда, Ферғанада ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошақтары болды. Бұл көтеріліс патша үкіметінің әскери күшімен аяусыз басып, жаншылды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан генерал-губернаторлығы жойылды.

Сот құрылысы. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды. Түркістан және Далалық өлкелерінде жалпы империялық соттар жүйесі - әлемдік (мировой) судьялар, облыстық соттар және жоғарғы (сенат) сот инстанциясы қалыптасты. Соттардың төтенше съезі әскери губернатордың рұқсатымен шақырылды және өлкелік құқығы берілген орыс чиновнигінің қатысумен өткізілді.

Төменгі сот буыны – халықтық сот болды. Халықтық сот – империялық сотқа

қосалқы, өз бетінше мәселені шеше алмайтын тәуелді буын.

Сонымен 1886-1891 жылдардағы сот ісіндегі өзгерістер «Ережелерде» әкімшілік, сот істерінің жүйесі бекітілді. 1891 жылғы «Ережеде» сот істері 17 баптан құрылды. Сот жүйелері Россиядағы үлгімен құрылды. Халық (билер) соты үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғайтын, жергілікті мұсылмандардың ісін қарайтын ең төменгі сот буыны болды.

Тұтас алғанда 1886-1891 жылдардағы реформалар отаршылдық және феодалдық езгіні күшейте түсуге бағытталған еді.

60. Бөкей ордасының (Ішкі Орда) құрылуы: басқару жүйесінің ерекшеліктері, аумақтары. Жәңгір ханның азартушылық саясаты.

Кіші жүзде шаруашылықтың құлдырауы, жердің тапшылығы 1801 жылы Бөкей немесе Ішкі Орданың құрылуына әкелді, ол Жайық және Еділ өзендерінің төменгі ағысында пайда болды. Бұл аймақ Ресей құжаттарында XVIII ғасырдың аяғына дейін Астрахань даласы деп аталды. Ішкі Қазақ Ордасы (Бөкей Ордасы) — Ресей империясының вассалы ретінде Еділ мен Жайық аралығында 1801 ж. құрылған. Бөкей Ордасы — қазақтардың және әлемдегі ең соңғы Шыңғысхан ұрпақтарымен меңгерілген мемлекеттік құрылым. Хандық сұлтан Бөкей Нұралыұлының есімімен аталды.

Бөкей Ордасы Еділ мен Жайықтың аралығында орналасқан.

Орда өңірініңдегі дала көпшілігі құмды мен сазды жерден тұрады. [Көтеріңкі жерлері төмпелі](#), ойпаттарда шабындық жерлер орналасады, бірақ кей тұстарда былқылдақ құм бар. Солтүстік жағында (Тарғын, Тал, Қамыс-Самар, Қалмақ) [қара топырақты дала кездеседі](#), Оңтүстігінде көбінесе құм жайлайды.

Оңтүстікте құм төбелерінің арасында құмаршық өсетін ойпаттар кездеседі. Төмпелерде ештеңе өспейді, теңізге жақындағанда тегістеніп кетеді де сорларға айналады. Оңтүстік-батыста Бэр төмпелері көріне бастайды. Орданың солтүстігінде бірде жалғыз, [бірде топтасқан обалар бар](#), әдетте біреуі ірілеу болады. Ең ірілерінің шеңбер диаметрі 30 м шамасына жетеді. Бұл обалар мола екенін қазба жұмыстар дәлелдеді, соның ішінде адам мәйітінен басқа дүние-мүлік табылған, ал кейбіреулерінде зер тасты кірпіш қалауы бар.

Хан Жәңгір Бөкей ордасына келген ғалым-зерттеушілерді ерекше құрметпен қабыл алған. Осы өңірде болған Г.С. Карелин, В.И. Даль, т.б. хан үйінің қонақжайлылығына ризашылықтарын естелік— зерттеулерінде жазып көрсетеді. Бұлардан басқа Бөкей ордасында 100-ден астам Ресей және шетел зерттеушілері болған.

1842 ж. Жәңгірдің [өтінішімен белгілі картограф](#), Орыс жағрапиялық қоғамының мүшесі Я.В. Ханыков Бөкей ордасының аумақтық картасын жасайды. Хандықта Кіші жүзден шыққан 5 мың жанұя болды, 19 ғ. 50 жж. Бөкей ордасында 300 мың адам тұрды (50 мың жанұя) Елді хан басқарды.

Жәңгірхан тұсында басқару әдістеріде басқаша болды. Егер қазақтың бұрынғы хандарының тұрақты ордасы болмай, көшпелілерді өзі де көшіп жүріп басқарса, ол хан әкімшілігінің тұрақты орталығын құрды. Оның жанынан ерекше басқару аппараты құрылды. Хан жанында сұлтандар арасынан 10 «хан депутаттары» деп аталатындар болды. Бұл «депутаттар» орыс қыстақтарымен шектес рулардың қоныстарына жіберіліп отырды және олар

істе орыстар мен қазақтар болған кезде шекаралық өкімет орындарының өкілдері жүргізетін тергеулерге қатысуға тиіс болды және бұл орайда қазақтардың мүдделерін білдірді. Оларға ханның тапсырмасы бойынша жергілікті жерлердегі жекелеген дауларды қарау тапсырылды. Олардың алымдар бойынша төленбеген бөлігін өндіріп алу кезінде мәжбүрлеуге де билігі болды, кейде оларға неғұрлым кең өкілеттіктер де берілді.

Жәңгір хан билік еткен тұста Бөкей ордасында 1832 жылы сауда жәрмеңкесі (хан жәрмеңкесі) [ұйымдастырылып, дәрігерлік бөлімше, 1938 жылы дәріхана, мұрағат ашылып](#), хандықтың алғашқы картасы жасалынды. Жәңгірдің басқаруымен Бөкей ордасында қазақтың шеберлері жасаған аса құнды әскери қару-жарақтар сақталатын мұражай құрылған.

Жәңгір хан ағартушылық қызмет те атқарған. Сонымен, Бөкей ордасында ол өз мектебін ашты. Ол үшін ол [императорға арнайы хат жазып](#), Ресейдің жоғары мектептерінде қазақ балаларын оқытуға рұқсат алды. [Император рұқсат берді](#), бірақ бір шарт бойынша: балалар бастауыш мектепте орыс тілінде оқу қажет. Сондықтан олар Жәңгір хан мектебінде бірден екі тілде - қазақ және орыс тілдерінде сабақ берді.

61.XIX з. 60-90 жылдарындағы көші-қон мәселесі.

Қазақстан тарихында қоныс аудару қозғалысының кезеңдері туралы бір жақты пікір жоқ. Дегенмен қоныс аудару қозғалысын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1861—1885 жылдар;

1886—1905 жылдар;

1906—1917 жылдар.

XIX ғасырдың 60-90-жылдарында жүргізілген

әкімшілік реформалар қазақтардың жерін түгелдей мемлекеттің меншігі деп жариялады. Ол реформалар Қазақстанды шаруалар арқылы кең көлемде отарлап алуға берік негіз қалады. Орыс шаруаларын шикі Ресейден қоныс аудару көп жағдайда қазақтарды [ежелгі атамекенінен](#), қонысынан жаппай қуу және ең құнарлы жерлерін күштеп тартып алу арқылы жүзеге асырылды. Егер XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанға көбінесе Ресейден әскери топ пен казактар [ғана қоныс аударып келсе](#), ғасырдың екінші жартысынан бастап жағдай түбегейлі өзгерді. Ресей шаруаларын қазақ даласына бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде жаппай қоныс аудару ісі мемлекеттік тұрғыда қолға алынды. Мұның бірқатар себептері болды:

Біріншіден, 1861 жылы Ресейде шаруаларды басыбайлы езгіде ұстау жойылды. Шаруалар басыбайлы тәуелділіктен құтылды. Бірақ олар жаппай жерсіз қалды немесе ұлтарақтай шағын жерге ғана ие болды. Мұның өзі шаруалардың толқуын туғызды. Патша үкіметі шаруалар бүліншілігінің өрши түсуін болдырмау үшін оларды Қазақстан мен Сібір аумағына жаппай қоныс аударту шараларын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады.

Екіншіден, Ресей

империясы қоныс аударушы шаруалар есебінен қазақ өлкесінің аумағында өзінің сенімді тірегін қалыптастыруды мақсат етті. **Үшіншіден**, патша үкіметі орыс шаруаларын жаппай қоныс аудару арқылы қазақтарды егіншілікпен айналысатын отырықшы өмір салтына көшіруді ойлады. Өйткені ондай жағдайда [қыруар көп жер босап қалып](#), жергілікті халықты

катаң бақылауда ұстаудың тамаша мүмкіндігі туар еді. **Төртіншіден**, патша үкіметінің жергілікті халықты христиан дініне енгізу және орыстандыру жөнінде арам пиғылы да болатын.

Бесіншіден, қоныс аударушы шаруалар Қазақстанды орыс империясының сарқылмас мол астығы бар алып қоймасына айналдыруы тиіс деп үміттенді. Өлкені казактар арқылы отарлау экономикалық тұрғыдан ойдағыдай онды нәтиже бермеді. Әскери қызметте жүрген казактар өлкедегі әскери гарнизондар мен шенеуніктер тобының өзін де азық-түлікпен жартымды қамтамасыз ете алған жоқ.

Жүз мыңдаған орыс, украин, беларусь шаруаларының Сібір, Қазақстан және Орталық Азияға қоныс аударуы Ресейдің аграрлық саладағы саясатымен тығыз байланыста дамыды. Ресей самодержавиесі жер мәселесін помещик-дворяндардың пайдасына шешіп берді. Помещиктер шаруаларды «азат ету» барысында олардың бұрын пайдаланып келген жерінің басым бөлігін тартып алды. Себебі 1861 жылғы реформадан кейін помещиктер өз пайдасына шаруалардың реформаға дейін өңдеп келген жерінен үлес алуға құқықты болды. Кейбір губернияларда шаруалар жерінің 1/3, тіпті 2/5 бөлігін помещиктер тартып алды. Сонымен қатар жер үлесі үшін тым жоғары өтемдік төлемдер талап етілді. Жер тапшылығынан шаруалар помещиктерден, қазынадан жерді жалға алуға мәжбүр болды.

Жетісу облысының губернаторы Г.А.Колпаковскийдің басшылығымен 1868 жылы «Жетісуға шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша Ережелер» жобасын жасады. Ереже бойынша жан басына (ер адам) 30 десятина мөлшерде жер

белгіленіп, 15 жылға алым-салықтардан босатылды.

Ал 1883 жылы қабылданып, 1885 жылы бекітілген Ережеде Жетісу облысына жаңа келушілер мен Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендер үшін жаңа нормалар бекітілді. Енді жан басына берілетін жер үлесі 30 десятина емес, 10 десятина болып белгіленді, бірқатар жеңілдіктер енді 3 жылға дейін ғана сақталды. Ресми деректер бойынша 1861—1885 жылдары Орал арқылы 300 мың қоныс аударушы келген.

62. Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттарының қазақтың жайылымдық жерлерінің талан-таражға салынуы туралы пікірлері.

Қазақ депутаттары I және II Думада (1906, 1907 жж.) алдарына екі міндет қойды. Біріншісі – Ресейді түбегейлі реформалап, толыққанды **халық билігін**, яғни шынайы демократиялық мемлекет құру, екіншісі – жеке меншіктегі жердің бәрін мемлекет меншігі пен патша әулетінің қолындағы жермен бірге жалпыұлттық мемлекеттік қорға күштеп алу. Ресейдің 1907 жылғы II Мемлекеттік Думасының құрамына Қазақстаннан мына азаматтар сайланды: Ақмола облысынан — Шәймерден Қосшығұлұлы, Торғай облысынан - Ахмет Бірімжанов, Семей облысынан - Темірғали Нүрекенов, Сырдария облысынан - Тілеулі Алдабергенұлы, Жетісу облысынан — Мұхамеджан Тынышбаев, Орал облысынан — Бакытжан Қаратаев,

Астрахан губерниясынан — Бактыгерей Құлманов. Алайда бұл Думаның да қызметі ұзаққа созылмады, небары 104 күн ғана жұмыс істеді.

«Қазақтар өзі отырған жерін ежелден басып алып пайдаланғаны негізінде өзінің меншігі санайды, – деп жазды Ө. Бөкейхан өзі де-факто редакторы болып шығарған «Иртыш» газетінің 1906 жылғы кезекті санында. – Қазақтар көші-қон ісін өз орнына қоя алатын күш табылатын Мемлекеттік Думаға ғана үміт арта алады. Білек күшінің құқы бар кезде, 12, 27 тамыз және 19 қыркүйек жарлықтарына сай шаруаларға сатылуға арналған патша әулетінің меншікті жері, жеке-меншікті жер (дворян-помещиктердің меншікті жері – С.А.), кабинет жері секілді қазақ жері де жекеменшікті дворян жерлерін қорғауға қызмет етеді»

II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттары кадеттермен жақындасып, мұсылмандар фракциясының тобына кірді. Ресейдің ұлттық шет аймақтарындағы басқа да халықтардың өкілдерімен бірге, ішкі Ресейден шаруаларды Қазақстанға қоныс аудару үрдісін тоқтатуды талап етті. Б. Қаратаев II Мемлекеттік Думада Ресейден шаруаларды Қазақстанға қоныс аудару саясатының қазақтар үшін өте жағымсыз, ауыртпалықты болып отырғаны туралы арнайы баяндама жасады. Ол өзінің жалынды сөзінде былай деп атап көрсетті: «Сіздер

мынадай сұмдық жағдайды түсінуге тиіссіздер: бүгінгі таңда қоныс аударушы орыс шаруаларына жер телімдерін беру үшін қазақтарды өздерінің ежелгі ата қоныс жерлерінен ғана емес, жеке меншік баспаналарынан да қуып шығарып жатыр».

Қазақ депутаттар өз халқының заңды құқығын қорғап жоғары билік орындарына бірқатар үндеулер де жазды. Мәселен, Мемлекеттік Думаның депутаттары Б. Қаратаев, А. Бірімжанов, Т. Нүрекенов, Ш. Қосшығұлұлы 1907 жылғы наурызда өздерінің жасаған мәлімдемесінде былай деп жазды: **«Көшпелілердің бірден-бір күнкөріс көзі — мал шаруашылығы, ал олардың Азияның шетсіз-шексіз кең даласында бір жерден екінші жерге үздіксіз көшіп-қонып жүруі әлдебір жанға жайлы, қызығы мол бос серуен құру емес, табиғаттың қиындықтарын жеңе отырып, өмір сүру болып табылады».**

63. Бөкей хандығындағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісі (1836-1838 ж.): көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, маңызы.

2003 жылы Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

Бөкей Ордасы құрылғаннан кейін Жайықтың оң жағалауына 5 мыңға жуық үй көшіп-қонса, кейін Орынбор шекаралық комиссиясының есебі бойынша Бөкей хандығының саны 10 235 үйге жеткен. Бөкей хандығының шекарасы бірте-бірте анықталған соң, оның көлемі шығыстан батысқа қарай 350 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 шақырым жерді алып жатты.

1815 ж. Бөкей қайтыс болған соң оның орнын басар Жәңгір, Әділгерей, Меңдігерей атты үш ұлы қалады. Хан тағының мұрагері Жәңгір оң-солын танып, ел басқаруға араласқанша Ішкі Орданы Бөкейдің інісі Шығай биледі. 1824 ж. Жәңгір арнайы жарлықпен хан тағына отырған соң Ішкі Ордадағы қоғамдық тұрмыс пен әлеуметтік-саяси құрылымдарға, жер қатынасына, салық саясатына өзіндік өзгерістер енгізбек болды. Бірақ көшпелі және жартылай көшпелі халық ханның бұл “жаналықтарына” дайын болмады.

Жер қатынасында әділетсіздіктер орын алды. Жәңгірдің ағасы Меңдігерей Бөкейханов ханның төңірегінде жүрген сұлтандар Мұсағали, Шыңғали Ормановтар, Балқы Құдайбергенов т.б. шұрайлы жерлерді иеленді. Сонымен қатар Ішкі орданың халқы Орал казак-орыстарынан да қатты қысым көрді. Жайық өзенінің жағалауына адам жолатпады.

Қазақтарға Жайықтан балық аулау түгілі су ішуге, мал суғаруға рұқсат етпей, өзенге он шақырым жақындауға тиым салынды. Ал, ол жаққа жайылып бара қалған малдарды айдап алып, иеленіп кетіп отырды.

Ішкі Орданың қазақтары 1846 жылға дейін патша үкіметінің алдында міндеткерліктер жүктеп, ешқандай салық төлемеді. Ордадағы салықтың түрлерін негізінен ханның өзі белгілеп отырды. Олардың ішінде ханның пайдасына алынатын “зекет”, “соғым” сияқты салықтар болды. 1825 ж. “зекет” салығынан 115 мың сом пайда түскен. “Соғым” салығынан жылына 6000 сом пайда тауып отырған, бұл салық кейде 800-1000 бас мал түрінде алынып тұрды. 1836 ж. Ішкі Орда халқы ханның “зекет” салығына 18000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе, одан басқа да салықтар жинағанын айтып Орынбор комиссиясына шағымданады.

Жәңгір хан 1833 ж. өзінің қайын атасы Қарауылқожа Бабажановты Каспий теңізінің жағалауында көшіп-қонып жүрген рулардың басқарушысы етіп тағайындайды. Жаңа тағайындалған басқарушы қарапайым халықты қатты қанауға ұшыратты. Ол қазақтарға жерді “жалға” беру дегенді шығарып, казак шаруалары жер үшін ауыр салық төлеуге мәжбүр болды. Оған қоса Қарауылқожаның

отбасы үшін әр шаңырақ 2 сом, ал ауыл старшындары бір жылқыдан төлеуге міндеттелді. Одан басқа да қосымша міндеткерліктер халықты әбден күйзелтті. 1835 ж. Исатай ханға арызданбақ болғанда, сұлтан Шөке Нұралиев ханмен сөйлесемін деп Беріш руына қарасты елден 264 түйе, 127 жылқы, 19222 сом ақша жинап алып, халықтың шағымын аяқсыз қалдырады. Қ.Бабажановты тағайындау қарсаңында және одан кейін де ханға айтылған арыз-шағымдар ескерусіз қалған еді.

Мінеки, осындай жер қатынасындағы әділетсіздіктер, Орал казак-орыстарының көрсеткен озбырлығы, түрлі салықтардан түскен ауыртпалықтар **Орда халқының наразылығын тудырды.** Бұл жағдайлар 1836-38 жылдары халықтың көтеріліске шығуына әкеліп соқты. Көтеріліске Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы жетекшілік жасады. Көтеріліс алғаш әр жерде ұйымдаспаған наразылықтар түрінде байқалса, кейіннен біріккен күшке айналып, ашық қарсылыққа ұласты. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші бұқара халық болды.

Көтерілістің негізгі себептері:

- Ақшалай салықтың өсуі;
- Әр күз сайын әр шаңырақтың хан сарайының мұқтажына құны 70 сомдық жылқы беруге міндеттелуі;

- Шаруалардың көшіп-қонғаны, шөп жинағаны, орыс помещиктерінің шабындығын басып өткені үшін салық төлеуі;
- Жәңгір ханның әділетсіздігі мен рақымсыздығы.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші шаруалар болды, оған старшын, билер де қатысты. Көтеріліс басшылары – Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы.

Көтерілістің басты мақсаты:

Хан озбырлығына шек қою; Шаруалар жағдайын жақсарту; Жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту; Әскери бекіністердің салынуын тоқтату.

Көтерілістің

сипаты: Антифеодалдық және отаршылдыққа қарсы.

Көтерілістің барысы.

Көтеріліс үш кезеңге бөлінді.

Бірінші кезең – 1833-1836 жылдар аралығы қарулы көтеріліске даярлық ретінде сипатталса, екінші кезең – 1837 жылдың басында көтерілісшілердің ханға қарсы аттануынан бастап, олардың осы жылдың күз айларында жеңіліске ұшырауына дейінгі аралық. Үшінші кезең 1837 жылдың желтоқсанында Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің шағын тобының Жайықтың сол жағалауына өтіп, күш жинап көтеріліске қайта шығуынан бастап, 1838 жылдың шілде айының ортасында Ақбұлақ өзенінің маңында болған

шайқаста біржола жеңіліске ұшырауына дейінгі уақытты қамтиды.

Көтерілістің жеңілуі: Исатай басқарған көтерілісті тез талқандау үшін Орынбор губернаторы В.А. Перовский барлық күштерді жұмылдыра бастады. В.А. Перовский бұл көтерілістің Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық көтеріліспен бірігуінен сескенді. Полковник Гекке мен Баймағамбеттің отрядтары Ақбұлақтың жағасына орналасады. Исатай 500-дей жігітімен Қиыл өзенінің қарсы жағалауындағы биік қырға келіп тоқтайды. Көп кешікпей екі арада шайқас басталады. Жазалаушы әскер көтерілісшілерді үш жақтан шабуылдап, зеңбіректен оқ атады. Шайқаста көтерілісшілерден 70-80 адам қаза табады да, олар амалсыздан шегінеді. Кезекті қақтығыста Исатайдың атына оқ тиеді де, бірақ батыр жаяу ұрыс салады. Осы шайқаста Исатай қолға түседі, Баймағамбеттің үш нөкері оның қолын артына қайыра байлайды да, біреуі батырдың кеудесіне мылтық тақап тұрып атады. Оған қоса Иван Богатырев деген урядник батырдың басын қылышымен шауып түсіреді. Осылайша елі үшін еңіреген есіл ер қаза табады 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ деген жерде көтерілісшілер Гекке мен Айшуақұлы басқарған отрядтан жеңіледі. 1838 жылы 23 шілдеде Махамбет бастаған

көтерілісшілер хан ауылына шабады. Исатай қаза тапқаннан кейін Махамбет Өтемісұлы біраз адамдармен Хиуа хандығына өтіп кетеді. Кейін Орынбор әкімшілігі оны қолға түсіріп, сотқа тартып, Атырау өңіріне жер аударып жібереді. Сот үкіміне риза болмаған Баймағамбет сұлтанның адамдары 1846 жылы қыргүйекте Махамбетті өз үйінде өлтіріп кетеді. 1836-1838 жылдардағы көтерілістің негізгі мақсаттары орындалмады.

Көтерілістің жеңілу себептері:

Үстем тап өкілдерінің опасыздығы;
Көтеріліс басшыларының Кіші жүздегі және Ішкі Ордадағы көтерілістерді біріктіре алмауы;
Қару-жарақ теңсіздігі;
Стихиялығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі;
Патша үкіметінің жазалау отрядтарының күшінің басым болуы;
Көтерілісшілердің бір бөлігінің өз ісіне сенімсіз болуы;
Көтерілістің жергілікті сипатта болуы.

Нәтижесі:

Салық мөлшеріне шек қойылды;
Патша үкіметі қазақ старшындарымен санасатын болды;
Ішкі Ордадағы хандық биліктің әлсірегенін дәлелдеді;
Қазақ феодалдарының отаршылдық басқару әкімшілігімен байланыста екенін көрсетті;
Әртүрлі халық өкілдерінің қанаушыларға қарсы біріккен күресінің негізі қаланды.

Кіші жүзге келген патшаның жазалаушы әскері көтерілісшілердің бірігіп, ары қарай әрекет жасауына мүмкіндік бермеді. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс – қоғамдағы әлеуметтік теңдік үшін болған, қазақ халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтың азаттық рухын жігерлендірген көтеріліс.

64. Сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы (1837-1847): қозғаушы күштері, барысы, негізгі кезеңдері және жеңіліс себептері.

1837-1847 жылдардағы көтеріліс басшысы – [Қасым төренің баласы](#), сұлтан Кенесары (1802-1847 ж.ж.). Көтерілістің басты мақсаты: Қазақ елінің патшалы Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген өңірлерінің дербестігін сақтау, қазақ жерлерін бекіністер мен округтік билеу арқылы отарлауды тоқтату, Қоқандықтардың тепкісіндегі қазақтарды азат ету. Көтеріліс бүкіл [Қазақстанды қамтып](#), ұлт-азаттық сипат алды.

Көтерілістің басты қозғаушы күші қазақ шаруалары болды. 80-нен астам би, старшын, сұлтандар көтеріліске қатысты. Ақсүйектер мақсаты – көтерілісті пайдаланып, бұрынғы артықшылықтарын қайтарып алу және көшпелі феодалдық дербес мемлекеттің бостандығын қалпына келтіру. Көтеріліске әртүрлі ұлттардың

өкілдері қатысты – орыс, өзбек, қырғыз.

Көтерілістің алғышарттары. Ресей империясының

казак даласындағы хандық билікті жоюы, шегаралық аймақтарда жаңа бекіністер салып, казак жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы және казак қоғамында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды.

XVIII-XIX ғасырларда болған баска барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің басты ерекшелігі оған үш жүздің толық қатысуында болды. Көтеріліс кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алды.

Көтерілістің мақсаты:

- ☞ Ресейдің отарлау саясатына шек қою;
- ☞ Патша үкіметінің құрамына кірмеген өңірлердің дербестігін сақтау;
- ☞ Қазақ жеріне бекіністер мен әскери шептердің салынуын тоқтату;
- ☞ Қазақтарды Қоқан бектері мен Хиуа хандығының езгісінен азат ету.

1837-1847 жылдардағы көтеріліс бүкіл Қазақстан жерін қамтыды. Көтеріліске Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның баласы Кенесары сұлтан (1802-1847 ж.ж.) басшылық жасайды.

1837 жылы қараша айында Кенесары Қызылжар (Петропавл) маңында Ақтау бекінісіндегі казак отрядына шабуыл жасап, патша үкіметіне ашық қарсылық білдірді. Бұл

көтерілістің бастауы болды. 1838 жылы 26 мамыр күні Кенесары бастаған көтерілісшілер Ақмола бекінісін шабуылмен басып алып, өртеп жіберді. Ақмолаға иелік еткен Карбышев пен сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы бекіністі тастап, қашып кетеді. 1838 жылы күзде көтеріліс Кіші жүз өңіріне тарайды. Батыр Жоламан Тіленшіұлы көтеріліске қосылады. 1841 жылы тамыз айында Кенесары сарбаздары Ташкентке аттанып, бірақ жұқпалы аурудың таралуынан жорықты тоқтатады. Бұл жолы Кенесары қолы қоқандықтардың билігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекіністерін қоршайды және бірнеше бекіністі алады. Қоқан ханы Кенесарыға одақ құруды ұсынады, бірақ батыр оны қабылдамайды. Көтерілістің кеңеюінен сескенген патша үкіметі көтерілісті тезірек басуға тырысады. Орынбор губернаторы Обручев пен Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков көтерілісті басуға әскер жібереді. 1842 жылы Кенесары қолына қарсы бағытталған Сотников басқарған жазалау отрядтары жіберілді. Сібір жазалау отрядтары бейбіт қазақ ауылдарын ойрандап, 14000-ға жуық малын алып, 100-ге жуық адамды өлтіреді. 1843 жылы 27 маусымда старшын Лебедев басқарған, 300 адамнан тұратын казак отрядтары көтерілісшілерге қарсы аттанады. 1843 жылы

тамызда көтерілісшілерге қарсы Жантөреұлы, Айшуақұлы, Бизанов, подполковник Генс басқарған 5000 адамнан құралған жазалаушы топ ұйымдастырылды. Кенесарының басын кескенге 3 мың сом сыйақы белгіленді. 1844 жылы 21 шілдеде көтерілісшілер сұлтан Жантөреұлы басқарған отрядты жеңіп, 44 сұлтан қаза табады, сұлтанның аман қалған тобы Тобыл өзеніне қарай шегінеді. Кенесарыға қарсы күресте дәрменсіздігі үшін старшын Лебедев Орынборға шақырылып, жауапқа тартылды. 1844 жылғы Кенесарының жеңістері Орынбор әкімшілігін Кенесарымен келіссөз жүргізуді бастауға мәжбүр етті. 1838 жылғы желтоқсанда Батыс Сібір генерал-губернаторы князь Горчаков пен I Николайға арналған хатты тапсыруға жіберген елшілігінде **Кенесарының қойған алғашқы талаптары мынандай болды:**

1. Қазақ жеріндегі округтік бұйрықтарды жою;
2. Абылай хан кезіндегі қазақ жерінің дербестігін қалпына келтіру;
3. Салық жинауды тоқтату.
4. Бірақ Кенесары жіберген елшіліктің бес өкілі тұтқынға алынып, жазаға тартылады.

Кенесарының қойған екінші талабы әскери бекіністер салынбаған Ақтау, Есіл және Нұра мен Жайық өзендеріне дейінгі өңірлерді Ресей билігінен босату болды. Кенесары ханның соңғы шайқасы қырғыздардың

Кекілік-Сенгір деген жерінде болады. Қырғыз манаптарымен Вишне夫斯基дің отряды және Қоқан хандығының әскері «Алмалы сай» шатқалында Кенесарының сарбаздарын үш жақтан қоршауға алады. Өздерінен бірнеше есе күші көп жаумен болған шайқаста Кенесары хан 32 қазақ сұлтанымен бірге тұтқынға түседі. Наурызбай батыр қаза табады. Қырғыздардың қолына тұтқынға түсіп қалған Кенесары ханды патша тарапынан сыйлықтар алған қырғыз манаптары өлтіреді.

Көтерілістің жеңілу себептері:

- ☞ Қазақ феодалдарының біразы Кенесарыны қолдамады;
- ☞ Қазақ халқы арасында рулық алауыздық пен руға бөліну болды;
- ☞ Ресей билеушілерінен жеңілдіктер алған ақсүйектердің бір бөлігі орталықтанған феодалдық мемлекет құруға мүдделі болмады;
- ☞ Көтерілісті қолдамаған ауылдарға Кенесары аса қатты жаза қолданды;
- ☞ Қазақтар қырғыздармен, қоқандықтармен болған шайқастарда Кенесарыны қолдамады.
- ☞ Бұхар, Қоқан феодалдарымен соғысып, күшін сарқыған Кенесары қолы Ресейге қарсы тұра алмады.

65.1868-1869 жылдардағы Торғай, Орал облыстарындағы және 1870 ж. Маңғыстау қазақтары көтерілістерінің себептері, сипаты мен барысы.

1868 жылы желтоқсан айында Орал және Торғай облыстарында патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы көтеріліс басталды. Ол 1869 жылдың қазан айына дейін созылды. Қазақтар көтерілісінің

басты себебі 1867-1868 жылғы уақытша ережелер болатын.

1869 жылы көктемде көтерілісшілердің қарулы жасақтары казак әскери бөлімдеріне қарулы қарсылық көрсетіп, реформаны жүзеге асыру үшін келген үкімет комиссиясына ашық наразылығын білдірді. Бұл көтерілісті Ембі өзені бойындағы аймақты мекендейтін казак руларының ықпалды көсемдері Сейіл Түркебайұлы мен Беркін Оспанұлы басқарды. Қазактардың қарулы қарсылығын басу үшін Мәскеу, Петербор, Харьков, қазан әскери округтері мен жазалаушы әскери бөлімдері жіберілді. Жазалаушы әскер бөлімдерінің құрамында 5300 солдат пен офицер және 20 шақты зеңбірек болды. Жазалаушы әскердің шабуылынан соң көтерілісшілер Енбі, Сағыз, Ойыл өзендері бойына шегінді. Көтерілісшілер 1868 жылы 6 мамырда Ойыл өзенінің жанында Жамансай деген жерде фон Штемпельдің 200 атты әскері мен жаяу әскер ротасына шабуыл жасайды. Патша әскеріне казак жасақтары күшті қарсылық көрсетіп, 7 күн бойы оларды қоршауда ұстады. Соңында жазалаушылар Калмыков бекінісіне қайтуға мәжбүр болды. Мұндай шайқас Ащыбұлақ өзені бойында майор Пироготың әскери бөлімімен де болды. 1869 жылдың наурыз-маусым аралығында көтерілісшілер билер мен болыстардың және старшындарының ауылдарына үш мыңға жуық адамның қатысуымен 41 рет шабуыл жасалады.

Көтерілістің кең етек алып кетуінен сескенген патша үкімет оны басу үшін нақты іс-әрекеттерді талап етті. Жазалаушы экспедицияны Орал облысының губернаторы Н.А. Веребкиннің өзі басқарды.

Ол басқарған әскери бөлімдерде 1700 астам адам болды. Осы әскери экспедицияның нәтижесінде көтеріліс жаншылды.

Көтерілістің негізгі күші казак шаруалары болды. Олардың мойнына отаршылдықтың барлық ауыртпашылығы түскен еді. Көтеріліске қоғамның басқа өкілдері де қатысты, оның ішінде рубасылары мен сұлтандар да болды. Мысалы, сұлтан Ханғали Арсланұлы көтерілісшілердің жасағының бір бөлімін басқарды. Бірақ сұлтандар, болыстар мен старшындар тұрақсыздық жасады және көтерілісшілердің үмітін ақтамады. Көтеріліс басталғаннан кейін патша әкімшілігі оған қатысқандарды аяусыз жазалады.

1870 жылы наурызда Маңғыстау түбегіндегі көтеріліс басталды.

Көтерілістің негізгі себебі патша үкіметінің әкімшілік-аумақтық реформалары болды. Ал көтерілістің шығуына түрткі болған Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің «Уақытша ережеге» сәйкес бекінсітер салынған Ембі өзені бойындағы жайылымдарды адай руларының пайдалануына тыйым салу әрекеті еді. Бозашы түбегіндегі көтерілісті Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы басқарды. 1870 жылы 15 наурызда пристав Рукин 4 зеңбірекпен қаруланған казак әскерімен Күріп аймағында адай руларының жайлауға көшуін тоқтатуға әрекет жасады. 22 наурызда оған жауап ретінде казак жасақтары казак әскерін қоршап алып, талқанжап жіберді. Бұл шайқаста жарақат алған полковник Рукин өзін-өзі атып өлтірді. Казак әскери бөлімінің талқандалуы туралы хабар азаттық қозғалыстың белгісі болды. Көтерілісшілерді Каспийдегі балық және тұз

кәсібіндегі жұмысшыларда қолдады. Көтерілісшілердің саны 10 мыңға жетті. 5 сәуірде олар Николаев станциясы мен Александровск форпостына шабуыл жасап, Нижнее бекінісіндегі әскери горнизонының қоймаларын талқандады. Сонымен бірге, форпостын шамшырағын жағып жіберді. Қолға түскен қайықтардан кішігірім флотилия жасап, Александровск форпостын қоршауға қатысты. 9 сәуірде Кавказ әскери округінен Александровск форпостына граф Кутаисовтың басшылығымен әскери күш келді. Сәуірдің соңына таман граф Кутаисовтың зеңбірекпен қаруланған үш жаяу ротасы және жүзге жуық атты әскері Үстіртке шегініп бара жатқан ауылдардың жолдарын кесуге әрекет жасады. Мамыр айында Кавказдан Маңғыстауға Апшерон полкінің батальоны, екі атқыштар ротасы, желілік батальонының екі ротасы, Дағыстан полкінің төрт ротасы, Терск казактарының екі жүздігі төрт зеңбірекпен жеткізілді. Мұндай әскери күшке қару-жарағы нашар казак жасақтары төтеп бере алмайтын еді. Қазак жасақтарының жанқиярлық қарсылығына қарамастан, көтеріліс басылды. Маңғыстауды патша әскері басып алды. Көтеріліс басшылары М.Тіленбайұлы Д.Тәжіұлы өздерін жақтаушы ауылдарымен 1870 жылы желтоқсанда Хиуа хандығының аумағына өтіп кетті. Көтеріліс басылғаннан кейін адай руына 90 мың қой көлемінде соғыс шығынын өтеу үшін салық (контрибуция) салынды. Ресей үкіметі бұл «жағдайды Маңғыстау түбегіндегі тыныштық орнату мен жазалау емес, керісінше қайтадан басып алу» жорығы болғанын мойындады. 1873 жылы Маңғыстау казактары қайтадан көтеріліс жасады. Бұл жолы ресей үкіметі оларды Хиуа

жорығына арналған түйелерін тартып ала бастаған еді.

66. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақ даласы.

Соғыс ол саясат.

Соғыс түрлері: Азамат соғыз, Отан соғысы, дүниежүзілік соғыс т.б

Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылғы 19 шілдеде (1 тамызда) басталды. Оған 38 мемлекет тартылды. Соғысқа қатысушы басты елдер (одақтар):

2 одақ болды:
Үштік одақ (Германия, Австрия-Венгрия, Италия).

Антанта (Англия, Франция, Россия)

Соғыстың сипаты- басқыншылық, агрессиялық, империалистік соғыс болды.

Дүниежүзілік соғыс неге болды?

-осы соғысқа қатысқан мемлекеттердің бәрі империализмге өтіп жатты -дүниежүзін бөліп алғысы келді.

Осы соғыс шиеленісінен кейін, 1916 жылы Ұлт азаттық көтеріліске алып келді.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа Россия дайындықсыз, әскери - өнеркәсіптік әлеуеті (потенциал) төмен, көлігі нашар дамыған жағдайда кірісті, армия әскери-техникалық жағынан нашар қамтамасыз етілген еді.

Бұл соғыс (империалистік) барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өңірлердің біріне айналды. Соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді. Россияның дүниежүзілік империалистік соғысқа кірісуі Қазақстанды тонауды күшейтті. Соғыс

қажетіне деп өлке еңбекшілеріне 10-ға жуық салығы енгізілді:

1. 40899244 пұт мақта
 2. 38 мың шаршы аршын киіз
 3. 3 млн. пұт мақта майы
 4. 229 мың пұт сабын
 5. 300 мың пұт ет
 6. 473928 пұт балық
 7. 70 мың жылқы
 8. 12797 түйе алынды
 9. 14 мың киіз үй салынды
- Жетісудан 34 млн. сом мөлшерінде мал және мал өнімдері 1917 жылы шаңырақ салығы 100209 сом болды. Осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соқты.

Осы жылдары (соғыс жылдары) жұмысшылардың жағдайы өте ауыр болды. Бір күндік орташа жалақы – 20 тиын. Жұмыс күнінің ұзақтығы – 12-14 сағат. Қымбатшылық артты: ұн-70%, қант-50%, сабын-200%-ға өсті. Кен өндіру, мұнай, көмір өндіру құлдырады. Өндірістегі мамандығы бар жұмысшылар үлесі күрт азайды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының құлдырап күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты, өндіргіш күштердің даму деңгейі бірте-бірте кеми берді.

Сонымен қатар Қазақстан жеріне Үштік Одақтың әскери тұтқындары орналастырылды. Олар, негізінен, Павлодар, Семей, Ақмола қаларына орналастырылды. Мысалы, Омбыда- 20000 әскери тұтқын, Ақмолада 8612 тұтқын, ал Түркістан өлкесінде 200 мың-ға жуық әскери тұтқын болған. Соғыс жылдары Австрия-Венгрия, Германия тұтқындарының қазақ жеріне әкелінуі өлкенің қоғамдық – саяси жағдайына әсер етті.

Қазақ өлкесінде ерлердің майданға шақырылуы шаруашылық жағдайы

дағдарысқа ұшыратты. Мысалы, Семей, Ақмола облыстарында жұмысшылардың 50%-ы, Орынборда 40%-ы, Жетісуда-үштен бірі шақырылды. Сондықтан патша үкіметі әскери тұтқындарды жұмысқа пайдалана бастады. Қазақстан жерінде болған әскери тұтқындардың жағдайы қиын болды. 1915 жылы Риддерде ауыр тұрмыстық жағдайға байланысты әскери тұтқындардың ереуілі болды. Соғыс жылдарында әскери тұтқындарға арналған Челябин мен Қостанай аралығында орналасқан Троицк лагері «Өлілер лагері» деп атанды. Сөйтіп, соғыс елдегі жалпы ұлттық дағдарысты тереңдетіп, 1916 жылғы көтеріліске алып келді.

67. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері.

1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс — 1916 жылдың шілде айының бас кезінде пайда болды. Көтеріліс отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Өлкені талауға салу Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бұрынғысынан да жеделдете жүргізіліп, ауқымды сипат алды. Қазақ даласынан арзан бағамен орасан көп мөлшерде мал сатып алынды. Патша армиясы үшін киіз үй мен бұйымдар жиналды. Салық мөлшері өсіп, соғыс салығы енгізілді, мемлекеттік заемдар таратылды, баж салығын төлеу міндеттелді, жергілікті халық соғысқа арналған жүктерді теміржол стансысына тасып жеткізуге мәжбүр болды.

Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымда армияның қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды.

Шілденің басында қазақ даласында көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Ол біртіндеп ұйымдасқан сипат алды:

Торғай мен Жетісуда оның танылған жетекшілері А. Иманов, Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ө. Саурықов басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды. Қазақ қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бір мәнді болған жоқ: бай-феодалдардың бір бөлігі, жергілікті әкімшіліктің кейбір шенеуніктері патша жарлығын қолдап, оны орындауға шақырды.

Қазақ интеллигенциясының кейбірі (Бокин, Ниязбеков, Жүнісов) жарлыққа қарсы шығып, оны орындауға қарсыластық көрсетуге шақырса, «Қазақ» газеті төңірегіндегі зиялылар (Ә. Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б.) күші басым үкіметке қарсы шығудың халықты қырғынға ұшыратарын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды. Қозғалыстың негізгі орталықтарына Жетісу, Торғай, Орал облысы мен Бөкей Ордасы, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары болды. Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды.

Қозғалыстың Жетісудағы көрінісі. 1916 жылғы шілде-тамызда Жетісу облысындағы қарулы көтеріліс бұқаралық сипат алды. Жетісу облысының Жетісу облысының генерал-губернаторы Фольбаум ұлтаралық қақтығыстар туғызу үшін арандату шараларын қолданды:

1. Қоныстанушылар ауылдарындағы орыс кулактарын қаруландырды. Қапал, Лепсі, Жаркент, Пржевальск уезд бастықтарынан жергілікті халыққа ойран салуды ұйымдастыруды талап етті.

2. Қырғыздардың топтасып, бас қосуын бүлік деп санап, басып – жаныштады.

3. Көтеріліс басшыларын тұтқындап дала сотына беріп, дереу дарға асуды ұйымдастырды.

Көтеріліс жетекшілерінің бірі Бекболат Әшекеевті 1916 жылы 9 қыркүйекте жазаушылар Боралдай асуында дарға асты.

Сөйтіп, 1916 жылғы қазан айында Жетісу көтерілісі талқандалды.

Қозғалыстың Торғайдағы көрінісі. Торғай облысындағы көтеріліс ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған, ең табанды және билік бір орталықтан жүргізіліп, ұйымдасқан көтеріліс болды. Бұл Торғайдағы көтерілісінің ерекшелігі еді. Көтеріліс барлық уездерді: Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді мекен болмады. Көтеріліске, сондай-ақ Сырдария, Ақмола, Семей болыстарының көтерілісшілері де қатысты. Көтеріліс бүкіл облысты қамтыды. 1916 жылы Торғайда болған көтеріліске жұрт арасында танымал халық батыры Амангелді Иманов басшылық етті.

1916 жылы 22 қазанда Амангелді басшылығымен 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Оған қарсы генерал А.Д.Лаврентьевтің 9 мың адамдық жазалаушы тобы жіберілді.

1916 жылғы қарашасы – 1917 жылғы ақпаны аралығында, Амангелдінің серігі, атақты мерген Кейкі батыр жасағы ерекше ерлік көрсетті. Торғай даласында А.Имановпен бірге көтеріліске басшылық етіп, оның дүниетанымен қалыптастыруға зор ықпал еткен большевик Әліби Жангелдин (1884-1953 жж.) болды.

Негізгі шайқастар – Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа,

Доғал – Үрпек, Ақшығын маңында болды. Татыр шайқасында 300 көтерілісші, 3 жазалаушы қаза тапты. Көтерілістің салдарынан 3 мың адам жауапқа тартылды оның 201-і өлім жазасына кесілді, 161-і каторгаға айналды, жүздеген ауылдар тоналып, өртелді, жазықсыз адамдар атылды.

Көтерілістің тарихи маңызы:

1. Қазақ халқының революциялық таптық санасы өсті.
2. Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынды.
3. Қозғалыс барасында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды.
4. Отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің шырқау шыңы болды.
5. Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күресе алатын күш екенін көрсетті.
6. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс отаршылдыққа қарсы көтерілістердің ішіндегі ең ірісі болды. Көтеріліс революцияға алғышарт қалыптастырды.

1916 жылғы көтерілістің жеңілуінің себептері:

1. Көтеріліс бытыраңқы болып, көтерілісшілер тарапынан ынтымақтың болмауы.
2. Көтерілістің ұйымдастырылуы мен басқарылуы дұрыс жүргізілмеді.
3. Әскери қарудың жеткіліксіздігі.
4. Патша үкіметі жергілікті жердегі руаралық, ұлтаралық діни тартыстар мен қайшылықтарды шебер пайдаланды.
5. Алдын-ала белгіленген жоспардың болмауы.
6. Ұлттық зиялылар арасында бірлік болмады.
7. Байлар, феодалдар көтерілісшілер мүддесін сатып кетіп отырды.

«68.Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы.

Алаш жетекшісі:

Ә.Бөкейханов

Партия құрыла бастады:

Верныйда-қара жұмысшылар

Петропавлда-жас арбакештер

Меркіде-Қазақ жастар

Петропавлда-Талап

Спасскіде-Жасжүрек

Осылардан ең мықты Алаш партиясы құрылды.

Алаш қозғалысы — XX

ғасырдың алғашқы ширегінде

Ресей империясының отарлық

билік жүйесіне қарсы

бағытталған ұлт-азаттық

қозғалыс. XX ғасырдың бас

кезінде қазақ даласында

Ресейлік басқару жүйесінің

күшейе түсуі, Ресейден көшіп

келушілердің күрт артуы,

қазақтардың құнарлы

жерлерден ығыстырылуы бел

ала бастады. Ендігі жерде қазақ

халқының өзін-өзі сақтап қалуы

үшін күресті күшейту мәселесі

туындады. Бірақ енді зардабы

көп қарулы көтеріліс жолымен

емес, ұтымды саяси жолмен

күрес жүргізу қажет еді.

Осылайша Бірінші орыс

төңкерісі жолдарында қазақ

халқының мүддесі үшін күресті

бастаған қазақ зиялыларының

әрекеттері кейініректегі **Алаш**

қозғалысының бастамасы

болды.

Бұл қозғалыстың басында

бірсыпырасы Ресейдің Санкт-

Петербург, Мәскеу сияқты

қалаларында оқыған, өз

заманына сәйкес жоғары білім

алған, [озық ойлы Әлихан](#)

[Бөкейхан](#), Ахмет

Байтұрсынұлы, Міржақып

Дулатұлы, Мұстафа Шоқай

және т.б. сол кездегі қазақтың

алдыңғы қатарлы зиялылары

болды.

Әлихан Бөкейхан, Ахмет

Байтұрсынұлы, Міржақып

Дулатұлы жетекшілігімен

ұлттық зиялылар ұлт азаттығы

үшін саяси күрес жолдарын

меңгере бастады. Олар түрлі

қозғалыстарға қатысып, үгіт-

насихат жұмыстары үшін

газеттер, кітаптар шығаруды

жолға қойды. 1911 жылдан

«Айқап» журналы, 1913

жылдан «Қазақ», артынша

«Бірлік туы», «Сарыарқа»,

«Ақжол» газеттері ұлт-азаттық

күрес жолын айқындауға

қызмет етті. Алаш қозғалысы

қазақ елінің өзін-өзі басқару

және біртіндеп дербес

мемлекет құру, қазақ жерлеріне

қоныс аударуға шек қою, адам

құқын қадір тұту, экономиканы

дамыту, қазақ тілінің беделін

арттыру жолындағы күресті

басты мақсат етті. Алаш

қозғалысы арқасында 1917

жылы қазақ комитеттері,

Түркістан автономиясы және

Алашорда үкіметі құрылды.

1917 жылыпайда болған бұл

саяси құрылымдар

большевиктер тарапынан

күшпен таратылды. Алаш

қозғалысының барлық

жақтаушылары қуған-сүргінге

ұшыратылып, өлім жазасына

кесілді. Бірақ Алаш

қозғалысынан басталған ұлт-

азаттық қозғалыс күштері саяси

күрес сахнасынан бірден кете

қойған жоқ.

Алаш идеясының негізгі

ұстанымдары: біріншіден,

Алаш зиялылары «жер

жекеменшікке де,

қоныстанушыларға да

берілмесін. «Жерсіз Отан жоқ»

деді. [Екіншіден](#), елдегі барлық

игілік халыққа қызмет етуі

керек. Үшіншіден, Қазақстан

Ресей империясының құрамына

енуінен бастап қалыптасқан

экономиканың шикізаттық

сипатынан бас тартып, «қазақ

елі толықтай экономикалық

тәуелсіздікке қол жеткізуге

ұмтылуы тиістігі» айтылды.

Төртіншіден, қазақ

мемлекетінде мемлекет құрушы

ұлттың тіл, діл, дін үстемдігі

болуы керек. [Бесіншіден](#),

ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге

негізделген заңға сүйене

отырып, ұлттық демократиялық

мемлекет құру еді.

Алтыншыдан, қазақ жеріне

түрлі жағдайларда келген

барлық ұлт өкілдері үшін ортақ

Отаны Қазақстанда тұруға

барлық кепілдіктер мен

құқықтары сақталынады.

Мемлекет ғылымға негізделіп

дамыған елдердің жетістіктерін

үлгі тұтуы қажет. Дін істері

мемлекеттен бөлінген, зайырлы

біртұтас демократиялық

мемлекет құру қажеттігі

айтылды.

Алаш идеясының өзегі –

ұлттық мемлекет құру еді.

Алаш идеясының негізгі

тұжырымдамаларының өзекті

тұстарын Қарқаралы

петициясынан, «Алаш»

партиясы бағдарламасынан

және ұлттық-демократиялық

қозғалыс ірі өкілдерінің

еңбектерінен көре аламыз.

Олардың ішінде Әлихан

Бөкейханның қоғамдық-саяси

тұрғыдағы ой-пікірінің маңызы

зор.

69. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанды еуропалық және ресейлік ғалымдардың зерттеуі.

Қазақстандағы

экспедициялар

Қазақстанның тарихы мен

географиясын, этнографиясын

және мәдениетін зерттеуде

Ресей ғалымдарының сіңірген

еңбегі зор болды. Ресей зиялы

қауымының Қазақстан аумағына саяси себептермен жер аударылып келген өкілдері көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Олар, әрине, әр түрлі кәсіп пен мамандық иелері ақын-жазушылар, тарихшылар, географтар, әскери қызметкерлер мен дәрігерлер болатын. Сонымен қатар олар қазақ өлкесін отарлау саясатына ғылыми тұрғыдан негіздеуге де ішінара қызмет етті. Қазақстанды зерттеушілердің басым көпшілігі Орынборға, Омбыға, Ташкентке Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан өлкелерінің әкімшілік орталықтарына шоғырланды. 1830 жылы «Отечественные записки» журналында орыс офицері Б.С. Броневскийдің «Орта жүз қырғыз-қайсақтары туралы жазбалар» атты жұмысы жарияланды. Онда Солтүстік-шығыс Қазақстан қазақтарының тарихынан, өмірі мен тұрмыс-тіршілігінен егжей-тегжейлі құнды деректер берілген. Белгілі тарихшы Левшин (1799—1879) «Қырғыз-қазақ, немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген үш бөлімнен тұратын зерттеу еңбегін жазды. Осы бірегей әрі іргелі еңбегі үшін ол Қазақ тарихының Герадоты деген атаққа лайықты ие болды. Автор өз зерттеуінде қазақ өлкесінің тарихы мен этнографиясы және географиясы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтіреді. Семенов-Тянь-Шанский (1827—1914) де

Қазақстанды зерттеуші ірі ғалымдардың бірі болды. Ол Алтай мен Жетісудың және Қазақстанның оңтүстік өңірін зерттеуге қатысты. Ғалым Ресей. Толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық серияның «Қырғыз өлкесі және Түркістан өлкесі деген іргелі екі томын әзірлеуге белсене қатысты. Оларда Қазақстанның географиясы ғана емес, сонымен қатар қазақтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, сауда-саттығы және шаруашылық қызметінің түрлері туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген. Белгілі ғалым әрі Батыс Сібірдің әкімшілік қызметкері В.В. Вельяминов-Зернов XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихын мұқият зерттеді. Ол «Қасымов патшалары мен ханзадалары туралы зерттеу», «Қырғыз-қайсақтар туралы тарихи деректер» деген еңбектер жазды. Торғай обылысының мал дәрігері А.И. Добросмыслов қыруар мол дерек көздері негізінде «Торғай обылысы. Тарихи очерк» атты үш томдық іргелі еңбек жазып қалдырды. Онда Кіші жүздегі қазақ хандықтарының тарихы мен саяси оқиғалар егжей-тегжейлі толық сипатталған.

70. «Зар заман» мектебінің поэзиясындағы наразылық: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мурат Мөңкеұлы және т.б.

Зар - заман кезеңінде ғұмыр кешкен орталық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң – зармен жырлаған ақындар

шоғыры. Оның белгілі өкілдері : Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мүмкейұлы, Әбу бәкір Кердері, Аубан Асан, т.б. Мұхтар Әуезов Аблай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып Нарманбетпен аяқталды (2,168 б.). зар – заман тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алғанын отан көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа санатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі Зар-заман ақындарын тарих сахнасына шығарған. Олар халықтың жай күйін ойлаған ұлт- қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шоғырлары халықтың салт- дәстүрлерді қабығы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттың – бітімімен ажырамауға үндейді. Дулат Бабатайұлы (1802, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы Сандықтас қонысы — 1874, сонда) — көрнекті ақын, жырау, сатирик, ағартушы, қоғам қайраткері, тарихшы, Абайдың ұлық тұтқан ұстазы. Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Дулат шығармалары негізінен дидактикалық негізде жазылған. 1880 жылы Қазанда жарық керген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның заманы туралы толғаулары енген. Шортанбай Қанайұлы (1818, қазіргі Жамбыл облысы Қаратау өңірі – 1881, қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы) – ақын, діни қайраткер.

Ол Түркістан жерінде Қаратауды жайлаған шаруа Қанайдың отбасында дүниеге келген. Жас шағынан мұсылманша оқып, замандастары қатарлы білім алмаған. Бұрыннан қазақ халқының қасиетті астанасы есепті Түркістан қаласы, оның сол тұстағы шар тарапқа жайылған даңқы жас талапқа әсерсіз болмаған. Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) — айтыскер ақын, жырау. Қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиеленген. Алшын тайпасының Байұлы тармағының Беріш руының Қаратоқай аймағынан шыққан. Зар – заман ақындарының көпшілігіне тән ерекшелік – келешекті көрегендікпен болжап, алдағы уақыттағы ел сипатының өзгерісін қолмен ұстап, көзбен көргендей бейнелеп айтуы. Мұндай болжам өлеңдер Зар – заман ақындарының шығармашылығын алғашқы бастапқы кезеңінде, яғни отарлаушылардың ойранынан бұрынырақ айтылғандығы мен құнды. Бүгінгі көз қарасақ тұрғысынан қарасақ олардың ойлаған қауіпі расқа айналғанына куә боламыз. Бұл ақындардың ішінде өлең – жырдың бар қуатын пайдаланып, ата – баба дәстүрімен астарлай айтып, батыс пен шығыстан келетін кесепатты бірдей болжап бергені.

71. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар.

Бірінші болып 1870-1882 жылдар аралығында Ташкентте басылып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» дүниеге келді. Басылым жабылған соң, 1888 жылы Дала генерал-губернаторының Омбыдағы кеңсесі жанынан «Дала уалаятының газеті» деген атаумен екінші басылым жарық көре бастады. Мерзімді қазақ баспасөзінің ресми тарихнамасы бойынша, аталған екі басылым мерзімді қазақ баспасөзінің басы деп саналады. Көп ұзамай өзге басылымдар шыға бастады. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі тұсында шығып, қазақтың қоғамдық-саяси өміріне онша ықпал ете алмай ғайып болған «Серке» және «Қазақ газеті» солардың қатарында. 1911 жылы шыға бастаған өзге екі басылым – «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналы әлдеқайда салмақты көрінді және дәуірі ұзағырақ болды. Газетті кадет корпусының түлегі, белгілі ақын әрі ағартушы Шәңгерей Бөкейұлы ашты, ал журналды шығаруға белгілі қоғам қайраткері, публицист әрі педагог Мұхаметжан Сералин мұрындық болды әрі өзі редакторлық етті. «Айқап» журналының алдыңғы басылымдардан ерекшелігі – журналда қазақтың 20-ғасыр басындағы әдеби-мәдени қозғалысы мен қоғамдық пікірінің дамуы айтарлықтай көрініп тұрды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі бойынша тұңғыш зерттеулерін осы «Айқап» журналында жариялағанын айта кеткен дұрыс. «Қазақ» гезеті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жанұзақ Жәнібекұлы, Райымжан Мәрсеқұлы және басқалар бастаған алдыңғы қатарлы

қазақ оқығандары жалпыхалықтық газет ашумен 1905 жылдан айналыса бастады. Алдымен олар «18 ақпан жарлығы» шығысымен өздерінің саяси талаптарын әйгілі «Қарқаралы петициясына» тізіп жазып, осы жарлыққа қол қойған орыс патшасының атына поштамен жөнелтеді. Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін Орынборда басып шығаруға ресми рұқсат басылымның меншікті иесі ретінде Мұстафа Оразайұлына және бас редакторы есебінде Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы күні берілген. Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс пен 1 губернеге бөлінген Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін жалпыұлттық мерзімді басылымға айналды. Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне 6 жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті. Егер «Серке» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан бір азаматтың немесе санаулы халықшыл азаматтың кездейсоқ және жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті тиянақты мақсат-мүддені көздеп, тұрақты қаржыландыру көзіне сүйенген ұжым еді. «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру. Алдына міне осындай мақсат-мүдделерді қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары

мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгiссiз күрес жолымен жетуге ұмтылды. Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға бiлген «**Қазақ**» газетi совет өкiметiнiң Қазақстанға билiк орнатуға тырысқан алғашқы күндерiнде-ақ – **1918 жылдың наурызында** бiржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшiлiгi саяси қуғын-сүргiн кезiнде атылып кеттi.

72. Мәшүр – Жүсiп Көпеев және оның қазақ фольклоры мен шежiресiн жинақтауға қосқан үлесi.

Мәшүр-Жүсiп

Көпейұлы (1858—1931, Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған) —

ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениетi мен әдебиетiнiң белгiлi тұлғасы. Арғын тайпасы Сүйiндiк руы Күлiк бөлiмiнен шыққан. Араб және парсы тiлдерiн жетiк бiлгенiмен қоймай, көп тiлдi бiлген ғұлама.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиетi үлгiлерiн жинап бастырумен де айналысты. Шежiрелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсiрiп, кейiнгi ұрпаққа аманаттады. Сонымен бiрге, ол күллi ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады десек те болады.

ҚАЗАҚТЫН ЖЕРI, “Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертiс, оңтүстiгi – Жетiсу өзенi, солтүстiгi – Едiл, Жайық. Бұл қазақ иесiз жатқан жерге келiп ие болған жоқ, ақ найзаның

ұшымен, ақ билектiң күшiмен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қазыбек би, Шақшақ Жәнiбек батыр заманында жаннан кешiп, сусын орнына қызыл қан iшiп, жаудай алысып, жаттай салысып, күнi-түнi атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өлiп, сөйтiп алған жерi едi...”Х

Мәшүр Жүсiп жинаған фольклор үлгiлерiнiң басым көпшiлiгi – аңыз бен әңгiмелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары.

Мәшүр Жүсiп Көпейұлының аңыз-әңгiмелердi, тарихи әңгiмелердi, шешендiк сөздердi қағазға түсiрумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерiн, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегi, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгiлi. Мәшүр Жүсiп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгiлерге жанрлық жағынан келетiн болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған.

Мәшүр Жүсiп фольклорды этнографиялық мәлiметтердiң көзi деп қарастыруын аламыз. Яғни, белгiлi бiр халықтардың шығу тегiне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тiптi олардың тұрмыс-тiршiлiгiне, қоршаған табиғи ортасына, киетiн киiмдерi мен кәсiбiне, рухани мәдениетiне т.б. қатысты деректердiң Мәшүр жазбасында молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, “Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған” әңгiмесi iшiнде “Алаш” деген қай ел, не себептi олай айтылғандығы, “Жүз” деген атау қайдан шыққандығы

төңiрегiндегi аңызға ақын өз көзқарасын да бiрге берген: “Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген де аталарының аты болса керек. “Жүз” деген атты ұруға, “Алаш” деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда “Алаш, алаш” деп шабындар, “Алаш, алаш” демегендi әкен де болса ұрып жық деп бата қылысыпты. Кеше “Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйiмiз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздiң баласы қазақ емес пе едiк” деп айтылған сөз сонан қалды. Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, өз алдына отау тiккен емес, әр жұртқа бұратана қонсы болып жүрген.

73. Ресейдегi ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсерi.

Ресей империясының барлық саяси жүйесiне тән дағдарыстың салдары болып табылатын 1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесiнде патша үкiметi құлатылды. Ол Ресей халықтарының, оның алдыңғы қатарлы күштерiнiң патша билiгiне, крепостниктiк құрылысқа және отарлық езгiге қарсы көп жылдық күресiнiң жеңiсiмен аяқталды. Монархия құлатылғаннан кейiн буржуазиялық Уақытша үкiмет құрылды. Қазақ халқы ақпан төңкерiсiн қуанышпен қарсы алды. Қазақстанда Уақытша үкiметтiң органдары құрылды Уақытша үкiметтiң **Торғай** облысының комиссары болып Әлихан Бөкейханов тағайындалды. Уақытша үкiметтiң **Жетiсу** облысындағы комиссары Мұхамеджан Тынышбаев тағайындалды. Уақытша үкiметтiң **Түркiстан** өлкесiндегi комиссары болып Мұстафа Шоқай тағайындалды. **Уақытша үкiметтiң саясаты** -Тыл жұмысына алынғандарды елiне қайтару туралы шешiм қабылдады.

-1916 жылғы көтеріліске қатысқандарға кешірім жариялады
-Соғысты тоқтатпады
-Ұлттық аймақтардың құқығын шектейтін, бұрынғы патша заңдары жойылған жоқ
-Қазақ жеріне шаруаларды қоныстандыру саясаты жалғасын тапты
-Қазақтарға автономия беру мәселесі көтерілмеді Халықтың жағдайы жақсармады
-Сөз бостандығы, баспасөз бостандығы жарияланды
-Қоғамдық ұйымдар, саяси, діни партиялардың құрылды
-Ресей азаматтарының теңдігі жарияланды, діни және ұлтқа байланысты шектеудің күшін жойған шешім шығарды
Ақпан революциясынан кейін Ресей империясында тұрақсыз саяси жағдай қалыптасты Қосөкімет орнады.

Қосөкімет

Уақытша үкімет — Бағытыреформистік капитализм
Жұмысшы, солдат және шаруа Депутаттарының Кеңесі — Бағыты: Социализм құру
Ақпан төңкерістен кейін өзгерді
Демократиялық қоғамға жол ашылды

Сөз, баспасөз бостандығы жарияланды

74. 1917 жылы шілдедегі Жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім.

1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда бірінші Жалпықазақ съезі өтті. Оған қазақ өлкесінің облыстары мен Ферғана облысы, Бөкей хандығы атынан қазақ өкілдері қатысты. Съездің төрағасы болып Халел Досмұхамедов сайланды. Съездің күн тәртібінде 14 мәселе қаралды:

1. Мемлекеттік басқару түрі;
2. Қазақ облыстарының автономиясы;

3. Жер мәселесі;
4. Халықтық милиция;
5. Жергілікті басқару жүйесі (земство);
6. Оқу-ағарту ісі;
7. Сот;
8. Дін;
9. Әйел мәселелері;
10. Қазақтың саяси партиясы;
11. Жетісу оқиғасы;
12. Жалпыресейлік «Шуро-и-Ислам» съезі;
13. Бүкілресей федералистерінің съезі мен оқу комиссиясына қазақ өкілдерін жіберу.

Алаш партиясы тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім **1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып**, съезд оны даярлауды Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын.

Тарих бойында Партияның тек бір төрағасы – **Әлихан Бөкейханов**. ХХ ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық кастерлі құндылықтарымен сусындаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев,

Бақытжан Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Жағанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабай, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты.

Партияның құрамына ғылым және шығармашылық зиялы қауым өкілдері – Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Халел Ғаббасов, Халел Досмұхамедовтар және т.б. кірді. Партияның баспа органы болып 1918 жылдың қаңтарына дейін Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» газеті большевиктер тарапынан жабылғаннан кейін, оны Семейде жарық көріп тұрған «Сарыарқа» газеті ауыстырды. «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жасалып, ол 10 бөлімнен тұрды. **1 бөлім «Мемлекет қалпы», 2 бөлім «Жергілікті бостандық», 3 бөлім «Негізгі құқық», 4 бөлім «Дін ісі», 5 бөлім «Билік нәм сот», 6 бөлім «Ел қорғау», 7 бөлім «Салық», 8 бөлім «Жұмысшылар», 9 бөлім «Ғылым-білім үйрету», 10 бөлім «Жер мәселесі»**

75. Ресейдегі Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмірі

1917 жылдың жаз, күз айларының басында елде халықтың большевиктер жағына шығуы күшейе бастады. Әлемдік тарихи дамуға әсер еткен ХХ ғасырдағы ең ірі саяси оқиға. Қазан төңкерісінің қозғаушы күштері ол жұмысшылар, салдаттар, шаруалар болды. Ал қазан төңкерісінің себебі халықтың жағдайының төмендеуі, аштық, Уақытша үкіметтің шарасыздығы себеп болды. 1917 ж. 24 қазанда (6

қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Ертеңіне көтерілісші жұмысшы, солдат, матростар астананың аса маңызды орындарын басып алды. 25 қазанда (7 қарашада) таңертең Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің құлатылғанын хабарлады. Бұл хабар Қазақстанға жетісімен, өлкеде Кеңес үкіметін орнату басталды. 30 қазанда Перовскіде, 1 қарашада Ташкентте, 6 қарашада Әулиеатада, сондай-ақ Черняевте, желтоқсан айында Бөкей ордасында, Петропавловскіде, Көкшетауда, Атбасарда, Костанайда, қаңтарда Ақтөбеде, 18 қаңтарда Орынборда, 3 наурызда Верныйда және осы айда Жетісу облысында орнады. Оралда ғана Кеңес үкіметі қиындықпен түпкілікті азамат соғысы кезінде орнады.

1917 жылы 22 қарашада IV Төтенше Бүкілтүркістандық съезд ашылды. Оны М.Шоқай ашты. Съезд «Түркістан автономиясын» Туркистан мухтарияты (төрағасы М.Тынышбаев, кейін М.Шоқай) жариялады. Оны 1918 жылы ақпанда большевиктер қуып таратты. Кеңес үкіметінің Қазақстанда орнауы елкедегі түрлі жағдайлардың себебінен, 1917 жылдың қазанынан 1918 жылдың наурызына дейін созылды. Дегенмен, осы уақыт аралығында Оралдан басқа жерде Кеңес үкіметі орна болды. Қазан қарулы көтерілісінің Петроградта жеңіске жетуі, сондай ақ Қазақстанмен іргелес Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахань тәрізді ірі қалаларда Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстанда да биліктің Кеңестердің қолына өтуіне ықпал етті. Алайда Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату төрт айға, 1917 ж. соңынан 1918 ж. наурызына дейін созылды. Бұл процесс аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени

баяу дамуымен, ұлтаралық қатынастардың күрделілігімен, жұмысшылар мен большевиктік ұйымдардың аздығымен шиеленісе түсті. Кеңес өкіметінің Қазақстанда орнауына Ленин бастаған большевиктердің халыққа бейбітшілік, жұмысшыларға зауыт пен фабрика, шаруаларға жер, ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру жөніндегі уәдесі өз септігін тигізді. Кеңес үкіметін орнатуға Орал, Жетісу, Сібір, Орынбор казак әскерлері мен құлаған Уақытша үкіметтің жақтастарының табанды қарсылық көрсетуі жағдайды одан әрі шиеленістіре түсті. Кеңес өкіметі Уақытша үкіметтің жақтастары қарулы қарсылық көрсете алмаған Сырдария, Ақмола облыстары және Бөкей Ордасында бейбіт жолмен орнады. Ал, Торғай, Орал, Орынбор, Семей және Жетісу облыстарында Кеңес өкіметін орнату үшін қиян-кескі күрес болды. 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына шейін Кеңес үкіметі Қазақстанның көп жерінде жеңіске жетті, яғни Кеңес үкіметі өлкеде түгел орнап бітті.

76. Желтоқсандағы Жалпықазақ съезі. Алаш автономиясын құру туралы шешім.

Екінші жалпықазақ съезі — 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлері Алаш Орда үкіметін жариялаған съез. Бұл съез Ресейде Қазан төңкерісі болып, большевиктер билікке келгеннен кейінгі тарихи алмағайып кезеңде ұйымдастырылды. Съез шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, С.Досжанов оны ұйымдастыруда айрықша

белсенділік танытты[1]. Төрағасы — Б.Құлманов. Құрылтайға қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Самарқан облысы мен Алтай губерниясындағы казактардың атынан — 58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдарының атынан — 8 делегат және арнайы шақырумен — 15 адам қатысып, барлық жиын-терісі 81 делегат келген.

Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды:

1. Сібір автономиясы;
2. Түркістан автономиясы және Оңтүстік-шығыс Одағы туралы;
3. Қазақ-қырғыз автономиясы;
4. Милиция туралы;
5. Ұлт кеңесі;
6. Ұлт қазынасы;
7. Мұфтилік мәселесі;
8. Халық соты;
9. Ауылды басқару және
10. азық-түлік мәселесі.

Жалпы автономия жариялауда 2-ші жалпықазақ съездерінің өкілдері екіге бөлінген. Бір бөлігі (33 адам) ресми түрде қазақ автономиясын дереу, съезд үстінде жариялау керек деп тас салып дауыс берсе, екінші бөлігі (42 адам) қазақ автономиясын жариялауды Алашорда үкіметі шешсін деп тас салып дауыс берген. Дауыс беру қорытындысына қарамай бірінші бөлік топ өкілдері келіп отырған облыстардың (Орал, Сырдария, Бөкей ордасы) Түркістан автономиясына кіретіндігін мәлімдейді. Осындай қазақ халқы үшін шешуші жағдайда съезд екі топқа да тиімді ымыралы қаулы қабылдайды.

Онда: "1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Қазаққа қосып алады, қосып ала алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді.

2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына автономия иглан етуге, ерікті.

3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса ьәм қалған

Алашқа автономия иғлан етілмесе, Һәм кім өз күнін өзі көреді.

4. Егер Түркістан қазағы бір айдай бізге қосылса автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілісін". Осы қаулы заң бойынша бір айдан кейін күшіне енуі қажет деп табылды[1,85].

Алашорда Алаш автономиясының Ұлт Кеңесі құрамына 15 адам сайланды. Алашорданың төрағасы баламалы түрде сайланды. Оған үш кандидатура ұсынылды: Әлихан Бөкейханов, Бақыткерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев жасырын дауыс беру нәтежесінде Ә.Бөкейханов 40 дауысқа, А.Тұрлыбаев 20 дауысқа, Б.Құлманов 19 дауысқа ие болды. Әлихан Бөкейханов көп дауыс алып Алаш автономиясының үкіметі Алашорданың төрағасы болып сайланды.

Тарихқа Алаш автономиясы мен оның Уақытша Ұлттық Кеңесі «Алашорданың» дүниеге келгені мәлім болды. Бүкіл қазақ қауымының басын ұлттық-территориялық автономия аясында біріктіру мақсатында автономияның өзін жариялау 1918 жылдың қаңтар айының 20-нан кейін іске асырылды. Алашорда өзінің уақытша орталығы Семей қаласына қаңтар айының соңына қарай кетіп орналасқанға дейін бұл өңірдің қоғамдық-саяси жағдайға қатысты өз көқарастарын анықтап жатты. Қалалық Думаның 5-қаңтардағы (1918 ж.) мәжілісінде Гласный Кузин Дума мүшелерінің назарын қазақ комитетінің өтінішіне аудартады. Онда Қазақ Комитетінің Қазақстанда ұлттық-территориялық автономияның толықтай жүзеге асуы мүмкін деген саяси көзқарасы келтірген болатын. Бұл факті қалалық Дума мүшелеріне саяси күштің

дүниеге келгенін анық байқатты.

II Жалпықазақ съезі қаулысына сәйкес ұлттық-территориялық Қазақ автономиясы 1918 ж. 28 қаңтарда "Сарыарқа" газеті арқылы ресми түрде жарияланды.

77. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметінің құрылуы. Мұстафа Шоқайдың естеліктері.

Мұстафа Шоқай – XX ғ. басында Түркістан халықтары мүддесін қорғау жолында белсенділігімен көзге түскен қазақ зиялыларының алғашқы толқынының өкілі. Сонымен қатар ол 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін құрылған Түркістан мұхтариятының (Қоқан автономиясының) жетекшісі болғанын да білеміз. Енді осы автономияның құрылу тарихына зер салсақ. 1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында өлкелік төтенше IV Мұсылмандар сиезі шақырылды.

Сиез төралқасында: М.Шоқай, У.Қожаев, Юргулы-Агаев, С.Герцфельд, О.Махмудов, И.Шагиахметов, Көшкінбаев, Камал-Қары, А.Уразаев, Пилюев, Каримбаев, М.Бехбудилер және т.б. болды.

Түркістан Автономиясы немесе Қоқан автономиясы — Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында 1917 жылы 28 қарашада Ресей мемлекеті құрамында құрылған автономиялы мемлекет. Оның өмірге келуіне кеңестік биліктің Түркістан халықтарының өзін-өзі басқару құқығын мойындамауы түрткі болды. 1917 жылы Қазан төңкерісі жеңген соң, 22 қараша күні Ташкентте өз жұмысын аяқтаған 3-Түркістан өлкелік кеңестер съезі өлкеде кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің ендігі уақытта соның

қолына өтетіндігін мәлімдейді. 14 мүшесі бар бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі жоқ еді. Бұған жауап ретінде құрамында Мұстафа Шоқай, Махмұд Бехбудий, т.б. бар "Түркістан өлкесі мұсылмандар кеңесі" 26 қараша күні Қоқан қаласында 4-Түркістан өлкелік төтенше мұсылмандар съезін шақырды. Үш күнге созылған съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы деп жариялап, Түркістан Құрылтайын шақырғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылдады. Түркістан Уақытша Кеңесі құрамына барлығы 54 адам енді. Сонымен, 1917 жылы қарашада Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық негізде құрылып, жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету басты мақсаты екендігін жариялады. Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев, Ішкі істер министрінің орынбасары болып заңгер Ә.Оразаев бекітілді. Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі қызметіне Мұстафа Шоқай тағайындалды. Көп ұзамай Түркістан автономиясы үкіметінің төрағасы Мұстафа Шоқай болды. 1918 жылы қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария қазақтарының съезі Сырдария облысы Алаш автономиясы жарияланғанға дейін Түркістан автономиясы құрамында болатындығын білдірді. Халық зор үміт артқан Түркістан автономиясын 1918 жылы 2 ақпанда Кеңес үкіметі қарулы күшпен таратып, оның

бірнеше мүшелерін тұтқынға алды.

78.Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы.

Қазақ АКСР заңды түрде 1920 жылдан 1936 жылға дейін өмір сүрген мемлекет.Қазақ (Қырғыз) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құруға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру үшін 1918 жылы 12 мамырда Ұлттар ісі халық комиссариаты жанынан алғашқы арнайы саяси орган – қырғыз (қазақ) бөлімі ашылды. Бірақ, азамат соғысы басталып кеткендіктен, тек 1919 жылдың 10 шілдесінде ғана «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқаратын революциялық комитет (Ревком) туралы уақытша ереже» шықты. Тарихта Кирревком деген атпен белгілі комитеттің құрамында әр жылдары, С. Пестковскийдің төрағалығымен, А.Байтұрсынов, В.Лукашев, Ә.Жангелдин,С.Мендешев, Б.Қаратаевтар болды.

1920 жылдың тамызында Мәскеу қаласында Кирревком және Түркістан майданының әскери-төңкеріс кеңесі, Қырғыз АКСР-ын құру туралы бірнеше мәжілістер өткізілді. Соңғы мәжіліске социалистік революцияның көсемі, Кеңес мемлекетін құрушы Владимир Ульянов (Ленин) төрағалық етті. Нәтижесінде, 1920 жылдың 17 тамызында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақ Республикасы жөніндегі Декреттің жобасын қарап колдады.

1920 жылдың 26 тамызында В. Ленин мен И. Калинин қол қойған «Қырғыз Кеңестік Автономиялық Республикасын құру туралы» тарихи Декрет жарияланды. Осы Заң бойынша, Автономия (Қырғыз АКСР) РСФСР атты мемлекеттің құрамында құрылатыны, және де бас қаласы Орынбор болатыны

көрсетілді. Орынбор алғашқы астана.

1920 жылдың 4-12 қазанында Орынбор қаласында өткен Құрылтай съезінде, Қырғыз Кеңестік Автономиялық социалистік республикасы еңбекшілер құқықтарының Декларациясы қабылданды. Депутаттардың жергілікті Кеңестері, Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Автономиялы Қырғыз Социалистік Кеңес Республикасының Басқару органдары болып табылды. Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) басшысы – С.Мендешев, Халық Комиссарлары Кеңесінің (ХКК) басшысы болып В.Радус-Зеньковичті сайлады.ҚырАКСР-ның құрамына: Семей облысы; Ақмола облысы, Торғай облысы;Орал облысы; Закаспий облысының Маңқыстау уезі Астрахан губерниясы ендіҚырғыз Социалистік Кеңес республикасы істерін басқару үшін 12 Халық комиссариаттары құрылды, оның ішінде:

Почта мен Телеграф басқармасы бар Ішкі істер Комиссариаты; Әділет; Ағарту; Денсаулық сақтау; Әлеуметтік қамсыздандыру; Егіншілік; Азық-түлік; Қаржы Халық Комиссариаттары және т.б.1925 жылға дейін Қазақстанның оңтүстігі Түркістан АКСР-ның құрамында болды.

Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межелеу саясатының нәтижесінде, Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата уездері, Самарқанд облысындағы Жизақ уезінің бірнеше болысы, Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Жетісу облысының Бішкек уезі (бір бөлігі)Қазақстанға қарады. 1925 жылы 18 сәуірде өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық V съезі «Қырғыз халқының тарихи дұрыс атауын қалпына

келтіру үшін қырғыздар алдағы уақыттарда қазақтар деп аталсын» деген қаулы қабылдады.

1925 жылы 15 маусымда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Қырғыз АКСР-ның атын Қазақ АКСР-і және Ақмешіттің атын Қызылорда деп өзгерту туралы қаулы қабылдады. Сонымен, Қазақ (Қырғыз) АКСР-ы бастапқыда Қырғыз АКСР-ы деп құрылды, 1925 жылдың 15 маусымынан бастап Қазақ АКСР-ы деп аталды. Автономия 1936 жылдың 5 желтоқсанына дейін өмір сүрді және Ресей Советтік (Кеңестік) Федеративті Социалистік Республикаға (РСФСР) тәуелді болды. Ал 1936 жылдың 5 желтоқсанында автономия республикалық деңгейге көтеріліп, Қазақ Советтік (Кеңестік) Социалистік Республика (КазССР) деп аталды да, бұрынғы КСРО құрамында болған одақтас республикалардың біріне айналды.

79. Қазақстандағы Жер-су реформасы.

1920 жылғы Қазақстандағы жер - су реформасын жүргізу: барысы, нәтижелері және маңызы.

XX ғасырдың 20-шы жылдар басындағы жер-су реформаларының ерекше маңызды орыны болды.Бұл реформа негізінен патша өкіметінің отаршылдық саясатының зардаптарына қарсы және жою мақсатында жүзеге асқан шаралардың бірі еді.

Қазақстанда 1921-1922 жылдары ЖЭС аясында жүргізілген шаралардың бірі жер-су реформасы болды. **1921 жылы ақпан айында жер-су реформасы Түркістан ауданының, Алматы, Қапал ,Шымкент, Әулиеата уездерінде жүргізілді.**

1921 жылы сәуірде бұрынғы Сібір және Орал казак әскерлеріне берілген жерді

қазақтарға қайтару туралы декрет нәтижесінде Ертіс өңірінен 177 мың десятина жер қайтарылды. Оралдың сол жағалауынан 208 мың десятина жер қазақтарға берілді.

1921 жылы Жетісуда жер – су реформасы жүргізілді. Нәтижесінде қазақ, қырғыз, ұйғыр еңбекшілеріне 460 мың десятина жер қайтарылды. Сонымен бірге Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қазақ және орыс халқына жер беру үшін көлемі 1 млн. десятинадан астам жер қоры құрылды.

Реформаны жүзеге асыруда қателіктер мен асыра сілтеулерге жол берілді. Кей жағдайда қоныс аударушы кедейлер жерден айырылды. Қоныс аударушылар негізінен отаршыл – кулактар қатарына жатқызып, қазақтар мен қоныстанушылар арасында ұлт араздығы туып отырды.

1921 – 1922 жылдардағы жер – су реформалары нәтижесінде патша үкіметі алған жер түгел қазақ еңбекшілеріне қайтарып берілді.

Ауылда әлеуметтік өзгерістер мен жер реформаларын жүзеге асыру үшін бұқаралық ұйым 1921 жылы «Қосшы одағы» құрылды (1930 жылдан «Кедей одағы» атанды). Қосшы одаған құрған және қызметтерді атқаруда Ж.Бөрібаев, О.Жандосов, А.Розыбакиев, т.б. қоғам қайраткерлері ат салысты. 17 мыңнан астам мүшесі бар 99 бөлім жұмыс істеді.

Одақтың міндеттері :

- 1) Еңбек артельдерін құру.
- 2) Кедейлерге жер беру және олардың мүдделерін қорғау.
- 3) Еңбекшілердің саяси сана – сезімі мен мәдени деңгейін көтеру.

1921 – 1922 жылдардағы жер реформасының маңызы:

- 1) Еңбекшілерді социалистік құрылысқа тартуда үлкен рөл атқарды.
- 2) Отаршылдық аграрлық саясатқа соққы берді.

3) Қазақ ауылындағы патриархаттық – феодалдық негізді әлсіретті.

4) Ұлттық келісімнің орнығуына жағдай жасады.

5) Патша өкіметі алған жерлер қазақ еңбекшілеріне қайтарылып берілді.

80. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС): мазмұны және оны жүзеге асыру ерекшеліктері.

ЖЭС - Азамат соғысы салдарынан қираған ел экономикасына жеке меншік иелерін тартып, адамдардың өз еңбегіне мүдделілігін орнықтыруға бағытталған әрекет. РКП(б)-ның 10 съезінде 1921 жылы наурыз айында ЖЭС қабылданды. Жаңа экономикалық саясаттың мәні-салғыртты салықпен ауыстыру болды.

Орынборда 1921 жылы маусымда өткен облыстық [бірінші құрылтай партия](#)

конференциясы жаңа экономикалық саясатқа көшуді мақұлдады. Жаңа экономикалық саясатпен бірге тоталитарлық, авторитарлық басшылыққа көшу басталды

• Жаңа экономикалық саясаттың белгілері:

- Азық-түлік салығының енгізілуі. - Сауда еркіндігі.
- Жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға беру.
- Ауылшаруашылық және несие, тұтыну кооперациясын дамыту.

- Кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру.
- Еңбек міндеткерлігін жойып, жалдамалы еңбекті қолдану.

ЖЭС кезіндегі өнеркәсіптегі өзгерістер:

1. Кәсіпорындар сала бойынша бірлестіктерге біріктірілді.
- Бірінші дәрежелі кәсіпорындар «Одақтық маңызы бар» бірлестіктерге біріктірілді.
- Екінші дәрежелі кәсіпорындар Өлкелік бірлестіктерге біріктірілді.

2. Ұсақ кәсіпорындар жеке адамға, [шетелдіктерге](#) жалға берілді.

3. Өнеркәсіп, темір жол, көлік тасымалы шаруашылық есепке көшті.

Өнеркәсіптегі өзгерістердің нәтижесінде Риддер қорғасын зауыты 1923 жылы одақтағы өндірілетін қорғасынның 40% - ын өндіре бастады, Доссор, Мақат мұнай [кәсіпорындары іске қосылды](#), Шымкент сантонин зауыты ашылды, 1927 жылы Қарсақбай комбинаты мыс өндіре бастады. Өнеркәсіптегі өзгерістердің оң нәтижесімен қатар кемшіліктері де болды. Мысалы: Қазақстан шикізаттық бағытта ғана дамыды. Бірлестіктер пайдасы Ресейге кетті.

ЖЭС кезіндегі ауыл шаруашылығындағы өзгерістер:

- Түгін салығы мен күш-көлік салығының орнына бірыңғай заттай салық енгізілді.
- Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда 2,5 есе аз болды.
- 1924 жылы 1 қаңтардан бастап салық тек ақшалай төленетін болды.
- Салық үдемелі болғандықтан, оның бар ауыртпалығы байларға және кулактарға түсті.
- Мал өсіретін қожалықтар салықтан босатылды. Жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат берілді.
- Салықтан түскен қаражат халық ағарту ісіне жұмсалды.
- Жерді жалға беруге рұқсат берілді.
- Несие берілетін болды. • Жер-су реформасы жүргізілді
- «Қосшы Одағы» құрылды
- Жер реформасы жүргізілді
- 1924-1925 жылдары елге тракторлар әкеліне бастады. Байлар, кулактар шектетілді, сайлау, сайлану құқығынан айырды.
- ЖЭС кезіндегі саудадағы өзгерістер:** • 1921 жылы 24 мамырда «Айырбас туралы» декрет қабылдады; • Жәрмеңкелер ашыла бастады. Басты жәрмеңкелер:

1) Семей губерниясында – Қоянды, Баянауыл. 2) Ақмола губерниясында – Атбасар. 3) Ақтөбе уезінде – Ойыл, Темір. 4) Бөкей ордасында – Орда

ЖЭС-тің қиындықтары мен зардаптары:

- ауа райының қуаңшылығына байланысты астық шықпай қалып, елді аштық жайлады.
- 1921–1922 жылдары Қазақстан халқының 1/3 бөлігі осы аштық қасіретін бастан кешірді. 1921 жылдары ашыққан адамдардың саны – 1 млн. 508 мың адамды құраса, 1922 жылдары олардың саны 2 млн. 303200 адамды құраған. Аштық әсіресе Қазақстанның [Батыс аймағын қамтыды](#), 1922 ж. маусымда 82 % қамтыды. Ал астық мол шыққан Семей, Ақмола губернияларында жиналған астықтың 80% орталыққа әкетілді. Қазақстан Ресейдің Мәскеу, Петроград, Самара, Қазан, Саратов өлкелерінің ашығушыларына көмек көрсетті.

- 1921–1922 жылғы аштықтың салдарынан Ақтөбе, [Қостанай](#), Орал, Орынбор, Торғай губерниялары тұрғындарының 1/3-нен айырылды. 700 мыңнан астам халық туған жерін тастап көршілес аймақтарға көшіп кетті.

ЖЭС – тің жалпы қорытындылары:

- Жаңа экономикалық саясат кезінде нарық енгізілді.
- Ауыл шаруашылығы дамымай қалды.
- Бұл саясат аяғына дейін жеткізілмеді.
- Өнеркәсіп артта қалды, дамымады.
- Жаңа экономикалық саясат бұрмаланды.
- Саяси өмірде демократия бұрмаланды.
- Еркіндік мүлде болмады.
- 1921-1922 жылдардағы ашаршылық

81. Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан» идеясы: мәні мен салдары.

Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы және оның

қатерлі мазмұны (1925-1933жж.)

1927 жылы ақпанда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті төралқасы көшпелі, жартылай көшпелі қазақтарды жерге орналастыру туралы шешім қабылдады. Солақай саясатшыл Ф.И. Голощекин Қазақстандағы егістікке жарамды жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыру мақсатын бірінші кезекке қоюға тырысты.

Алайда, қазақ жеріне келіп әлі де рулық бөлініс, байдың билігіне куә болған Голощекин ауылды кеңестендіру жұмысы әлі де әлсіз, оны күшейту керек деген тоқтамға келіп, "кіші қазан" идеясын ұсынды. Яғни, сонау 1917 жылы кеңестер билік басына келген кезде, қазақ даласына жетпей қалған идеологияны орнатып, бай мен кедейдің теңсіздігін жойып, ұжымшарды орнату мүддесі көзделді. Ал анығын айтқанда, бұның мәні көшпелілердің ежелден келе жатқан шаруашылығын, тұрмыс-салтын тұншықтырып, отарлауды күшейтіп, қанау саясатын бүркемелеу еді.

Жаппай ұжымдастыру да жоғарыдан берілетін бұйрықтар мен нұсқаулар арқылы жүргізілді. 1930 жылы 5 қаңтардағы БК(б)П ОК-нің «Ұжымдастырудың қарқыны және мемлекеттің ұжымшар құрылысына көмекте су шаралары туралы» қаулысында Қазақстанда жаппай ұжымдастыруды, негізінен, 1931 жылдың күзінде немесе 1932 жылдың көктемінде аяқтау міндеті қойылды. Осылайша тағы да жергілікті ерекшеліктерді ескерместен, жоғарыдан қысым жасау басталды. Шаш ал десе бас алуға дайын тұрған Голощекин ұжымдастыру ісін барынша тездетуге тырысты. Жаппай ұжымдастыру айлықтарын

өткізді. 1932 жылдың 1 қаңтарында отырықшы аудандардың көпшілігіндегі ұжымдастыру 60—80%-ға дейін жеткізілді. Ал көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру қарқыны бұдан да тез жүргізілді. Ол көп жағдайда күштеу, қорқыту, жазықсыз жазалау әрекеттері арқылы іске асырылып отырды.

1920 жылдардың соңында Қазақстанда күштеп астық пен ет жинау кең етек алды.

Елдің тұрмыс-тіршілігінен хабарсыз Голощекин тіптен егіншілікпен айналыспайтын көшпелі малшылардан астық өткізуді талап етті. Ал етке өткізілуге тиіс мал басы саны қолда бар мал басынан анағұрлым асып түсіп жатты.

Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. *Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4,5 млн бас еді.* Малы, астығы жоқ халық қырғынға ұшырады. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн республика халқының 2,1 млн-ы қырылды. Осыны көріп отырып қазағым деп қабырғасы қайысқан интеллегенция өкілдеріне де Голощекин өртінің жалыны жетіп барды. Жоғарғы басшылықтың құрамындағы «ұлтшылдарды» қызметтен аластай отырып, Ф. Голощекин 1927 жылдың күзінен бастап Мәскеудің қолдауына сүйеніп, ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерін соттау шараларын іске асырды. 1928 жылы қазанда Қызылорда абақтысында А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Ғаббасов бастаған 44 Алаш зиялылары қамауда отырды. Олардың төртеуі атылды, біреуі концлагерьде өлді, қалғандары он жыл түрмеге қамау жазасына

кесілді. 1930 жылы М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Ақбаев және басқалар бар 40 Алаш қайраткерлері қамауға алынып, олардың он бесі бес жылға Воронежге жер аударылды.

Жалпы Голощекиннің кіші қазан идеясының мазмұнын түйіндесек: келді, ұжымдастыру деп байбалам салды, малды тәркілеп байларды конфискациялады, малы жоқ халыққа еттен салық салды, төрт-түлікпен көшіп жүргендерден қап-қап астық өткізуді талап етті, 1931-1932 жылдары қайғысы ауыр ашаршылықты қолдан жасап, халықты қырды. Саясаткер ретінде емес, қазақты қанауға келген қанішер ретінде есте қалған оның "Кіші қазан" идеясы расымен мемлекеттік құрылымға әсер етіп, үлкен бұрылыс жасады.

82. Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері.

Индустрияландыру – [ірі өнеркәсіпті](#), ең алдымен ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту, ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халық шаруашылығын қайта құру. Индустрияландыру тек социалистік құрылысқа ғана тән кезең емес. Ол - елді жаңғыртудың міндетті шарты. 1920 жылдардың ортасына қарай КСРО үшін бірнеше себептерге байланысты индустрияландыруды жүзеге асырудың қажеттігі туды. Біріншіден, 1925 жылға қарай қалпына келтіру кезеңі аяқталды. Негізгі көрсеткіштер бойынша кеңестік экономика соғысқа дейінгі деңгейге жетті. Өнеркәсіптік өндірістің өсуін қамтамасыз ету үшін істеп тұрған зауыттарды қайта жабдықтау ғана емес, жаңа заманғы кәсіпорындарды құру қажет болды. Екіншіден, елдің

экономикалық әлуетін тиімді орналастыру мәселесін шешу міндеті тұрды. Ел [бұрынғыдай аграрлы](#), шаруа елі болып қала берді. Қалаларда жұмыссыздық деңгейі өсіп, әлеуметтік шиеленісті күшейтті. Үшіншіден, елдің халықаралық деңгейде экономикалық және саяси оқшаулануы индустрияландыруды жеделдетуді талап етті.

Қазақстандағы индустрияландыру ерекшеліктері:

1. Өлкедегі индустрияландыру жоғарыдан жүзеге [асырылып](#), шикізат көздері екпінді қарқынмен игерілді. Мұнай Ембіде өндіріліп, өңдейтін орталық Орскіде салынды.
2. Білікті жұмысшы мамандар, инженер-техник қызметкерлер сырттан, негізінен Ресей мен Украинадан әкелінді.
3. Урабандалу күшті жүріп, қалалар мен қала үлгісіндегі қоныстар, қала халқы көбейді.
4. Әміршіл-әкімшілік басқару жүйесінің әдістері іске асырылды.
5. КСРО бойынша ең ірі кәсіпорындар құрылысы басым болды.
6. Қазақстан өнер кәсібінде машина, [станок жасау](#), құрылыс материалдары өндірісі болған жоқ, жеңіл өнер кәсібі артта қалды.

Индустрияландырудың жетістіктері: 1926 - 1940 жылдардағы индустриялық даму Қазақстанды ірі жетістіктерге жеткізді. Индустрияландыру арқасында Қазақстан 1941 жылы ірі ауыл - шаруашылық өндірісі бар

индустриялы республикаға айналды. Елде [көмір өнеркәсібі қауырт дамыды](#), 1940 жылы оның 90 пайызы Қарағанды бассейнінің үлесіне тиді. Қарағанды көмір бассейні Донбасс пен Кузбастан кейінгі КСРО-ның үшінші көмір ошағына айналды. Республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібі де іргелі жетістіктерге жетті. Алматыда аяқ киім және екі тігін фабрикалары, Семейде тері илейтін комбинат және ет комбинаты, Атырау балық-консерві және Алматы жеміс-көкөніс комбинаттары, Талдықорғанда, Меркеде, [Жамбылда қант зауыттары](#), Алматыда темекі фабрикасы, нан пісіретін және май шайқайтын зауыттар қатарға қосылып, өз өнімдерін шығара бастады.

Нәтижелері — Қазақстан Одақ бойынша өндірістің жалпы өнімінің көлемі жөнінен 7 - ші, электр қуатын өндіруде 6 - шы, тас көмір және мұнай өндіруде 3 - ші, қорғасын өндіруде 1 - ші орынға шықты; түсті металдардың негізгі өндірушісіне айналды; никель, қалайы, вольфрам өндіру жұмысы жолға қойылды.

Қиындықтары – Қазақстанның экономикалық [жағынан артта қалуы](#); патриархалды - феодалдық қатынастардың қалдықтары; пайдалы қазбалардың өндірілуінің қиындығы; тұтыну заттары өндірісінің басым болуы; инфрақұрылымның болмауы; маманданған жұмыс күшінің тапшылығы.

Келеңсіз жақтары – Ауылдағы өндірістік

күштердің күйреуі,
Қазақстан
өнеркәсібінің [шикізаттық
бағыты](#), Кәсіби
мамандардың басқа
аймақтардан келуі

83. Ұжымдастырудың әдістері мен қарқыны. Ашаршылық салдарлары.

Компартияның 1927 жылы өткен XV съезі ауылшаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Осылайша «өркениетті кооператорлар қоғамын» құру идеясы КСРО-дағы социализм құрылысының құрамдас бөлігіне айналды. Ұжымдастыру әдістері негізінде мемлекеттің қарамағына алынған жерлерде совхоздар (кеңшарлар), МТС-тер (машина-трактор стансалары), екінші жағынан колхоздар (ұжымшарлар) құру арқылы ұжымдастыруды шешу көзделді.

Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауылшаруашылық артелі, ал малшаруашылығы аудандарында жерді бірлесіп өндеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік болуға тиіс еді. Қарқынды түрде 1928 жылы Қазақстандағы барлық қожалықтың 2%-ы ұжымдастырылған болатын. Ал 1930 жылдың 1 сәуіріне қараған тұста ұжымдастыру көрсеткіші 50%-ға, қазанда 65%-ға жетті. 1930 жылғы 1 қаңтар мен 1 наурыз аралығында ғана ұжымдастырылған шаруа шаруашылықтарының саны бұрынғыдан екі есе асып кетті. Қазақстан басшылығы отырықшыландыру процесін ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі малшаруашылығына, ұлттық салт-дәстүрлерге қарсы қойды. Қазақстан Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1928 жылы «Ірі бай

шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет шығарды. Ресми мәліметтер бойынша 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтеруі болды. Тоталитарлық жүйе бұл көтерілістерді аяусыз, әскер күшімен басты. 1933 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан шаруашылықтарының 67,3 пайызы, ал 1937 жылдың 1 шілдесінде 97,5 пайызы ұжымдастырылды. Ұжымдастыру қарсаңында республикада 40,5 млн. мал басы болса, 1933 жылғы 1 қаңтарда небәрі 4,5, млн. ғана мал қалған еді. Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4,5 млн бас еді. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн республика халқының 2,1 млн-ы қырылды. Сондай ақ халыққа қисынсыз ауыр салықтар салынды. 1931—1933 жылдары көшпенді халықтың жартысына жуығы аштан қырылды. Шамасы жеткендер басқа өлкелерге босып, шетелдерге өтіп кетті. Мал басы он шақты есе азайды.

1929-1933 жылдары миллионға жуық адам аштық зардабынан Қазақстаннан ауып, Қытайға, Ауғанстанға, Иранға және т.б. елдерге көшіп кетті. Олардың 600 мыңы тарихи отанына оралмады. Аштық құрбандары болғандардың саны 1798,4 мың адам болып, сол кездегі қазақтың 46,8 пайызын құрады. 1.5 миллион адам қайтыс болып, олардың 1.3 миллионы қазақтар болды. Ашаршылық кесірінен қазақтар саны 38-42%-ға кеміген,

• 1932 жылғы шілдеде республика қайраткерлерінің бір тобы – Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев аштық және оның себептері туралы БК(б)П өлкелік комитетіне, тікелей Ф. Голощекинге ашық хат жазды. Бұл хат тарихта «Бесеудің хаты» деп аталды.

84. Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары.

1930 жылдары Кеңес Одағында социалистік қатынастар қалыптасып, сталиндік тоталитарлық жүйе толық орнықты.

1928 жылы Кеңес үкіметінің басшылығына келген И. Сталин 1929 жылды «**ұлы бетбұрыс**» жылы деп атады. Халықтың есінде ешбір жазықсыз миллиондаған адамның өмірін әкеткен сталинизмнің «ұлы бетбұрыс» кезеңі мәңгі қалды. БК(б)П ОК-нің 1923 жылғы маусымда өткен мәжілісінен кейін ұлттық идеялардың көріністерін қатаң қуғындау басталды. Ұлт зиялыларының өкілдері ұлтшыл басмашылармен байланыс және Кеңес үкіметін құлатуға ұмтылғандары үшін айыпталды, қуғын-сүргінге ұшырады. 1922 жылы басшылық қызметтегі «**Алаш**» партиясының бұрынғы мүшелері орындарынан қуылып, ал 1924 жылы бірқатар қазақ коммунисті республикадан Орталыққа шақыртылып алынды. Қазақстандағы 1920-1940 жылдардағы қоғамдық-саяси жағдайдың күрделілігі В.И. Лениннің ізбасарлары И. Сталин мен Л. Троцкий және басқалардың арасындағы билік, көсемдік үшін тайталаспен ерекшеленді.

Аштық пен жаппай қуғын-сүргін, тоталитарлық режимнің жазықсыз адамдарды қуғындауы мен күштеп жер

аударуы осы жылдардағы басты оқиғалар болды.

Қазақстанда халыққа қысым жасау саясаты, әсіресе, 1925 жылы қыргүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына Ф.И. Голощекиннің келуімен күшейді. 20 жылдардың соңында ел ішінде адамдардың бір-біріне деген жаппай сенімсіздігі, қорқыныш пен қорғансыздық күйі белең алды. 1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» атанған «Алашорданың» бұрынғы қайраткерлерінің бәрі тұтқындалды. «Алаш» партиясының өкілдерін қудалау мақсатында кез келген айла-шарғы пайдаланылды. Баспасөзде олардың атын қаралайтын мақалалар жарияланып, тікелей арандату әрекеттері жасалды, олардың отбасы мүшелері, жақындары тұтқындалды.

Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген айып тағылды. Сол жылы 44 алашордашы тұтқындалып, оның ішінде Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әділев ату жазасына кесіліп, үкім орындалады. Ал қалғандары түрмеге қамалады.

Ұлт зиялыларының екінші тобы 1930 жылдың қыргүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і Ресейге жер аударылды. Бұл кезеңде Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әділевтер атылып, қалғандары әртүрлі мерзімге түрмеге жабылды.

Олардың кейбіреулері (М. Дулатов т.б.) лагерьлерде қайтыс болды, қалғандары (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев т.б.) жазасын өтегенімен «Алашорданың» қызметіне араласқаны үшін қайта айыпталып, 1937-1938 жылдары атылды.

1937 жылы БК(б)П ОК-нің, И.В. Сталин мен оның айналасындағылардың «халық жаулары мен олардың құйыршықтарын түп-тамырымен жоюдың» қажеттігі

жөніндегі нұсқауы барлық жерде қолдау тапты.

1936-1938 жылдары Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-іне «халық жауы» немесе «халық жауының сыбайластары» және т. б. айыптар тағылды. Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. «Халық жауларының» көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының мәжілістерінде, «екілік» пен «үштік» атанғандар мен НКВД-ның ерекше кеңестерінде құпия жағдайда шешіліп жатты. 1930 жылдардың ортасында Л. Мирзоян, Ү. Құлымбетов, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, Т. Жүргенов сынды көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері «халық жаулары» ретінде тұтқындалды.

1920-1950 жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннің бір көрінісі – мемлекет және оның қызмет иелері мен органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды. Бұл занбұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипат алып, оған заңдық негіз бен жариялылық түр берген Кеңес заңдарының нормалары нұсқаулармен бүркемеленді.

Бұл кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталады. Мысалы, 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің ерекше бөлімінің I тарауында көрсетілген контрреволюциялық қылмыстардың 17-сінің 12-іне ең жоғарғы жаза – ату жазасын қолдану қарастырылды. Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап, азаматтық құқықтардан айыру, мемлекеттен қуу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң

оқшаулау арқылы еркінен айыру тәрізді жазалау шаралары да кеңінен қолданылды. Тоталитарлық тәртіп адамдардың өздеріне тағылған айыптауларды әділ, жан-жақты талқылайтын соттың болуын талап ету сияқты ажырамас құқығын да теріске шығарды.

Қазақстандықтарға көбінесе жапон, кейде герман тыңшылары деген айып тағылып, айыптаушылар мен сотталғандардың «мойындауы» ешқандай дәлелдеусіз жүзеге асырылды. Көршілердің, қызметтестердің, тіпті таныстар мен туыстардың берген жалған мәліметтеріне негізделген, «Кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген айыптау да кең таралды.

Қазақстанда, сондай-ақ азаматтарды ұлтшылдық және ұлтшыл ұйымдар құру арқылы республиканы Кеңес Одағының құрамынан бөліп алуға тырысты деген айыптау да кең қолданылды. Көптеген адам террорлық әрекеттер, диверсия, саботаждарды жүзеге асыруға дайындық жасағаны, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуіне қарсы экономикалық контрреволюциялық әрекеттер ұйымдастырғаны үшін деп негізсіз қуғын-сүргінге ұшырады. БК(б)П-ның Алматы обкомы мен Халық комиссариатының бұрынғы хатшысы Ж. Садуақасовқа, жазушы С. Сейфуллинге, ағарту халық комиссары Т. Жүргеновке 1937 жылы көп айыптың бірі ретінде «Ырғызда, Қаракұмда, Сарысуда және басқа да аймақтарда болған көтерілістерді ұйымдастырған» деген айып тағылды. Жазушы С. Сейфуллинге «Жапонияның протектораттығындағы Қазақ буржуазиялық мемлекетін құрмақ болған» деген ақылға сыймайтын айып тағылды. С. Сейфуллиннің әйелі, Т. Рысқұловтың әйелі мен қызы,

Т. Жүргеновтің әйелі, С. Қожановтың әйелі және т.б. көптеген қазақ, орыс және өзге ұлт қайраткерлерінің әйелдері, балалары жазықсыз азап шекті. «Әлеуметтік тапсырыс беру» мемлекеттік қуғындау-жазалау органдары жұмысының көлемін ұлғайтты. БК(б)П ОК-нің саяси бюросының бастамасымен республикалық және жергілікті партия, кеңес органдарының, НКВД өтініштерінің негізінде жекелеген аймақтардағы қуғын-сүргінге ұшырауға тиісті адамдардың шектеулі тізімін бекітті. Большевиктік режим осылайша қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басында тұрған зиялылар тобын, олар қалыптастырған азаттық идеологиясын жойып тынды.

85. Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау – ұлттық ар-намысты кемсідудің үлгісі.

Кеңес Одағын мекендеген халықтардың қай-қайсысы болсын сталиндік зорлық-зомбылықтан, геноцид пен этноцидтен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалған жоқ. Кеңес үкіметі жылдарында жекелеген партия, кеңес, комсомол қызметкерлері ғана емес, тұтас бір халық сенімсіз де сатқын ұлт қатарына жатқызылып, тарихи атамекенінен күштеп жер аударылды.

Депортация латынша «deportatio» – «қуғындау», «көшіру» деген мағынаны білдіреді. Халықтар депортациясын белгілі бір ұлт өкілдерінің белгілі бір іс-әрекеттеріне байланысты елден қуылуы деп түсіну қажет.

1920-1950 жылдары тұрғындарды күштеп көшіру сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналды. Жалпы КСРО-да депортацияға ұшырағандардың саны **1920 жылдан 1949**

жылға дейін 3,2 миллион адамға жетті.

КСРО-да күштеп қоныс аударту төмендегідей белгілер бойынша жүзеге асырылды:

- этностық белгілері бойынша («жазаланған хал.», «шегараларды тазалау», «сенімсіз хал.»);
- әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация кезінде, арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы);
- саяси мүдде негізіндегі **1934-1944 жылдары** көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады. 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды.

1936 жылы КСРО ХКК құпия қаулыларының негізінде Батыс Украинадан Қазақ АКСР-не 15 мың поляк пен неміс шаруаларын көшіріп, қоныстандыру басталды. Олардың көп бөлігі Солтүстік Қазақстанға, қалғаны Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылды. Ресейдің ішкі аудандарынан, Украинадан, Белоруссия мен басқа республикалардан арнайы қоныс аударылғандардың жалпы саны 1936 жылға қарай 360 мың адамға жетті.

Соғыстың алдында Қазақстан аумағына тағы да поляк ұлты өкілдерінің екінші толқыны көшіріліп әкелінді.

1939-1940 жылдары Гитлер армиясының Польшаға басып кіруіне байланысты Батыс Украина, Белоруссиядағы поляктар қосымша қашып келе бастады. **1940-1941 жылдары** 200 мыңдай поляк Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Жамбыл, Алматы облыстарына орналастырылды. Тоталитарлық тәртіптің құрсауына алғашқылардың бірі болып қиыршығыстық корейлер ілікті. Олардың кейбір бөлігін **1935-1936 жылдары** күштеп әкімшілік қоныс аудару басталды.

1938 жылдың көктемінде корейлерді көшірудің екінші

кезені басталды. Енді олар тұрақты мекендерге орналастырылды. 70 корей ұжымшары республиканың 8 облысында – Қызылорда, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстанда орналасты. Олар балық және ауылшаруашылығымен айналысты.

КСРО-ның ұлт саясатындағы 30 жылдардағы қуғын-сүргініне иран ұлты да ілікті. Түрікменстан, Әзірбайжан, Грузия және Армения аудандарында тұрып жатқан ирандықтар 1938 жылы қазан-қараша айларында Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарына көшірілді.

Күрдтердің Қазақстанға депортациясы да соғысқа дейінгі кезеңнен басталады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Әзірбайжан құрамында **1923 жылы** Күрдістан автономиялы республикасы құрылғаны белгілі. Алайда **1936 жылы** күрдтердің ғасырлар бойғы арманы аяқ асты етіліп, өздері «сенімсіз халықтар» қатарына жатқызылды. **1937 жылдан бастап** ешбір негізсіз 7,3 мың күрд Армения, Әзірбайжан аумағынан көшіріліп, Орталық Азия мен Қазақстанға қоныстандырылды.

Дәл осындай «сценариймен» қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, балқар және т.б. Солтүстік Кавказ, Грузия, Қырым өңірі халықтары «фашистік басқыншылармен жақындасты» деген желеумен көшіріліп, ұлттық автономиялар жойылды.

1943 жылы Қарашай автономиялы республикасы жойылып, жалпы саны 45,5 мың адам Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылды. Қалған отбасылар Қырғызстанға, Өзбекстанға аттандырылды.

1945 жылға қарай Қазақстанға көшірілген шешендер мен ингуштардың жалпы саны 406,3 мың адамға

жетті. **1943 жылғы 28 қазандағы** бұйрық негізінде Қалмақ АКСР-інен 2,2 мың адам Қызылорда облысына көшірілді. **Депортация барысында** Қазақстанға 4501 татар, 7 мың болгар мен грек әкелінді. Жергілікті қазақ халқының үлес салмағы 1939 жылмен салыстырғанда 38%-дан 30%-ға дейін кеміп кетті. Тіптен кейбір аймақтарда қазақтардың үлес салмағы 2 есеге азайды.

Осы депортация арқылы Ресей үкіметі Қазақстанның арнамысын таптады, оларды жазалады, кемсітті. Қуғындау, көшіру, қазақтардың арнамысын таптау, оларды кемсіту, білгендерін істетіп қорлау Қазақстанға үлкен қасірет алып келді.

86. Кеңестік білім беру жүйесін құру. Арабтан латынға, кейін кириллицаға көшу.

Большевиктер билікке келген алғашқы күндерінен бастап жаппай сауатсыздықты жою үшін күрес жүргізуге кірісті.

Кеңес үкіметінің жергілікті билік органдары Азамат соғысы жағдайында мүмкіндігінше мектептер ашты. Халықты ағарту арқылы большевиктер өздерінің идеологиясын сіңіруді және қарапайым адамдардың сеніміне кіруді көздеді.

1918 жылы шілдеде Түркістан АКСР-інде Халық ағарту комиссариаты (Наркомпрос), ал бұған дейін Қырғыз революциялық комитетінде мектеп бөлімі ашылған еді. 1919 жылы желтоқсанда В.И. Ленин «РКФСР халықтары арасында сауатсыздықты жою туралы» Декретке қол қойды.

1920 жылдан бастап большевиктер Лениннің тапсырмаларын жүзеге асыра отырып, барлық жерде сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құруға кірісті. Олар хат танымайтындарды есепке

алуды, мұғалім кадрларын даярлау, мектептер мен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырумен айналысты. 1928ж араб әрпі латын әрпімен, 1940ж кириллицамен ауыстырылды.

Араб әліпбиін қалдыруды жақтаушылар латын қарпін қолдануға көшу — ұлттық мәдениетке жасалған қастандық екендігін айтты. Олар Қазақстанда тек еуропалықтарға тән жаңа әліпбиге көшу қажет, бірақ оған әлі жағдай пісіп-жетілген жоқ деп есептеді. Алайда біртұтас мәдениет кеңістігін орнықтыру міндетін ұстанған Кеңес басшылығы республика өкілдерінің пікірімен санаспады. Жаңа әліпби жасау жөніндегі комиссия құрылып, ол 1928 жылдың күзінде латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің жобасын ұсынды. Латын қарпіне түгел ауысып болғанша араб графикасы пайдаланыла тұратын болды. Полиграфиялық техника латын алфавитімен жабдықтала бастады Бұл газет, оқулықтар, әдебиеттер шығаруды жеңілдетті. Республика бір мезгілде екі әліпбиді, яғни: қазақ тілі үшін — латын, орыс тілі үшін - кириллицаны қолданатын болды.

1912ж. «Айқап» журналында А.Байтұрсыновтың «Жазу тәртібі» деген мақаласы шығады. Қарсы шыққандар «түркі тілдеріне ортақ» жазу үлгісін сақтауды ұсынды.

87.Қазақстандықтардың майдан іс- қимылдарына, партизандық қозғалысқа қатысуы

1941 жылы 18 шілдеде БКП (б) ОК «Неміс әскерінің тылында күресті ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда

ерекше айтылатын міндет герман жаулаушылары үшін адам төзгісіз жағдай жасау, олардың байланыстарын үзіп, әскери техникаларын істен шығару, барлық іс- шараларын жүзеге асыруға жол бермеу, басқыншылар мен оларды қолдаушылардың көзін жою, атты және жаяу әскер партизандық бөлімдерді, диверсиондық және атқыштар топтарын құруға барынша көмектесу, басып алынған территорияларда жауға қарсы барлық жұмыстарды басқару үшін большевиктік астыртын ұйымдардың желісін құру болды. Сонымен қатар онда жау тылындағы күресті барынша белсендендіру туралы айтылды, бұл істі ұйымдастыруды республикалық, облыстық, аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдардың жетекшілеріне жүктеді. 1941 жылы 28 шілдеде кеңес халқын жау уақытша басып алған аудандарда, жекелеген жау әскері бөліктерімен күресу үшін партизандық отрядтар мен диверсиондық топтарды құруға шақырды.

Жау тылындағы кеңес адамдарының күресі басқыншыларға ауыр соққы тигізді және оларды талқандауға үлес қосты. Толық емес деректер бойынша, кеңестік партизандар мен астыртын жұмыс жүргізушілер жаудың әскери техникасы мен әскерлері бар поездардың 21 мыңнан астамының аударылуын ұйымдастырған, 1618 паровозды істен шығарған, 170,8 мың вагондарды, 12 мың темір жол және тас жол көпірлерін жарған және өртеген, 1,6 миллионнан астам гитлерлік солдат,

офицерлер мен олардың қолдаушыларын тұтқынға алған және көзін жойған, Қызыл Әскердің басқармасына көптеген маңызды барлаушылық мәліметтер әкелген.

Партизандық қозғалыс үлкен саяси маңызға ие болды. Партизандық бөлімдер мен партиялық астыртын жұмыс жүргізушілер жергілікті тұрғындар арасында үлкен ауқымды жұмыстар жүргізді. Парақшалар, астыртын жұмыс газеттері арқылы, жеке әңгімелерінде олар басып алынған территорияларда тұрған кеңес адамдарына кеңес-герман майданындағы жағдай туралы шынайы ақпараттар берді, басқыншы биліктің жаласы мен өтірігін жокқа шығарды, фашистік езгіден азат болу және жаудың түпкілікті талқандалатындығына сенімді қолдады. Қорыта келе, неміс-фашист әскерлерімен басып алынған территориядағы кеңес адамдарының бүкілхалықтық күресі ауқымы, саяси және әскери нәтижесі бойынша фашизмді талқандаудың маңызды әскери саяси факторы мағынасына ие болды. Қазақстандықтар басқа да кеңес ұлт өкілдері қатарында соғыс жүріп жатқан аумақтың қай бөлігінде соғысса да, Отан алдындағы борышын абыроймен атқара білді. Партизандар қозғалысына қатысқан қазақстандықтар туралы мәселе әлі де талай тың зерттеулерді қажет етеді. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Европа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар —

шығыстың қос шынары: пулеметші Мәншүк Маметова мен 54-атқыштар бригадасының Мергені (снайпер) Әлия Молдағұлова болды. Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сянов, Х.Қайдаусов, З. Тұрарбеков, Х. Көбеков, Т. Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және т.б. көптеген адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қанқарбаев өзінің досы Г.Булатов пен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

88.Отан соғысы жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің көрсеткен ерлігі.

Ұлы Отан соғысы ([22 маусым, 1941 жыл](#) – [9 мамыр, 1945 жыл](#)) — Кеңес Одағының нацистік германияға және оның еуропалық одақтастарына ([Мажарстан](#), [Италия](#), [Румыния](#), [Финляндия](#), [Словакия](#), [Хорватия](#)) қарсы жүргізген соғысы; [Екінші Дүниежүзілік соғыстың](#) ең маңызды және шешуші бөлігі. Адамзат тарихында үлкенді – кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі Екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысы болды. Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған

қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты. Майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға шақырылуымен [олардың орнын қариялар](#), әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы қолхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті. 1941 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының “Құрман” колхозының егіншісі Шығанақ Берсиев 1 гектардан 155,8 ц. тары алып, әлемдік рекорд жасаса, ал 1945 жылы – 1 га-дан 202 ц. тары алып, өзінің алғашқы көрсеткішін бірнеше рет өсірді. [Шиелі ауданы](#), “Авангард” колхозының даңқын шығарған күріш егуші Ким Ман Сам 1 га-дан 154,9 ц. күріш өндіріп. Күріш өсіруші Ыбырай Жақаев 1943 жылы 1 га-дан 172 ц. күріш өнімін алып әлемдік рекорд жасады. Астық өнімі үшін алған 106000 сомды Ы.Жақаев қорғаныс майданына жіберді. Республикада Ш. Берсиев, Ким Ман Сам, Ы.Жақаевтың жолын қушылар аз болмады. “Ойыл” ауданы, “Кемерші” совхозының Зауре Баймулдина звеносы, Шелек ауданы “Төңкеріс” колхозынан Малжегерова звенолары 1 га-

дан 95-100 ц. тары мен күріш алды. Соғыс жылдарындағы әйелдер ерлігі ерекше. Мындаған арулар тіпті тракторға, машина рулдеріне отырды. Мысалы, Ақтөбе облысы, Мартук ауданының Держинский атындағы колхозында Агафья Швалькова соғысқа кеткен күйеуінің комбайынын жүргізіп, 2 күнде 87 гектардан астық жинады. 1986 жылға дейін, яғни соғыс кезі мен одан кейінгі уақытты қоса алғанда 1792 адам Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Көп деп айтуға да келмейді. Десе де еленбей қалған ерліктер ел жадынан ұмытылмақ емес. Еленбей қалғандары соңғы жылдары өз бағасын алып, айтылып, жазылып жүр.

Соғыстан кейінгі онжылдықта жарық көрген зерттеулерден Ғ Әбішев, О. Малыбаев, А. Нүсіпбековтің еңбектерін атап өту қажет. Бұл еңбектерде Ұлы Отан соғысы кезіндегі елдің дамуы, қазақстандықтардың майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты баға беріліп, «Қазақстан – майдан арсеналы» деген қорытынды жасалды. Тарихшы ғалымдар бұл еңбектерінде мерзімді баспасөз материалдарымен қатар мұрағат [құжаттарын кен қолдана отырып](#), еліміздің майданға қосқан үлесін саралап берді.

Соғыстың қысылтаяң кезеңінде тыл еңбекші халқы кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәриден жүгіріп, түн ортасында қайтқан ерлігін, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» - деген игі ниетті асыл сезімін [ешкім есінен шығармауы тиіс](#).

89. Соғыс тұтқындарының тағдыры. «Түркістан легионының» тарихы.

Түркістан Легионы- Орталық Азияда туған түркі халықтарынан (қазақтар, өзбектер, қырғыздар,

қарақалпақтар, түрікмендер, түріктер, башқұрлар, татарлар, ұйғырларжәне т.б.) тұратын Вермахттың бөлімі. Кеңес пропогандасы легионның құрылуында Мұстафа Шоқайды айыптаған. Бірақ та кейбір деректерге сүйенсек, мұндай бөлімдерді ашуды немістер **1933 жылдарда-ақ** жоспарлап қойған деседі. Түркістан легионы үлкен Шығыс легионының бір бөлігі болатын. Мұны **1941 жылы** Мұстафа Шоқайға ұсынады. Бірақ, ол келіспегендіктен Түркістан легионының басшысы ретінде **Уәли Қайюмды** сайлайды. Оларды біріктірген негізгі мүдде Түркістанды орыстарды зұлымынан азат ету болды. Бөлім негізінен Қызыл Әскер жағында күресіп жүріп тұтқынға түскен әскерлер мен Еуропа мен Түркияда қоныс аударып кеткен түркі ұлттардан тұрды.

КСРО-ға және оны мекендеген халықтарға қатысты нацистік саясаттың жалпы қағидалары **1920 – 1930 жылдары** айқындалды – КСРО неміс отарлау кеңістігі ретінде қарастырылды. **1933 ж.** нацистер билікке келгеннен кейін **«Шығыс саясатын»** дамыту нацистік Германияның мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігіне айналды, **1930 жылдардағы** соғысқа дайындыққа байланысты Германияда КСРО ұлтаралық қатынастарды және КСРО үкіметінің ұлттық саясатын зерттейтін ғылыми орталықтар құрылды. КСРО-ның Орта Азия республикаларының аумағында «Түркістан»рейхскомиссариаты н құру жоспарланды әйтсе де үгіт-насихат мақсатында Түркістан легионының әскери қызметшілеріне Орта Азия мен Қазақстаннан басқа Башқұртстан, Еділ бойы, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ және Шыңжаңды қосатын Германияның протекторатындағы — Ұлы

Түркістан мемлекеттің құру уәде етілген еді.

Бұл уақыттарда Түркістан өлкесі **23 жылдан** бері КСРО құрамында еді. Түркістан Ресей Империясының құрамында 40 жыл ғана болды. Түркістан Легионының Әскерлеріне Ұлы Түркістан Мемлекетінің құрылуы уәде етілген еді. Сонымен қатар, оның құрамына Орта Азия, Башқұртстан, Еділ бойы, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ және Шыңжаң өлкелері қосылады деп жоспарланған болатын.

Түркістан Легионының туы Түркістан Автономиясының туы негізінде жасалған. Кеңес адамдары бір бөлігінің неміс-фашист басқыншыларымен ынтымақтасуы мәселесі аз зерттеліп отыр. Неміс құрамаларының қатарында өз отанына қарсы соғысқан КСРО азаматтарының саны бір миллионнан асты. Олардың арасында негізсіз құдаланып, Кеңес өкіметіне наразы болған адамдар да бар. Осындай фактор көптеген кеңес жауынгерлерінің тұтқынға түсуі және соғыс аяқталған соң Отанына қайтпай қалуына себепші болды.

90. Соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халыққа білім беру.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанның білім, ғылымы едәуір өсті. КСРО ғылым академиясының Қазфилиалының жаңа **7 институты** құрылды. Қазфилиалда **350 ден астам** экспедициялық топтар құрылып, Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеу жүргізді. Майданға қажетті сирек металлдарды зерттеуге Қаныш Имантайұлы Сатпаев көп үлес қосты. **1942ж** Жезқазған мыс кен орындарын зерттеуге қосқан үлесі үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұл кезеңдегі әдебиеттің **негізгі тақырыбы** - патриотизм және Отанды

қорғау. **Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өрендерім», Ә.Тәжібаевтың «Ленинград» өлеңдері, З.Шашкин, Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаевтың** шығармалары көпке белгілі болды.

Қазақстан өнер шеберлерінің бригадалары майданға аттанды, осындай 11 бригада майданда болып **870 концерт** қойды. Госпитальдарда, шақыру пункттерінде, әскери бөлімшелерде, шекаралық заставаларда **15 мыңнан** астам концерт берді. Жалпы концерттік ұйымдар **36,5 мың** концерт қойып, оларды 9 миллионнан астам көрермендер тамашалады. Алматыда Орталық біріккен киностудия «**Екі жауынгер**», «**Майдан**», «**Ол Отанын қорғайды**», «**Күт мені**» және басқа да миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына, оларды патриотизмге тәрбиелеуге үлкен ықпал жасаған, адамдарды жеңіске үміттендірген ғажайып кинолар түсірді. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Қазақстан композиторлары **300-ден** астам музыкалық шығармалар: опералар, симфониялар, әскери-патриоттық әндер жазды. Соғыс жылдарында опера өнері дами түсті. **1942 жылы Е. Брусиловскийдің** «Гвардия, алға!», **1944 жылы А. Жұбанов пен Л.Хамидидің** «Абай» опералары қойылды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың «Амангелді», А. Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров», М. Төлебаевтың «Біржан - Сара» опералары жазылды.

1949 жылы осы операның авторларына және негізгі партиясын орындаушыларға КСРО Мемлекеттік сыйлықтары тапсырылды. **1940 жылы «Көктем»** атты алғашқы қазақ

балеті қойылды. Соғыс жылдарында Қазақ музыкалық театрының балетіне Г. Березова жетекшілік етіп, сахнада әлемге әйгілі артистер өнер көрсетті.

1942 жылы маусымда Галина Уланова Алматыда алғаш рет театр сахнасына шықты. **1941 жылы** Мәскеу және Ленинград киностудиялары Қазақстан астанасына қоныс аударып, олар Алматы көркем фильмдер киностудиясымен бірігіп көптеген фильмдер түсірді. Олардың қатарына «**Екі жауынгер**», «**Илья Муромец**» және т.б. фильмдерді жатқызуға болады. **1945 жылы** Алматы көркем фильмдер киностудиясы тұңғыш рет өз күшімен «**Абай әндері**» фильмін жарыққа шығарды. Сол жылдары «**Буратиноның бастан кешкендерінің**» авторы А. Н. Толстой, Самуил Маршак, жазушылар Михаил Зощенко және Константин Паустовский, «**Степа ағайдың**» авторы және қазіргі белгілі кинорежиссер Никита Михалковтың әкесі Сергей Михалков, атақты режиссер С. М. Эйзенштейн, белгілі актерлер Николай Черкасов, Михаил Жаров, Любовь Орлова, Марина Ладынина, Николай Крючков, Борис Андреевтер Қазақстан астанасында тұрып, еңбек етті. Осындай жылдары өнер көрсеткен әншілердің бірі Роза Бағланова. **1945 жылы 9 мамырда** Берлин қаласындағы Жеңіске арналған концертке қатысты. Оның орындауындағы «**Кестелі орамал**», «**Ах, Самара, городок**» әндері ел арасында ерекше танымал болды. Роза Бағланова халық қаһарманы атағына және Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Халықтар достығы ордендерімен марапатталды, тәуелсіз «**Тарлан**» сыйлығын иеленген.

91.Соғытан кейінгі жылдардағы Қазақстан.

Бейбіт құрылысқа көшудің қиындықтары.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан еңбекшілері бейбіт құрылысқа қайта оралды. Экономиканы бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. **1945 жылы қазан айында** Алматыда Республиканың *25 жылдығына арналған* Қазақстан Жоғары Кеңесінің мерекелік сессиясы болып, оған туысқан республикалардың, Мәскеу мен Ленинградтың делегациялары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері қатысты.

1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа арналған жоспар бойынша соғыстан бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп, одан едәуір асып түсу міндеті белгіленді. Қазақстанға бөлінген күрделі қаржы көлемі одақ бойынша үшінші орынға шықты. Мұнда күрделі қаржы кәсіпорындарды қалпына келтіруден гөрі бұрынғыларын кеңейтіп, жаңа кәсіпорындар салуға бағытталды. **Төртінші бесжылдықта** бүкіл елде өнеркәсіп өнімі **1940 жылмен** салыстырғанда 40 пайызға өсетін болып белгіленсе, Қазақстанда ол 2,2 есеге арту көзделді. Бесжылдық қорытындысында Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі **1940 жылмен** салыстырғанда 2,3 есе, оның ішінде көмір шығару 2,5, мұнай-1,5, газ-1,9, электр қуатын өндіру 4,1 есе артты. Төртінші бесжылдықтың аяғына қарай Қазақстан шаруашылықтарында 50 683 трактор, 16 мыңнан астам комбайн, ондаған мың машина, шөп шабатын және басқа машиналар істеді. Бұлардың басым көпшілігі ескі, моральдық жағынан да тозып,

ескірген техника болатын. Ауыл-селода механизаторлар қатары өсіп, МТС қызметкерлерінің жыл сайынғы орташа саны **10 мың адамға** көбейді. **1946 жылы** қуаңшылық болып, астық шықпай, халық азық-түлік тапшылығының зардабын шекті. Колхоз, совхоз, МТС-тардағы техника ескірген, еңбек өнімділігі төмен еді. Ауыл шаруашылығының әртүрлі жарғысын бұзушылық етек алды. Колхоздардың меншігі талан-таражға түсті.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында республика жазушылары шығармаларының басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналды. **Ғ. Мүсіреповтың "Қазақ солдаты", Ә. Нұрпейісовтың "Қурляндиясы"** сияқты соғыс тақырыбына жазылған еңбектерде қазақстандық жауынгерлердің жоғарғы адамгершілік қасиеті, жеңіс жолындағы күресте көрсеткен ерлігі баяндалды. Еңбек тақырыбына жазылған **С. Мұқановтың "Сырдария", Ғ. Мұстафиннің "Миллионер", Р. Слановтың "Кең өріс"** сияқты туындыларында колхозшы шаруалардың өмірі көрсетілді. Осы жылдарда **М. Әуезовтің "Абай жолы", С. Мұқановтың "Шоқан Уәлиханов"** сияқты көптеген тарихи шығармалар жарық көрді. "Абай" қойылымы үшін Қазақ Академиялық драма театрының ұжымы КСРО мемлекеттік сыйлығын алды. **1946 жылы** республикада Ғылым академиясы құрылып, оның президентігіне көрнекті ғалым, академик Қ. И. Сәтбаев сайланды. Осы жылдарда Ақтөбе, Гурьев, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шымкент екі жылдық мұғалімдер институттары жоғары білім беретін педагогикалық институттар болып қайта құрылды. Жалпыға бірдей жетіжылдық білім беру туралы Заң одан әрі

жүзеге асырылды. **1952 жылдың аяғында** Қазақстанда жалпыға білім беретін 9 мыңдай мектеп, **125 техникум** мен арнаулы оқу орны жұмыс істеді, бұларда 1,5 млн. адам оқыды. Алайда, бұл кезде Қазақстанның мәдениеті, әдебиеті, ғылымның одан әрі дамуына **XX ғ. 50-ші жылдардың** басында өзінің шырқауына жеткен тоталитарлық социализм идеологиясы кері әсерін тигізді. Әсіресе БК/б/П Орталық Комитетінің **"Звезда" және "Ленинград"** журналдары туралы **1946 ж. 14 тамыз** қаулысы басқаша ойлайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанын ашып берді. Қазақстан партия комитеттері де өз жұмысын осы қаулының ағымына құрды. Республика Компартиясы Орталық Комитетінің **1947 ж. наурызда** өткен пленумы төменгі партия ұйымдарынан Қазақстан тарихын жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауға қарсы большевиктік сынды кеңінен өрістетіп, БК/б/П Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларын сөзсіз орындауды талап етті.

92.XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары.

1953-1964 жылдар тарихта шартты түрде «Хрущев жылымылығы» деп аталады. Сталин қайтыс болғаннан кейін билікке келген Н.Хрущев КСРО экономикасын ілгері дамыту жоспарымен тағы бірқатар реформалар жасауға әрекеттенді. Соғыстан кейінгі астық жетіспеушілігін жою үшін **1954 жылы наурыз айында** КОКП ОК Пленумында тың және тынайған жерлерді игеру туралы шешім қабылданды. Егін егетін жер көлемін

ұлғайтып астық өнімін көтеруге тапсырылды. Бұл шаруашылық пен азық-түлік дағдарысын шешудегі экстенсивті жолы болды. Астық өндіруді арттыру мақсатында 25 млн. гектар жер жыртылды, оның 9 млн. эрозияға ұшырап жарамсыз болып қалды. Тың игеру жылдары республикаға КСРО еуропалық бөлігінен «қажетті мамандардың» 2 млн. адам жаппай қоныс аударды. Нәтижесінде елдегі демографиялық жағдай одан әрі күрделенді. Қазақтардың үлес салмағы өз елінде 30 % -ға дейін төмендеп кетті.

1957 жылы сол кездегі Кеңес Одағында бірінші басшы болған Н.Хрущев шаруашылық реформа енгізді. **Реформаның басты мақсаты** бір орталықтан басқарылатын жоспарлы экономикалық жүйені өзгертіп экономиканы басқаруды жергілікті органдардың қолына беру болды. Халық арасында Хрущевтың атымен аталған бұл реформа бойынша экономиканы басқаруды жергілікті жерлердің қолына беру мақсатымен экономика саласы бойынша құрылған министрліктерді, мемлекеттік жоспарлау комиссиясын таратып жергілікті жерлерде административтік-экономикалық райондар құрылды. Бұл райондарда экономиканы басқаратын халық шаруашылық кеңестері /совнархоз/ құрылды. Совнархоздардың қолына сол райондағы барлық шаруашылық объектілері берілді. Совнархоздар өз қарамағындағы шаруашылықтардың өнім өндіру, оны сату мәселесін өздері шешетін болды. Қазақстанда облыстардың орнына **9 экономикалық-әкімшілік** район орнады. Бұл шараның нәтижесінде шаруашылықты басқару жергілікті жердің қолына өтті. Бұл әрбір кәсіпорынның, әрбір районның экономикалық ынтықтығын

арттыруға, сөйтіп ел экономикасын дамытуға мол мүмкіндік ашты. Осы реформаның нәтижесінде 5-6 бесжылдық жоспар толық орындалды. **1964 жылы** үкімет басына келген Брежнев **1957 жылғы** реформаны тоқтатып бір орталықтан басқаратын жоспарлы экономикалық жүйені қалпына келтірді. Бұл Кеңес Одағында экономикалық тоқыраудың басталуына әкеп соқты. Мұны сезген Кеңес Одағының Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Косыгин **1967 жылы** жаңа реформа енгізді. Ол жоспарлы экономика мен нарықтық экономиканың артықшылығын ұштастырып ел экономикасын тоқыраудан құтқаруды көздеді. Дегенмен Косыгин реформасы нәтиже бермеді де ұзамай тоқтатылды. **1962 жылы** Н.Хрущевтың бастамасымен солтүстік облыстар тың өлкесіне біріктіріліп, Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді. Сонымен «Хрущев онжылдығы» (1953-1964 жылдары) бір жағынан, **XX съездегі** «Жеке басқа табыну мен оның зардаптарын жою туралы» қаулы қабылдау арқылы саяси өмірді демократияландыру саясатымен ерекшеленсе, екінші жағынан, валютаристік және субъективтік шешімдер арқылы экономиканы экстенсивті жолмен дамыту әрекетімен тарихта қалды.

93. Қазақстандағы қайта құру саясаты

Қайта құру қарсаңындағы Қазақстан. 1985ж. дейін негізгі егін шаруашылығы жұмыстары жер жырту, тұқым себу, дәнді-дақылдарды жинау, мал шаруашылығы жұмыстары **75-98%** техникаландырылды. Ауыл шаруашылық проблемаларын тек күрделі қаржыны көбейту арқылы ғана шешуге тырысу нәтиже бермеді. Адамның мұқтажына көңіл бөлмеушіліктің

салдарынан, **1987ж.** ауылдық жерлерде денсаулық сақтау мекемесі болмады. Республика ауыл шаруашылық өнімдері өндірісін қарқындалту бірқалыпты жүрмеді.

КОКП-ң бүлінуі оның әлеуметтік-экономикалық саясаттағы қатерлі ұлттық қатынасқа әсерін тигізбей қойған жоқ. Брежневтік басшылық оларды мүлтіксіз әрі мәселені шешудегі табыстарды асыра бағалау кемелденген социализм концепциясынан туындады. Социалистік ұлттардың федерацияданшығу қажеттігі пайда болуы мүмкін емес деген пайымдау үстемдік құрды.

1985 жылы наурызда КОКП ОК Бас хатшысы қызметіне М.Горбачев сайланды. **1985 жылы** сәуірде өткізілген КОКП ОК пленумында М.Горбачев әлеуметтік-экономикалық жүйе мен қоғамдық өмірге реформалар – қайта құрулар жүргізетінін мәлімдеді. Қайта құру саясаты мемлекеттің қоғамдық-саяси институттарының бүкіл жүйесін демократияландыру және халықтың өзін-өзі басқаруын тереңдету деп түсіндірілді.

Қайта құру саясатының негізгі бағыттары- қоғам өмірін демократияландыру және жариялықты дамыту, әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету болды. Сонымен бірге **1985 жылы сәуір** Пленумында әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету туралы қаулы қабылданды. Жеделдету саясатының мақсаты-өндірісті басқару әдістерін өзгертіп, ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу арқылы халық шаруашылығын дамыту. Іс жүзінде ол өндіріс орындарын шаруашылық есепке көшіру және жекеменшік түрлерін дамыта отырып, нарықтық экономикаға бетбұрыс жасау еді. Бұл саясатты іске асыру бағытында

бүкіл елде кооперативтік қозғалыс басталды. Кооперативтік шаруашылықтардың тиімді жақтары бірден байқалды. Бірақта жеделдету бағыты ғылыми тұрғыда негізделмей асығыс енгізілген еді. Мемлекет басшылары экономиканы басқаруда әлі де директивалық әдістерге сүйенді. Бұл жеделдету бағытының басты қайшылығы болатын. Бірақ бұл шаралар экономиканы дағдарыстан шығара алмады. Халық шаруашылығындағы жағдай ауырлай түсті. Күнделікті тұтынатын тауарлар тапшылығы айқын сезіле бастады. Азық-түлік түрлері азайып кетті. Қоғамның саяси жүйесін жаңартпайынша экономиканы басқарудың жаңа әдістері нәтиже бермейтіндігі дәлелденді.

1987 жылы қазанда КОКП ОК Пленумында Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Борис Ельцин қайта құру мен реформалардың жүзеге асырылуының баяулығын қатты сынға алды. **1987 жылы қарашада** Қазан төңкерісінің **70 жылдық** мерекелік мәжілісі болып өтті. Онда М. Горбачев кеңестік қоғамның дамуының негізгі тарихи кезеңдеріне саяси баға берді. Бас хатшының баяндамасында сталинизм қылмысты құбылыс деп танылып, тарих «ақтандақтары» жаңа тұрғыдан қаралуы тиіс деген қортынды жасалды.

1988 жылы маусымда КОКП XIX Бүкілодақтық конференциясы өткізілді. Конференцияда қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты талдау жасалды. Онда партия басшылары тарапынан саяси жүйеге реформа жүргізбейінше әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасаумүмкін еместігі мойындалды.

Қоғамның саяси және әлеуметтік өміріндегі

қайшылықтар күшейе берді. Мемлекеттік жоспарлау барысында республикалар мүддесі екінші кезекке ысырылды. Өйткені қазба байлықтан түскен табыстар республикаларға аз мөлшерде ғана беріліп, жергілікті халық оның игілігін көре алмады. Тұтыну тауарларының 60 %-ы шеттен тасымалданды. Ғылым мен мәдениет, білім беру салаларын қаржыландыруда «бюджеттік қалдық» ұстанымы сақталып қалды. Рухани салада да терең қайшылықтар орын алды. Мәдениет халықтық дәстүрінен, ұлттық келбетінен айырыла бастады. Қазақ тілі қоғамдық қызметінен айырылып, тұрмыстық тіл деңгейіне түсті. Нәтижесінде **1954-1986 жылдары** 600-ден астам қазақ тілінде оқытатын мектеп жабылды.

Маңызды саяси шешімдер Мәскеуде қабылданып, одақтас республикаларға оларды орындау үшін бұйрық ретінде жіберіліп отырды. Орталықтың шешімдерімен келіспеу, оған сын айту «ұлтшылдық» ретінде бағаланды. Қазақстан халқының көз алдында Арал мен Семей экологиялық қасіреті қалыптасып жатты. Кеңес қоғамында адамдардың әлеуметтік немқұрайдылығы күшейді.

94. Д.А.Қонаевтың қызметі. 1986ж Алматыда және республиканың басқа қалаларында болған Желтоқсан оқиғасы

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (12 қаңтар 1912 жыл – 22 тамыз 1993 жыл) — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

1912 жылы 12 қаңтарда Верный(қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген.

1930 жылы – Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен

кейін, **1931-1936 жылдары** Қазақстан Өлкелік комсомол комитетіДінмұхамед Қонаевты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуғажібереді.

Еңбек жолдары:

1936 жылы - Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженерімамандығын алған Д. Қонаев **1937-1939 жылдары** Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды.

1939 жылы - Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндеріндеТылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, “Алтайполиметалл” комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірікәсіпорындарының бірі - Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды.

1939 жылы – КОКП мүшелігіне қабылданды.

1942-1952 жылдары - Қазақ КСР Министрлер Кеңесініңтөрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргендеҚазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті етіпсайлайды. Тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д. Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңірді. Ғылыми-ұйымдықжұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларынбілікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзегеасырылды.

1955-1960 жылдары - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасыболды.

1960-1986 жылдары-Қазақстан Компартиясы Орталық КомитетініңБірінші хатшысы қызметін атқарды.

1986 жылы 16 желтоқсан күні – Қазақстан Орталық комитетініңБірінші хатшылығынан алынып, орнына Колбин тағайындалды. Бұған наразы болған қазақ жастарының Желтоқсан оқиғасы орындалды.

1987 жылы маусымдағы пленумда Д.А.Қонаев «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы болғандареспублика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП мүшелігінен босатылды.

Игі істері мен жетістіктері:

Д.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақжерінде 68 жұмысшылар кентімен **43 қала** пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды.Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлеригерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оныңішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақжерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байытукомбинаттары,

Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іскеқосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлеміартты.

Желтоқсан көтерілісі

Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Қазақ жастарының **1986 жылғы желтоқсанда** Алматыда және Қазақстанның бірқатар облыстарында бой көрсетулері ұлтшылдық сипатта болған емес. Мұның өзі Конституция кепілдік берген және қайта құру жариялаған азаматтық және саяси айқындаманы еркін білдіру правосын пайдаланудың алғашқы әрекеті еді.

Себептері:

Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінің 1-хатшысы Г.В. Колбинді ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. Демонстрация бейбіт және саяси сипатта болды. Онда мемлекеттік құрылысты құлатуға шақырған ұрандар айтылып, басқа халықтарға қарсы байбалам салынған жоқ. Республика Компартиясы Орталық Комитетінің үйі алдында жиналған жастар заңдарды және қоғамық тәптіпті бұзған жоқ, олар тек пленумның шешімі жөнінде түсінік берілуін талап етіп, сол шешіммен өздерінің келіспейтінін білдірді. Республика басшылығының әуел бастан жастармен тең правосы диалог бастағысы, олардың пікірін тыңдағысы келмеді. Саяси

наразылықты билікке төнген қатер деп санап, басшылық оған Алматы гарнизонын әзірлік жағдайына келтірумен және алаңды демонстранттар сапынан әлденеше есе көп күштермен қоршау туралы жауап қатты.

Оқиғаға қатысқандарды саяси тұрғыдан қуғындау басталды. **1987 ж. жазда** КОКП ОК қаулысы шығып, желтоқсан оқиғасы қазақ ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағаланды. Желтоқсан оқиғасы қоғамның саяси өмірін демократияландыруға серпін берді.

Осы күнге дейін мемлекет желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызын жоғарлатуға зор үлес қосып келеді. Көтерілісінің құпиялары толығымен ашылған жоқ.

17 желтоқсан күні танертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И.Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, “бұзақыларды” күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО ПМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған “Құйын — 86” операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды.

18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды.

Осы әскери күштер **19 желтоқсан күні** қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған 6 топты басып, таратты. Алаңдағы көтерілісшілер таратылған соң

ішкі істер бөлімдеріне **2401 адам** жеткізілген (Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған).

Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар.

Желтоқсанның **19 — 23 аралығында** халықтың наразылық шерулері мен митингілер Қазақстанның Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқан, т.б. қалалары мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жалғасты.

1996 жылы 9 желтоқсанда Президенттің жарлығымен Қ. Рысқұлбековке Халық Хаһарманы атағы берілді. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтіріліп, бұл жөнінде “**Желтоқсан. 1986. Алматы.**” (құрастырылған Т.Өтегенов, Т.Зейнәбілов), “Желтоқсан құрбандарын жоқтау”, “Ер намысы — ел намысы” жинақтары, К.Тәбейдің “Мұзда жанған алау”, Т.Бейісқұловтың “Желтоқсан ызғары” кітаптары мен “Желтоқсан” (бас редакторы Х.Қожа-Ахмет) газеті жарық көрді, “Аллажар” (1991, реж. Т.Теменов), “Қызғыш құс” кинофильмдері түсірілді.

95. Қазақ КСР-нің мемлекетік егемендігі туралы Декларация

1990 жылы 24 сәуірде болған XII шақырылған жоғары кеңестің I сессиясында Қазақ КСР президенті болып Н Назарбаев сайланғаннан кейін **1990 жылы 25 қазанда** Қазақ КСР егемендігі туралы декларация қабылданды. Декларация республика

егемендігін заң жүзінде бекітудің бастамасы болды. Онда республиканың тең құқылы шарт негізінде, егеменді республикалар одағына кіру ойынынан басқа, алғаш рет Қаз КСР-нің егеменділік құқығы жағдайы үшін принципті мемлекеттік-құқықтық ережелер: Одақтың шешуіне берген мәселелерді қоспағанда, Қаз КСР аумағында Республика Конституциясы мен заңдарының үстемдігі туралы, Одақтық Жоғарғы органдардың Қаз КСР-і Конституциясы мен егеменділік құқықтарын бұзатын заңдарының және басқа да актілерінің өз аумағында күшін жою құқы, Қазақ КСР-нің егемендігінің негізін құрайтын өзіндік меншігі, жер және оның қойнауы, су, ауа кеңістігі, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, оның аумағындағы барлық ұлттық байлықтар - экономикалық және ғылыми-техникалық әлеует туралы, республиканың қосқан үлесіне сай жалпы Одақтық мүліктен өз үлесіне құқы, соның ішінде алмаз, валюта қоры және алтын қорындағы үлесіне, халықаралық қатынастардың субъектісі болу, өз мүддесіне сай сыртқы саясатын анықтау туралы бекітілген. Сонымен қатар, Декларация алғаш рет билікті бөлу принципін паш етті. Декларацияға сай, заң шығару билігі Жоғарғы кеңеске берілді, Президент Республика басшысы болып, жоғарғы атқарушы билікті иеленді, ал сот билігі Жоғарғы Сотқа берілді; мемлекеттің әлеуметтік негізін анықтауға таптық тұрғыдан қараудан бас тартты; республика аумағында ядролық қаруды сынауды жүргізуге, қырып-жою қаруларының барлық түрі үшін сынақ полигондарының құрылысы мен қызметіне тыйым салды. Қазақстан қоғамының

республикадағы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қайта жаңарулары туралы негізгі идеяларды қамтыған Декларациядан Республиканың жаңа Конституциясын жасау басталды.

96.1991жылғы тамыз төңкерісі. КСРО-ның ыдырауы. Тәуелсіз мемлекеттер достастығының құрылуы

Тамыз бүлігі - 1991 жылы 18-21 тамыз аралығында Кеңес Одағындағы ескі мемлекеттік билік пен қоғамдық қатынастарды сақтап қалу мақсатында Мәскеуде ұйымдастырылған төңкеріс.

КСРО-ның басшылары 18 тамыз күні Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетті атты ұйым құрып, елдегі барлық билік осы ұйымның қолына өтетіндігін мәлімдеді. Осы кезде Қырымда болған КСРО Президенті М.С.Горбачевтың сыртқы әлеммен байланысын үзіп тастаған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет мүшелері оны өз қызметін атқаруға денсаулығы жарамайды деп хабарлады. Бұл төңкеріс 20 тамызда қол қойылуға тиіс «Егеменді мемлекеттер одағы туралы шартқа» қарсы бағытталды. Ол шарт Кеңестер Одағына кіретін республикаларға бұрынғыдан әлдеқайда көп дербестік беретін.

Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің №1-қаулысына сай саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық қозғалыстардың қызметі тоқталатын болды және митингілер мен демонстрациялар өткізуге, көше шерулеріне, ереуілдерге шығуға тыйым салынды. Тамыз бүлігіне қарсы күресті Ресей Президенті Б.Н.Ельцин басқарды.

Төңкерісшілерді жоғары шендегі әскерилер мен партиялық номенклатураның шағын бөлігі ғана қолдады. Бұл өз кезегінде Тамыз бүлігінің көп ұзамай басылуына алып келді. 21 тамыз күні Ресей үкіметі жіберген ұшақпен Горбачев Мәскеуге жетті. Ол елдегі басшылықты қайтадан қолына алды. Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет мүшелері тұтқынға алынып, үстерінен қылмыстық іс қозғалды. Бұл оқиғалар КСРО-ның ыдырауын тездетті.

1990 -1991 жылдары КСРО-ның алдында тұрған негізгі проблемалардың бірі жаңа Одақ шартына қол қою мәселесі тұрды. Дайындық жұмыстарының нәтижесінде **1991 жылы** бірнеше жоба жарияланды. **1991 жылы наурызда** М.Горбачевтің бастамасымен КСРО болуы керек пе және ол қандай болу керек деген мәселеге байланысты бүкілодақтық референдум өтті. КСРО халқының көп бөлігі КСРО-ны сақтап қалуға дауыс берді.

Бірақ, **1990 жылғы сайлаулар** нәтижесінде құрылған одақтас республикалардағы жаңа билік органдары жаңа шешімдер шығаруда дербестік танытты. **1990 жылдың аяғында** КСРО-ның барлық республикалары өздерінің егемендігі туралы, республикалық заңдардың одақтық заңдардан жоғары туралы Декларация қабылдады. Сарапшылар бұл жағдайды «егемендік шеруі» мен «заңдар соғысы» деп атады. Саяси билік біртіндеп орталықтан республикаларға көшті.

1991 жылдың көктемі мен жазында, КСРО Президенті М. Горбачевтың қатысуымен Мәскеу маңындағы Ново-Огарёво резиденциясында республика басшыларының кездесулері өтті. Ұзақ және қиын келіссөздердің нәтижесінде «9 + 1», яғни келісімге қол жеткізілді 9 республика мен орталық

одақтық шартқа қол қойылады деп шешті. Келісімшартқа қол қою **1991 жылдың 20 тамызына** жоспарланды.

1991 жылғы қарашада жеті республика (Ресей, Беларусь, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан) Ново-Огарёвода жаңа мемлекетаралық ұйым - Егемен мемлекеттер одағын құруға ниет білдірді. Жеті мемлекет басшылары **1991 жылдың аяғына** дейін одақ туралы жаңа шартқа қол қою туралы шешім қабылдады.

1991 жылы 25 қарашада оған қол қою жоспарланған болатын. Бірақ бұл болмады. Тек М.Горбачев қол қойып, жоба өзі жеті республиканың парламентіне бекітуге жіберілді. Шын мәнінде, барлығы 1991 жылы 1 желтоқсанға белгіленген Украинаның тәуелсіздігі туралы референдумның нәтижесін күтті. **1991 жылғы желтоқсанда** Украина халқы Украинаның толық тәуелсіздігін жақтап, М. Горбачевтің КСРО-ны сақтап қалуға ниеті орындалмады.

Орталықтың әлсіздігі **1991 жылы 8 желтоқсанда** Брестке жақын орналасқан Беловежя Пушасында Беларусь, Ресей және Украинаның басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы келісімге қол қойды. Онда **«1922 жылғы одақтық шартқа қол қойған КСРО құрылтайшылары КСРО халықаралық құқықтың субъектісі ретіндегі жұмысын тоқтатады»** шешілді. Бұл келісім **1922 жылғы** КСРО құру туралы шарттың күшін жойды және оның орнына ТМД құрылды.

97. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы және ҚР мемлекеттік құрылысы. 1991 жылдың «Тамыз бүлігі» оқиғасы :

18-21 тамызында елде төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің (ТЖМК) құрылғаны жарияланды.

19 тамызға қараған түні КСРО Президенті М.С. Горбачевтің демалыста жүрген жерінде биліктен кетті. Таңғы сағат 4-тен бастап М.С. Горбачевтің денсаулығына байланысты Президенттік билікті атара алмайтыны мәлім болып, осыған байланысты төтенше жағдайдың 6 айға енгізілетіні мәлімденді.

«ПРАВДА» газетінде жарық көрген кеңестік басшылықтың мәлемдемесінде Президенттің міндеттер Вице-президент Геннадий Иванович Янаевқа өтетіні, ал елді басқару құрамында жоғары шенді партиалық кеңестік шенеуніктер бар ТЖМК-ға жүктелетіні хабарланды.

ТЖМК

көшбасшыларының басты мақсаты – КСРО-ның құлауын болдырмау болды. Олардың ойынша ол КСРО-ны Егеменді Мемлекеттер Одағына айналдыратын жаңа одақтық шартқа қол қоюдың алғашқы кезеңі басталуы керек.

Президенттің міндетін атқарушы Геннадий Иванович Янаев «ЭХО МОСКВЫ» радиостанциясына берген сұхбатында «20-сы күні біз одақтық келісімге қол қоюға мүмкіндік бермедік, біз одақтық келісімге қол қоюды бұздық» -, деді. Мәскеуге әскерлер мен бронихнақалар енгізілді. ТЖМК бұрынғы тәртіпті сақтағысы келді. Елге Станилизм көлеңкесі , әскери диктатура және еркендікті шектеу қауіпі төнді.

ТЖМК-ға қарсылық тобын Ресей Президенті Борис Ельцин басқарды. Олардың Ақ үйге шақыруына көптеген мәскеуліктер, олардың арасында әртүрлі әлеуметтік топтар, демократиялық қоғам, студент жастар, зиялылар және Ауған соғысына қатысушылардан бастап

қылмыстық құрылым мен ұсақ буржуазия қатысушыларына дейін қатысты. Елде қауіпті жағдай орнады. ТЖМК-ның әскери күш қолдануына батылы бармай, әскерді казармаға қайтарды. Осылайша, Мемлекеттік төңкеріс жасау іске аспады.

«Тамыз бүлігі» -нен кейінгі өзгерістер:

КСРО-ның ыдырау үрдісі тез қарқынмен жүзеге асты.

1991 ж. 9 желтоқсанында Минскіде Беларуссия, РКФСР, Украина Республикаларының басшылары өзара келісіп, **1922 жылғы** КСРО-ны құру туралы шарты күшін жойып, «Беловеж» келісіміне қол қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Одағының ТМО құрыланын мәлімдеді.

1991 жылғы 16 желтоқсан – республика жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заң қабылданды. Құжаттың 1- бабында Қазақстан Республикасы-тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп сипатталды.

Бүкілхалықтық президент сайлауы. **1991 ж 1 желтоқсанда** өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы республика азаматтарының 98,78 % дауысына ие болып, жеңіске жетті. ҚР мемлекеттік құрылысы тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында қалыптасты.

1993 жылы қабылданған Конституция бойынша:

мемлекеттік өкімет билік заңдық, атқару және сот билігі болып бөлінеді. Атқарушы өкімет билігінің біртұтас жүйесін басқаратын мемлекет басшысы ретінде президенттік билік орнады. Қазақстан Республикасы-демократиялық, зиялы және біртұтас (унитарлық) мемлекеттік сипатын алды. Егеменді

мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытында дамуы басты стратегиялық мақсатқа айналды.

Президенттік билікке көшу- объективтік заңдылық. Саяси жүйенің бұл түрдегі ерекшелігі-президент қоғамнан, партиялардан, парламенттен және барлық билік институттарынан жоғары тұрып, олардың жұмысын үйлестіріп, бағыттап отырады. Сонымен қатар әлемдік қауымдастықтың дамуының объективті заңдылықтары, бір партиялық жүйені жою, нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасуы, билікті тармақтарға бөлу, Қазақстанда президенттік институтын орнатуды және нығайту талап етті.

Мемлекет құрылысы:

Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, оның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, сонымен қатар, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушылық билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне жетекшілік жасайды. Заң шығару қызметін тұрақты негізде жұмыс жасайтын екі палатадан – Сенаттан және Мәжілістен тұратын Қазақстан Республикасының Парламенті жүзеге асырады. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.

Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады. Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттілік мерзімі – бес жыл.

98. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Бүкілхалықтық сайлауда 98,78% дауыспен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының президенті болып сайланды. 1991 жылдың 10 желтоқсанда Қазақ КСР атауы Қазақстан Республикасы деп өзгертіліп, жаңа сайланған президент Республика сарайында салтанатты түрде ант қабылдады.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы **1991 жылдың 16 желтоқсанда қабылданды. Тәуелсіз Қазақстан демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып құрылды.** Бұл Қазақстан халқының тағдырын анықтаушы құжат болды. Заңның қабылданғанынан бастап елдің тәуелсіз даму жолы басталды.

Оның мазмұнында: ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы, жеке тұлғалардың құқығы мен бостандығына басымдық беру, саяси тұрақтылық, билікті бөлісу, ұлтаралық келісім т.б. іргелі демократиялық қағидалар көрініс тапты. Шынайы егемендікті жариялау елді сыртқы әлемнің мойындауына мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет» деп аталатын оның бірінші тарауында былай жазылған:

«1-бап. Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді.

2-бап. Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады.

3-бап. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық.

4-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады.

5-бап. Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады».

Жанартулар мен өзгерістер:

1) Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады.

2) 1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет

азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.

Конституция құрылымы:

- I бөлім. Жалпы ережелер
- II бөлім. Адам және азамат
- III бөлім. Президент
- IV бөлім. Парламент
- V бөлім. Үкімет
- VI бөлім.

Конституциялық кеңес

- VII бөлім. Соттар және сот төрелігі
- VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
- IX бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелері

3) Соңғы өзгерту 1998 жылы болды.

99. ҚР мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұранының бекітілуі.

Тәуелсіз Қазақстанның рәміздерін әзірлеу туралы байқау 1992 жылдың басында жарияланды. Оның қатысушыларының алдында күрделі міндет тұрды. Өйткені олар жас егемен мемлекеттің саяси мәні мен мақсаттарын айқын жүзеге асыратын көркем формаларды табу қажет болды. Нәтижесінде байқауға 1200 ту эскизі, әнұранның 750 нұсқасы, 300 ден астам болашақ елтаңбаның эскизі ұсынылды.

«Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік

рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Ал 2 күннен кейін Абай атындағы Опера және балет театрында Республиканың мемлекеттік рәміздерін ұсынуға арналған салтанатты рәсім өтті.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні

Әнұранды жазу оңайға түскен жоқ. Оның алғашқы нұсқасы 1992 жылдың 11 желтоқсанында бекітілді бірақ оның мәтіні тек 14 жыл қолданылды. 2006 жылы Қазақстан Парламенті мемлекеттік рәміздер туралы жарлыққа түзетулер енгізді және елдің жаңа әнұраны ретінде 1956 жылы Жүмекен Нәжімеденов өлеңіне Шәмші Қалдаяқов әуеніне жазылған Менің Қазақстаным әні болды. Алайда, оның мазмұны мемлекеттік әнұранның жоғары мәртебесіне жете алмады. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев оның мәтініне өзгерістер енгізді. Әннің авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

100. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылуы.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап аумақтық тұтастықты қорғау қажеттілігі туындады. Н.Назарбаев осы басты міндетті негізге ала 1992 жылы 7 мамырда «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына сай дербес әскеріміз құрылды.

Қазақстанның Қарулы Күштері — Қазақстан Республикасының әскери құрылымы әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтиды.

Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі және басқа да әскерлері, республикалық «Ұлан», азаматтық және

аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Міндетті - «Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 5-тарау, 18-тармағы бойынша: Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қару-жарақпен қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге және қорғауға, әуе кеңістігін күзетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналады. «Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 4-бабы бойынша: Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар Әскери доктринаға және Қарулы Күштерді қолдану жоспарына сәйкес қорғаныс саласындағы **міндеттерді орындайды.**

Құрлық күштерінің өңірлік қолбасшылықтары 2003 жылы құрылған. Олар:

- «Астана» өңірлік қолбасшылығы Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік шекарасында орналасады. Қолбасшылық штабы Қарағанды қаласында орналасқан.

- «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының әкімшілік шекараларында орналасқан. Қолбасшылық штабы Семей қаласында орналасқан.

- «Батыс» өңірлік қолбасшылығы Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімшілік шекараларында орналасқан. Қолбасшылық штабы Атырау қаласында орналасқан.

- «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы Алматы, Жамбыл, Түркістан және

Қызылорда облыстарының әкімшілік шекараларында орналасқан. Қолбасшылық штабы Тараз қаласында орналасқан.

ҚР жалпы қарулы күштері Құрлық қорғаныс күштері және Әуе қораныс күштері деп 2-ге бөлінеді.

101. Ұлттық валютаны енгізу және оның маңызы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеу

Сонау тарихқа үңілсек, теңге еліміздегі алғашқы ақша емес. Ежелгі Қазақстан аумағында ақша бұдан көптеген ғасырлар бойы пайдаланылған. Сырдарияда, Отырарда түркі билеушілері, ал Жетісуда түргештер 6-8 ғасырларда өз ақшаларын шығарған. Отырар мен Испиджапта монет сарайлары жұмыс істеген. 14 ғасырдың соңынан бастап Қазақстанда Әмір-Темірдің монеталары айналымға енді.

Қазақстан рубль аймағынан 1993 жылы толықтай шығып, осы жылдың 12 ші қарашасында тұңғыш президент жарлығымен Ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданды.

1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге айналысқа енгізіліп әрі қаржыгерлер күні ретінде бекітілді.

2006 жылы 15 қарашада жаңа үлгідегі банкноттар айналысқа енгізілді.

1991 жылы Тәуелсіздігімізді алғаннан соң, Ұлттық валютаның атауы туралы бірнеше нұсқалар ұсынылды олар: сом, ақша, теңге

Қорытындысында комиссия Ежелгі қыпшақ даласында сауда айналымында болған теңге деген атауға тоқтайды. Теңгенің айналымға енгізілуі тарихи жылнамamızда ең маңызды оқиғалардың бірі болды.

Жалпы төл теңгемізді дайындау 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызы күні ұлттық

банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және оның ұлдары» фабрикасында басылды.

Осы кезде құпия кеңес құрылады, олар ұлттық валютада қазақ мемлекетін қалыптастырған тарихи тұлғалар бейнеленуі тиіс деген шешім қабылдайды. Ең алғашқы теңгемізде беделді тарихи тұлғалардың портреттері мен Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі пайдаланылды. Әл Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Әбілхайыр хан мен Абылай хандардың бейнесі сомдалды. Кейіннен тарихи тұлғалардың бейнелері алынып тасталғанымен валюта құны түскен жоқ. 1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалған 2, 5, 10, 20, 50 номиналды монеталар шықты.

Ұлттық Банк бастапқыда 1 теңгені сол кездегі мың рубльге бағалаған болатын. Дегенмен, еліміздің саяси, әлеуметтік мәселелері және мемлекетаралық қатынастар ескеріліп 1 теңге 500 сомға бекітілді. Теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілді.

Бүгінде мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы, Каспий теңізіндегі шекараны есептемегенде, 13500 километрге созылып жатыр. 1993 жылдың 13 қаңтарындағы «ҚР-ның мемлекеттік шегарасы туралы» заңда мемлекеттік шегара тек қана ҚР халықаралық келісімшарттармен анықталатыны жарияланды. Осы заң аясында бізбен шекаралас 5 мемлекет:

Солтүстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түркіменстан, Өзбекстан және Қырғызстан республикаларымен, шығысында Қытаймен шектеседі. Ең ұзыш шекарамыз Ресей, қысқасы Түркменстан

Мемлекеттік шекара 2 басты қызметті атқарады: елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, елдер арасындағы достық көршілес қарым-қатынасты орнатады. ҚР шекарасына байланысты қабылданған шарттар: 1991 21 желтоқсандағы Алматы декларациясы, ТМД шеңберінде ынтымақтастық қағидаттарын сақтау туралы декларация 1992 14 ақпан, екі жақты құжаттар т.б

102.Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауының мәні мен маңызы.

2022 жылдың 16 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты Қазақстан халқына кезекті жолдауын жариялады. Бірқатар маңызды міндеттер қойды, бірқатар бастамалар көтерді. Талқылау барысында айтылған негізгі ой – жоспарлардың жүйелі әрі іргелі болуы жарқын болашаққа үміт және іске асыруға сенім ұялатады.

Көпшілік нәтижесіз іс-шаралардан әбден шаршады. Орындалмайтын уәделер үмітсіздікке әкеліп соқты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында осы мәселеге айрықша тоқталды.

Осы жолдаудан кейін Ата заңдағы

-8 тарауға

-33 бапқа өзгеріс енгізілді

-7 конституциялық заңға

-15 кодекске

-29 заң өзгертілді

Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр

қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды.Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді.

Стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынды:

- БІРІНШІ. Президенттің өкілеттігі туралы

-ЕКІНШІ. Өкілді билік тармағын қайта құру- біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек.

- ҮШІНШІ. Сайлау жүйесін жетілдіру

-БЕСІНШІ. Сайлау үдерісін жаңғырту

-АЛТЫНШЫ. Құқық қорғау институттарын күшейту

-ЖЕТІНШІ. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту

-СЕГІЗІНШІ. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Жолдаудың 7 көздеген нысаны:

1. Пандемиядан кейінгі экономикалық даму
2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру.
3. Сапалы білім беру
4. Өңірлік саясатты жетілдіру

5. Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру
6. Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау
7. Ұлттың ұйысуы - одан әрі дамудың басты факторы.

103.Білім және ғылым жүйелеріндегі реформалар. «Болашақ» бағдарламасы.

Орта мектепті бітіріп, білікті маман болғысы келген кез келген өреннің арманы шетелдің беделді жоғары оқу орындарына түсіп сапалы білім алу екендігі айдай анық. Ал 1 жылдық оқу құнының өзі бірнеше ондаған мың доллар болатын Оксфорд, Кембридж, ММУ сынды университеттерде баласын оқытуға ата-ананың қалтасы көтермейтіндігі айтпаса да түсінікті жайт. Бірақ, Тәуелсіздіктің елең-алаңынан-ақ мұндай шетелдік беделді оқу орындарында жастарымыздың білім алуына жол ашылды. Оған ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құрған «Болашақ» бағдарламасы мүмкіндік берген еді.

1991 жылдан бастап білім беру саласындағы мемлекеттік саясат білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсарту мақсатын қойды. «Болашақ» халықаралық стипендиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылып, 1993 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Иә, «Болашақ» халықаралық стипендиясы ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар мен мамандар даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың **1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен құрылған.**

Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер

тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. 1994 жылдан бастап 2004 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды.

Бүгінде «Болашақ» стипендиясымен оқып келген түлектер білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым және техника салаларында жүздеген ғылыми әзірмелер мен ірі жобаларды жүзеге асырып, зор жетістіктерге жетіп отыр», - делінген еді Тұңғыш Президенттің құттықтау хатында.

Жалпы, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алған жастар бүгінде Үкіметте, министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарда, квазимемлекеттік секторда жемісті еңбек етуде. Болашақ түлектерінің төрттен бірі ірі компаниялар мен мемлекеттік ұйымдардың топ-менеджері болып еңбек етуде.

104.«Мәдени мұра», «Тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары: мақсаты мен негізгі кезеңдері.

Мәдениет деген не - мәдениет бұл құндылық, ғасырлар бойы адам санасымен ойымен жасалған рухани құндылық.

Ұлттық тарихты ұғыну бойынша стратегиялық мақсаттарды Мемлекет басшысы өзінің «Тарих толқынында» кітабында 1999 жылы қамтыған. 2003 жылы Президент Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени мұра» атты теңдессіз бағдарламаға бастамашы болды. Бағдарламаны іске асыру кезінде елімізде тарих саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Тарихи естеліктер мен әділдікті қалпына келтіруге бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізіліп, мақалалар мен монографиялар және кітаптар дайындалды.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы

Президенті Н.Назарбаев бастауымен құрылған. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік қозғалысын анықтаған рухани және білім беру істерінің даму саласындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып кетті. Мұншалықты үлкен жобаны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде алғаш бастаған Қазақстан.

«Мәдени мұраның» мақсаты – тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар айтарлықтай тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау, қалпына келтіру және қайта жасау; мәдени мұраның, оның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін жасау; әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері базасында гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Мемлекеттің ұлттық тарихты жаңғырту мен зерделеу мақсатында қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ауқымы орасан зор жұмыстар тындырды. «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты жазба деректерді жинау және жариялау болып табылады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы екі кезеңді, бірінші кезеңі **2004-2006** жылдарды қамтыса, екінші кезеңі **2009-2011** жылдарды қамтиды.

Елбасы **«Халық тарих толқынында»** атауымен тарихи зерттеулердің арнайы бағдарламасын әзірлеу мақсат-міндетін жүктеді. **Оның басты мақсаты** - ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Тарихи өткенге сүйенбей - болашақ мүмкін емес. Қазіргі кезде әлемде мән-мағына мен

құндылықтардың күресі жүріп жатыр.